

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 070(4-15) “18”
құқығында

Қолжазба

ТІЛЕПБЕРГЕН АҚМӨЛДІР МАҚСАТҚЫЗЫ

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропа публицистерінің
шығармашылығындағы қазақ тақырыбы

6D050400-Журналистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
Филология ғылымдарының кандидаты
Альжанова А.Б

Шетелдік ғылыми кеңесші
Профессор Эдмонсон Э.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 БАТЫС ЕУРОПА ПУБЛИЦИСТЕРІ НАЗАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ: ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАР	15
1.1 Батыс Еуропа елдерінде Қазақстан туралы алғашқы мәліметтердің таралуы: геосаяси және саяхаттық жазбалар	15
1.2 XIX ғасырдағы саяси және мәдени қатынастар: қазақ халқы туралы қызығушылықтың себебі	39
1.3 Еуропалық саяхатшылардың қазақ әйелдері туралы жазбалары және гендерлік бейне	57
1-бөлім бойынша тұжырым	60
2 ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ МЕН ТҰРМЫСЫНЫҢ БАТЫС ЕУРОПА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ	63
2.1 Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі туралы еуропалық көзқарастар	63
2.2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі жөніндегі еуропалық сипаттамалар	73
2.3. Қазақ халқының кемел перзенттері туралы еуропалық жазбалар: рухани және мәдени тұлғалардың көрінісі	89
2-бөлім бойынша тұжырым	98
3 XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЕУРОПА БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ДАМУ, ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ	100
3.1 Қазақстанның даму мәселелері туралы Батыс Еуропа баспасөзіндегі жарияланымдар	100
3.2 XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды танудағы еуропалық БАҚ- тың қызметі	113
3.3 XIX ғасыр публицистикасы және қазіргі зерттеу тәжірибесі: ғылыми жалғастық негізінде	120
3-бөлім бойынша тұжырым	128
ҚОРЫТЫНДЫ	131
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	135
ҚОСЫМША «А»	144
ҚОСЫМША «Б»	145
ҚОСЫМША «В»	146
ҚОСЫМША «Г»	147
ҚОСЫМША «Д»	148
ҚОСЫМША «Е»	149
ҚОСЫМША «Ж»	150

АНЫҚТАМАЛАР

Готикалық жазба – ортағасырлық Еуропа мәдениетіне тән көркемдік стильдегі әдеби немесе архитектуралық үлгілер, көбіне қараңғылық, мистикалық тақырыптармен сипатталады. Готикалық әдебиетте қорқыныш, тылсым, өлім сияқты мотивтер жиі кездеседі.

Градиация – біртіндеп жоғарылау немесе төмендеу ретімен орналасқан көркемдік тәсіл. Әдебиетте эмоциялық әсерді күшейту үшін қолданылады (мыс: “жаным – арым – халқым”).

Ғазал – шығыс поэзиясындағы лирикалық жанр, көбіне махаббат, сұлулық, руханият тақырыбында жазылады. Белгілі парсы және түркі ақындары осы жанрда мол мұра қалдырған.

Ғаруз – шығыс поэзиясының өлең өлшемі, ырғақ пен буын заңдылықтарына негізделген классикалық өлең құрылымы. Әсіресе парсы және араб поэзиясында кең қолданылған.

Интеграция – әртүрлі әлеуметтік, саяси, мәдени не экономикалық жүйелердің бір-бірімен бірігуі немесе үйлесімді байланыс орнатуы. Мысалы, этностардың бір қоғамға сіңісуі.

Мәдени-экзистенциалдық сұраныс – адамның рухани болмысы мен өмірлік мәнге, мәдени тамырларға деген терең ішкі қажеттілігі. Бұл ұғым тұлғаның өз болмысын мәдениетпен сәйкестендіруін білдіреді.

Нарратив – оқиға немесе әңгімелеу құрылымы. Бұл ұғым әдебиетте, тарихта немесе медиада оқиғаны баяндау тәсілін, авторлық көзқарасты білдіреді.

Ориенталистік дискурс – Батыс елдерінің Шығыс елдерін өз көзқарасы, танымы арқылы бейнелеп, көбіне экзотикалық, артта қалған, өзгеше мәдениет ретінде сипаттауы. Бұл ұғым Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінен бастау алады.

Репрезентация – қандай да бір әлеуметтік, мәдени немесе саяси шындықты бейнелеу, көрсету тәсілі. Бұл ұғым бұқаралық ақпарат құралдарында, әдебиетте, өнерде белгілі бір топтың немесе құбылыстың қалай сипатталатынын білдіреді.

Ретроспективті талдау – өткен оқиғаларға, тарихи процестерге немесе фактілерге кейінгі кезеңнен қарап баға беру, сараптау тәсілі. Бұл әдіс тарих ғылымында, әдебиетте және әлеуметтік зерттеулерде жиі қолданылады.

Рулық легитимдік – билікке немесе әлеуметтік мәртебеге ру-тайпа негізінде заңды (дәстүрлі) құқықтылықтың берілуі. Қазақ қоғамында бұл ұғым билік иесінің ата-тегіне қатысты маңызға ие болған.

Синкреттік ислам – ислам дінінің дәстүрлі наным-сенімдермен, жергілікті әдет-ғұрыптармен араласқан, бірегей түрі. Қазақ даласындағы исламның кейбір ерекшеліктері осы түсінікке жатады.

Стереотип – белгілі бір топ немесе құбылыс туралы қоғамда қалыптасқан тұрақты, бірақ жиі біржақты немесе үстірт көзқарас. Стереотиптер көбіне шындықты бұрмалайды.

Еуроцентризм – әлемге, тарихқа немесе мәдениетке тек еуропалық (әсіресе батыс) көзқарас тұрғысынан қарау. Бұл ұғым еуроцентризммен үндес, бірақ кейде тар мағынада француз немесе батысеуропалық үстем көзқарасты білдіреді.

Технократиялық даму – ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйене отырып, қоғамды басқару мен дамыту. Мұнда басты рөлді инженерлер, ғалымдар, сарапшылар атқарады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АСБК – Алматы зоологиясы мен табиғатты қорғау қазақстандық қоғамы (Алма-Атинский Секция Всесоюзного общества охраны природы – Казахстанское отделение, яғни, Кеңестік кезеңдегі табиғатты қорғау ұйымының бөлімшесі)

ҚР – Қазақстан Республикасы

Қазақ АКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы

Қырғыз КСР – Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасы

Өзбек КСР – Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасы

СССР – Социалистік Кеңес Одағы Республикалары (ресми түрде – Кеңестер Одағы)

Түркімен КСР – Түркімен Кеңестік Социалистік Республикасы

Тәжік КСР – Тәжік Кеңестік Социалистік Республикасы

WWF – World Wide Fund for Nature (Табиғатты қорғаудың дүниежүзілік қоры)

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропа публицистерінің шығармашылығындағы қазақ тақырыбын зерттеуге арналған. Жұмыста зерттелетін кезеңнің публицистикасының ерекшеліктеріне талдау жасалады, шетел баспасөзіндегі Қазақстан туралы баяндамалардың мазмұны зерттеледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Соңғы екі онжылдықта Орталық Азия, оның едәуір бөлігін Қазақстан Республикасы алып жатқан аймақ ретінде, геосаяси тұрғыдан ерекше маңызға ие бола бастады. Бір жағынан, АҚШ, Ресей, Қытай және Еуропалық одақ сынды алпауыт державалар мен халықаралық ұйымдар осы өңірдегі ықпалын кеңейтуге ұмтылуда. Екінші жағынан, Қазақстанның өзі де жаһандану үдерісі мен әлемдік саяси жүйенің трансформациясы жағдайында халықаралық қатынастар кеңістігіндегі өз орнын айқындауға талпынып келеді. Бұл жолдағы маңызды бағыттардың бірі – ұлттық тарихты қайта пайымдау және жаңа тарихи нарративті қалыптастыру болып табылады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда бұрын қолжетімсіз немесе зерттелмеген тарихи дереккөздер, соның ішінде Батыс Еуропа авторларының еңбектерін жариялау және ғылыми айналымға енгізу үдерісі жанданды. Әсіресе ХІХ ғасырдағы дәстүрлі қазақ көшпелі қоғамының эволюциясы мен оған Ресей империясы жүргізген саяси ықпал мәселелері өзекті зерттеу нысанына айналды. Осы тұрғыда қазақ қоғамындағы ішкі әлеуметтік процестерді, соның ішінде кеңестік тарихнамада идеологиялық себептерге байланысты назардан тыс қалған руаралық қақтығыстарды кешенді түрде талдаудың маңыздылығы арта түсуде. Бұл аспектілерді зерделеу көшпелі қоғамның құрылымын және оның ішкі динамикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі, сонымен қатар, жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық диалогтың тереңдеуі және посткеңестік кеңістікте Шығыс пен Батыс арасындағы өзара коммуникация ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігімен де айқындала түседі.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы – Батыс Еуропа елдерінің Орталық Азияға, соның ішінде Қазақ даласына деген қызығушылығы артып, геосаяси ғана емес, мәдени-этнографиялық тұрғыда да зерттеу нысанына айналған кезең. Бұл дәуірде Еуропа елдерінің публицистері мен зерттеушілері қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, отарлық езгіге қарсылығы, рухани дүниетанымы туралы жазбалар қалдырып, батыстық оқырманды кең даладағы көшпелі өркениетпен таныстыруға тырысты. Осы жазбаларда қазақ халқы көбінесе еркіндік сүйгіш, табиғатпен үйлесімді өмір сүретін, рухани дүниесі бай, сыртқы үстемдікке қарсы тұрарлық күшке ие этнос ретінде суреттеледі.

Қазақ тақырыбының Батыс Еуропа публицистикасында көрініс табуы кездейсоқ құбылыс емес. Бұл – сол кезеңдегі империялар арасындағы бәсекелестік, Шығыс әлеміне деген қызығушылықтың артуы және Орталық Азияны тануға ұмтылған ғылыми әрі саяси экспансияның нәтижесі. Қазақ халқы

туралы мәліметтердің Батыс Еуропаға таралуы тек саяхатшылар мен миссионерлердің жазбаларымен шектелмей, публицистикалық жанрда да кең көрініс тапты. Француз, неміс, ағылшын және поляк авторлары өз еңбектерінде қазақ халқының тарихи болмысын, әлеуметтік құрылымын, отарлық билікке деген көзқарасын және ұлттық кейіпкерлерін сипаттау арқылы бұл этностың рухани бейнесін қалыптастыруға ықпал етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында жазылған Батыс Еуропа публицистикасындағы қазақ тақырыбының репрезентациясын тарихи-филологиялық тұрғыда талдап, оның заманауи ғылыми дискурспен қалай үндесетінін көрсету. Сонымен қатар, зерттеу барысында автордың осы тақырыпқа арналған бірнеше ғылыми мақаласы, соның ішінде Scopus базасында жарық көрген «The Idea of ‘United Turkestan’ in the Turkic Speaking States Media: Influence on the Western Media» атты еңбегі негізге алынып, қазақ тақырыбының халықаралық ақпараттық кеңістіктегі жалғастығы мен бүгінгі идеологиялық рөлі сараланады.

Ғылыми даму дәрежесі. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропа публицистикасындағы қазақ тақырыбын зерттеу мерзімді басылымдардағы мақалаларға, саяхатшылардың есептері мен күнделіктеріне, ғылыми еңбектерге, сондай-ақ көркем шығармаларға негізделеді. Ерекше назар Ресей империясының отарлық саясаты аясында қазақ халқы мен оның мәдениетін қабылдау ерекшеліктерін сипаттайтын еңбектерге аударылуда.

XIX ғасырдағы Батыс Еуропа авторларының қазақ тақырыбы қозғалған публицистикалық және көркем шығармалар корпусын зерттеу – қазақтар туралы батысеуропалық танымдарды талдау тұрғысынан аса маңызды. Бұл еңбектерде көшпелі қоғамға деген көзқарас романтизм мен реализм ағымдарының көркемдік және идеялық дәстүрлері тұрғысынан қалыптасқан.

Романтикалық тәсілге тән «шығыстық» халықтардың патриархалды өмір салтын идеализациялау, олардың еркінсүйгіштігіне, табиғилығына тамсану. Алайда мұндай сипаттамалар Еуропа өркениетінің артықшылықтарын меңзейтін астарлы дискурспен қатар жүреді: қазақтар көбіне «артта қалған» Шығыс бейнесінде ұсынылып, оларға Еуропаның прогресі, рационалдылығы және тәртіптілігі қарама-қарсы қойылады. Мұндай сипат Жюль Верннің еңбектерінде көрініс тапқан [1].

Диссертациялық еңбектер ішінде зерттеуімізге жақын бағытта жазылған жұмыстардың бірқатарына тоқтала кеткен жөн. Бұл еңбектер, негізінен, қазақ қоғамының тарихи-әлеуметтік дамуындағы мәселелерді сипаттауға бағытталған. Сонымен қатар, басқа да диссертациялық зерттеулердің ішінен Данилин С.А., Заиченко., Сухих О.Е., Быков А.Ю., Дюсекенев Д.Н. еңбектерін атап өткен жөн, олар XIX ғасырдағы қазақ тақырыбын анықтауға басымдық берген [2-7].

Е.С. Сыздықованың «Ресей әскери адамдары және Қазақстан» атты монографиясы XIX ғасырда Қазақ даласында орын алған әлеуметтік, саяси және экономикалық үдерістердің Ресей империясы Бас штаб офицерлерінің еңбектерінде қалай көрініс тапқанын зерттеуге арналған [8]. Ғалым атап өткендей, қазақ жерлерінің Ресей құрамына енуін сипаттауда еріктілік пен

тарихи заңдылық идеясы басым болды. Әскери авторлардың мәтіндерінде анық байқалатын европоцентристік көзқарас байқалады: Ресейдің Шығысқа қарай жылжуы жиі түрде «иесіз», «бос жатқан», «жабайы» және «өркениеттен алыс» тайпалар мекендеген кеңістікті игеру ретінде суреттеледі.

Қазақтар арасындағы наразылық қозғалыстары көбіне туа біткен жауынгерлік қасиетпен және байлыққа деген құштарлықпен байланыстырылды. Алайда Сыздықова атап өткендей, бұл мәселеге тереңірек және объективті түрде қарауға тырысқан зерттеушілердің қатарында Н.И. Красовский секілді санаулы авторлар болды. Олар қазақтардың наразылықтарын отарлық әкімшіліктің нақты әрекеттеріне берілген жауап ретінде қарастырды: жерге деген құқықты шектеу, дәстүрлі сот және басқару жүйелеріне араласу, салық ауыртпалығының артуы және көшпелі өмір салтын бұзған тұрақты әскери жорықтар.

А.И. Добросмыслов, В.А. Тресвятский, Н.Л. Мордвинов, В.А. Владимирский, А.А. Кауфман, Т.И. Тихонов, Г. Чиркин, Г. Гинс, Ф.И. Щербина сынды зерттеушілердің еңбектерінде тарихи-әлеуметтік талдау көбіне статистикалық әдістер мен сауалнама, сұхбат нәтижелеріне сүйеніп жасалған [9-17]. Бұл авторлардың бірқатары ХХ ғасыр басында жарық көрген «Колонизация мәселелері» журналының тұрақты авторлары ретінде танылған.

Н.Э. Масановтың «Қазақтардың көшпелі өркениеті: номадтық қоғамның өмір сүру негіздері» атты жинақтаушы сипаттағы монографиясында қазақтардың дәстүрлі көшпелі шаруашылығының негізгі элементтері терең қарастырылған. Еңбектің басты ерекшелігі – табиғи ортаға бейімделу ұғымының ғылыми әдіс ретінде қолданылуы. Бұл әдіс этнографиялық және тарихи материалды жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік беріп, қазақ көшпелі мәдениетінің өзіндік белгілерін негіздеуге сеп болды. Г.Е. Марков атап өткендей, бұл еңбек қазіргі номадология ғылымындағы маңызды зерттеулердің біріне айналған [18].

ХІХ ғасырдағы қазақтардың рулық құрылымы мен ішкі әлеуметтік байланыстарын зерттеуде И.Ф. Бларамберг, И.М. Казанцев, Л.Л. Мейер, М.И. Венюков, А.И. Макшеев, А.П. Хорошихин, Л.Ф. Костенко, Н.И. Красовский, Н.А. Маев, В.В. Григорьев, А.И. Добросмыслов, Ф.И. Лобысевич, М.А. Терентьев сынды Ресей зерттеушілерінің еңбектері үлкен үлес қосқан [19-31]. Олардың көпшілігі әскери немесе азаматтық қызметте жүріп, қазақ даласымен тікелей байланыста болғандықтан, тек ресми құжаттармен шектелмей, жеке бақылауларына және жергілікті қазақтардың ауызша әңгімелеріне де сүйенген. Ресейлік зерттеушілермен қатар, сол кезеңдегі кейбір Батыс Еуропа ғалымдары да қазақтардың тарихы мен мәдениетіне қызығушылық танытып, олардың еңбектері зерттеу нысанына халықаралық көзқарас енгізуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, аталған зерттеулердің негізінде тақырыпты әрі қарай терең зерттеуге жол ашатын маңызды әдістемелік тұжырым айқындалып отыр: ХІХ ғасырдың ортасына дейінгі кезеңдерге қатысты дереккөздер санының шектеулілігі бұл уақыт аралығында сандық әдістерді тиімді қолдануға мүмкіндік бермейтінін көрсетеді.

Қазақстан Ресейге қосылған сәттен бастап Ұлттық журналистиканы қалыптастырудың ұзақ даму үдерісі басталды, бұл көбінесе Ресей журналистикасының ықпалына байланысты болды. Қазақстандық баспасөз кеңістігінің дамуына Қазақстан туралы орталық ресейлік, шетелдік және жергілікті баспасөзде жазған шетелдік публицистер елеулі үлес қосты. XIX ғасырдың соңындағы орыс баспасөзін зерттеуде белгілі қазақстандық тарихшылар С.К. Қозыбаев, Г.Ж. Ибраева, Б.О. Жақып, М.К. Барманқұлов, Ш.К. Сәтбаеваның еңбектері ерекше орын алады [32-36]. Журналистика теориясында зерттеу жүргізген ғалымдар Е.В. Ахмадулин, Б.И.Есин, В.Г.Березина, Ю.И.Герасимова, В.Ф.Захарина, Д. Кузьмин, М. Лемке, Е. С. Ухалов, А. Г. Беспалов, Е. П. Прохоров, Н.М.Маслованың зерттеулері ерекше көзге түседі [37-47].

Зерттеу нысаны – Батыс Еуропа публицистикасындағы қазақ тақырыбы.

Зерттеу пәні – XIX ғасырдың екінші жартысында жазылған публицистикалық және ғылыми еңбектерде қазақ халқының көркем-идеологиялық бейнесінің қалыптасу үрдісі.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – Батыс Еуропа публицистерінің шығармашылығындағы қазақ тақырыбының мазмұндық, идеялық және мәдени қырларын ашу, сондай-ақ бұл репрезентациялардың ұлттық сана мен қазіргі ақпараттық саясатқа әсерін ғылыми тұрғыда бағамдау.

Зерттеудің міндеттері:

- Батыс Еуропа елдерінде Қазақстан туралы алғашқы ақпараттардың таралу жолдарын сипаттау;
- XIX ғасырдағы саяси-мәдени ахуал мен қазақ халқы туралы қызығушылықтың себептерін анықтау;
- Еуропалық публицистер мен саяхатшылардың қазақ халқының мінез-құлқы, отарлық езгіге қарсылығы және тұрмыс-салттары жайлы жазбаларын талдау;
- Қазақ халқының тарихи тұлғалары мен рухани қайраткерлері туралы Батыс авторлары қалдырған мәліметтерді жүйелеу;
- Автордың ғылыми еңбектері арқылы қазақ тақырыбының ғылыми-публицистикалық жалғастығын көрсету.

Зерттеу жаңалығы. Қазақ тақырыбының Батыс Еуропа публицистикасындағы көркемдік және ақпараттық репрезентациясы қазіргі ғылыми дискурс тұрғысынан қайта пайымдалып, авторлық зерттеулермен сабақтастырыла отырып кешенді түрде талданды. Сонымен қатар, «Біртұтас Түркістан» идеясының тарихи және медиалық негіздері Батыс баспасөзіндегі қазақ бейнесі арқылы интерпретацияланды. Негізгі ғылыми нәтижелер және олардың жаңалығы келесідей:

- Тарихи-ретроспективті талдау нәтижесінде зерттелетін кезеңнің орыс және шетелдік баспасөз беттерінде қазақ тақырыбын дамытудың негізгі тенденциялары, мәселелері мен болашағы белгіленді;

- саяси жер аударылғандардың жарияланымдарын ұсыну әдістері анықталды. Олардың публицистикасының ерекшелігі сөйлеу тақырыбын таңдауда және оны дамытуда көрінеді;

- ғасырлар тоғысындағы орыс және шетелдік баспасөзде қазақ тақырыбының көрініс табуы туралы өз көзқарасы ұсынылды;
- қазақ шындығына арналған публицистиканың тақырыбы мен стиліне елеулі әсер еткен геосаяси, әлеуметтік-мәдени факторлар анықталды және жіктелді;
- әдеби-көркем сын жанрларының интеграцияланған градациясы ұсынылды;
- қазақ тақырыбына маманданған орыс тілді және шетелдік авторлардың ауқымы анықталды.

Зерттеудің гипотезасы. Зерттеу гипотезасы ретінде мынадай тұжырым ұсынылады: XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистері жазған қазақ тақырыбына қатысты мәтіндер көбінесе еуроцентристік және ориенталистік көзқарас шеңберінде жазылғанымен, олардың мазмұнында қазақ халқының еркіндікке ұмтылысы, көшпенділік философиясы, рухани мұрасы мен этнографиялық ерекшеліктеріне деген терең қызығушылық айқын көрінеді. Осыған орай, бұл мәтіндерді қазіргі тарихи-филологиялық әдістермен зерттеу – ұлттық бейненің қалыптасуы мен оның заманауи ақпараттық кеңістіктегі репрезентациясын түсінудің маңызды алғышарты болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі. Диссертацияның әдіснамалық және теориялық негізін шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері, зерттеуге ғылыми және объективті көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы әдістер жиынтығы құрайды. Зерттеу нысаны дамып келе жатқан және өзгертін процесс ретінде қарастырылады. Диссертация тарихи материалды ретроспективті және салыстырмалы зерттеудің жалпы ғылыми әдістерін дәйекті түрде қолданды. Зерттеу әдістемесі XIX ғасырдағы отандық және шетелдік зерттеушілердің тұжырымдамаларына және қазіргі заман, олар ғылыми платформаға ие, уақытпен тексерілген және объективтілік, тарихизм, нақтылық принциптеріне негізделген. Бұл зерттелетін мәселенің өзектілігін растау және белгілі бір ғылыми мәселені шешу үшін барынша толық фактілерді талап етеді.

Әдістемелік негіз және қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистикасында қазақ тақырыбына деген қызығушылық империялық геосаяси мүдде, этнографиялық таным және экзотикалық елес тұрғысынан қалыптасты. Бұл публицистикалық мәтіндерде қазақ халқы көбіне еркін көшпенді, табиғатпен етене, бірақ «өркениеттен тыс» бейне ретінде ұсынылды.

2. Қазақ халқының рухани-мәдени бейнесі (дәстүр, ауыз әдебиеті, поэзия, әдет-ғұрып) еуропалық авторлар үшін ерекше танымдық қызығушылық тудырып, олар бұл фольклорлық элементтерді ұлттық болмыс белгісі ретінде көрсетті (мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», Абай, Жамбыл шығармаларының аудармалары).

3. Батыстық авторлар еңбектерінде қазақтар жайлы пікірлердің бірізді еместігі байқалды. Ағылшын мен неміс зерттеушілері көбінесе ғылыми-этнографиялық бағытта жазса, француз және венгр авторлары көркем-публицистикалық әдіс арқылы сипаттауға бейім болды.

4. Шетелдік публицистердің еңбектерінде қазақ қоғамына қатысты отарлық көзқарас элементтері жиі байқалады. Алайда бұл дискурстарда империялық үстемдік пен қазақтардың еркін рухы арасында күрделі мәдени шиеленістер де көрініс тапты.

5. Қазақ тақырыбы Батыс публицистикасында тек объект емес, сонымен қатар «мәдениаралық диалог» кеңістігінің субъектісі ретінде танылады. Бұл – қазақ халқының тарихын, руханиятын және әдебиетін халықаралық деңгейде танытқан алғашқы дискурстардың бірі.

Зерттеудің дереккөздік базасы. XIX ғасырда жарық көрген француз, неміс, поляк, ағылшын публицистерінің жазбалары, саяхатнама жанрындағы шығармалар, этнографиялық сипаттамалар, сондай-ақ автордың жарияланған ғылыми еңбектері негіз етіп алынды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс және шетелдік публицистердің шығармашылығындағы қазақ тақырыбын ұсынудың ерекшелігі көптеген дереккөздер негізінде зерттелді, олардың ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- зерттелетін кезеңнің мерзімді басылымдары мен көркем-публицистикалық шығармалары;

- отандық және шетелдік журналистика тарихшыларының еңбектері, онда ғасырлар тоғысындағы орыс және шетелдік баспасөздегі ұлттық тақырыптар талданады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ тақырыбына қызығушылық білдірген Батыс Еуропа публицистері мен зерттеушілері арасында географтар, этнографтар, суретшілер мен саяхатшылар кеңінен танымал болды. Ағылшын публицистерінің қатарында Дэвид Уркварт [48] Түркістан өңірінің геосаяси маңызын ерекше атап өтсе, Джордж Кеннан [49] мен Томас Уитлам Аткинсон [50] қазақ даласындағы әлеуметтік өмір мен табиғатты суреттеп, мол мәлімет қалдырды. Сондай-ақ, Генри Ланселл [51] мен Чарльз Марвин еңбектерінде қазақтардың діні мен Ресей империясына қарсы қарым-қатынасы көрініс тапты.

Француз авторларынан Эварист Юк [52] пен Жозеф Артюр де Гобино [53] көшпелі халықтардың ерекшеліктерін сипаттап, қазақтар жайлы жалпы еуропалық көзқарастарды қалыптастырды. Суретші-гравюралық Шарль Жирарде болса, қазақ өмірінің бейнелік репрезентациясын жасады. Поляк публицистері арасынан Бронислав Залеский ерекше орын алады – ол өзінің айдаудағы жылдары қазақтардың күнделікті тұрмысын суреттеп, салт-дәстүріне жан-жақты сипаттама берген. Сонымен қатар, Адольф Янушкевич [54], Юзеф Ковалевский [55] және Вацлав Сорошевский [56] еңбектері де этнографиялық әрі лингвистикалық құндылығымен ерекшеленеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Еуропа елдерінде жарық көрген публицистикалық материалдар, саяхатнама сипатындағы еңбектер, этнографиялық очерктер мен тарихи сипаттағы жазбалар құрайды. Нақты айтқанда, зерттеу барысында төмендегі авторлар мен олардың еңбектері ғылыми талдауға тартылды:

Француз публицистері мен жазушылары: Жюль Верннің *Michel Strogoff* (1876) романы – қазақ даласының геосаяси және мәдени кеңістік ретіндегі

бейнесін көрсету тұрғысынан; Бронислав Залескийдің *La vie des steppes kirghizes* (1865) атты [57] графикалық альбомы мен жазбалары – қазақ тұрмысы мен музыкасының визуалды және этнографиялық репрезентациясы үшін; Элизе Реклюдің *La Nouvelle Géographie universelle* [58] еңбегі – қазақ даласының географиясы мен табиғи-этнографиялық суреттемесі бойынша.

Ағылшын және америкалық авторлар: Джордж Кеннанның *Siberia and the Exile System* (1891) [49] еңбегі – Ресей империясының саясаты аясындағы қазақтардың жағдайына қатысты бақылаулары үшін; Чарльз Марвин [59], Артур Конолли [60], Джеймс Эббот [61] және Томас Аткинсонның [50] күнделіктері мен мақалалары – Орталық Азиядағы геосаяси бәсекенің және қазақ халқының рөліне қатысты дерек үшін.

Неміс ғалымдары да қазақ жеріне үлкен қызығушылық танытты: Отто Финш, Альфред Брем және Георг Мозер секілді саяхатшылар өз жазбаларында қазақ халқының табиғатпен етене өмір сүретіндігі мен көшпелі өмір салтының философиясын сипаттады. Ал швейцариялық публицист әрі географ Элизе Реклю қазақ даласының кеңістігі мен әлеуметтік құрылымын картографиялық және мәдени тұрғыда зерделеді. Осылайша, Батыс Еуропа публицистерінің шығармаларында қазақтар туралы тақырып геосаяси, этнографиялық, тарихи және көркем аспектілерде қарастырылып, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының Еуропа мәдени кеңістігіндегі бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Батыс Еуропа публицистерінің шығармашылығындағы қазақ тақырыбына қатысты зерттеулер қазіргі қазақ ғылымында терең әрі жан-жақты жүргізіліп келеді. Бұл бағыттағы іргелі еңбектердің қатарында Кенжеахметұлы Сейіттің этнографиялық сипаттағы зерттеулері мен Ахмет Тоқтарбековтың Батыс саяхатшылары жазбаларына негізделген талдаулары ерекше назар аударады. Бұл авторлар қазақ көшпелі өмір салты, тұрмыс-салты мен дүниетанымын шетелдік көзқарас арқылы саралай отырып, төл этнотанымдық бейнені қалпына келтіруге ұмтылды. Марат Абсеметов Жюль Верн шығармаларындағы тарихи бейнелерді, оның ішінде Кенесары Қасымұлының образын талдай келе, қазақтың ұлт-азаттық күресінің Батыс Еуропа әдебиетінде қалай көрініс тапқанын зерттеді. Ал Жұмабаев Қайрат пен Сыздықова Рәбиға сынды филолог-әдебиеттанушылар қазақ фольклоры мен эпикалық мұраның Батыс авторлары тарапынан қабылдану және сипатталу формаларын саралады.

Бұл салада айрықша еңбегімен танылған зерттеушілердің бірі – Көшім Есмағанбетов. Ол өз еңбектерінде Батыс Еуропа зерттеушілерінің қазақтар туралы жазбаларына тарихнамалық және мәдениеттанулық тұрғыда терең талдау жасайды. Есмағанбетов қазақ халқын «дала варварлары» ретінде сипаттауға ұмтылған еуроцентристік көзқарастарды әшкерелеп, Батыс публицистерінің мәтіндеріндегі мәдени бұрмалауларды сын тұрғысынан зерттейді. Оның зерттеулері ұлттық тарихи сананың қалыптасуындағы еуропалық дискурсқа қарсы тұруға бағытталған тың көзқарастарымен ерекшеленеді.

Сондай-ақ, Өмірхан Әбдиманұлы [62] қазақ әдебиетіндегі ұлтшылдық идеялар мен рухани еркіндіктің еуропалық әдеби контекспен байланысын

қарастырып, Батыс публицистикасындағы қазақ бейнесінің көркемдік интерпретацияларын зерделейді. Оның еңбектерінде Абай дәуірі мен Батыс идеялары арасындағы рухани үндестік ерекше орын алады.

Бұдан өзге, Мекемтас Мырзахметұлы, Мәмбет Қойгелдиев, Жамбыл Қараев, Сәрсенбек Мамырұлы сынды тарихшылар мен зерттеушілер Альжанова Айгерим Болатханқызы, Мысаева Қарлыға Нақысбекқызы Батыс публицистикасын тарихи дерек көзі ретінде қарастыра отырып, қазақ қоғамының отарлық дәуірдегі әлеуметтік-саяси ахуалын, ұлт-азаттық күресінің рухани негіздерін талдайды [63-64].

Осылайша, отандық зерттеушілердің еңбектері Батыс Еуропа публицистері жазбаларындағы қазақ тақырыбын ұлттық таным мен тарихи әділдік тұрғысынан қайта саралап, бұл саладағы ғылыми ой-пікірлерді жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Диссертацияда жасалған қорытындылар қазақ публицистикасының даму тарихы мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерде пайдаланылуы мүмкін. Диссертация отандық журналистиканың даму тарихы туралы идеяны кеңейтуге мүмкіндік береді, өйткені ол шетелдік журналистикада қазақ тақырыбының пайда болуы мен дамуының бұрын зерттелмеген беттерін ашады. Сондықтан, ғылыми айналымға енгізілген нақты материал, автордың тұжырымдары, бағалары, ұсыныстары оларды зерттелетін мәселелер бойынша жалпылама еңбектер жасау кезінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы зерттеу деректерін әдістемелік құралдар, анықтамалықтар жасау тәжірибесінде қолдану мүмкіндігінен тұрады. Диссертацияның тарихи-әдеби материалы дәріс курстарын оқуда пайдаланылуы мүмкін, теориялық ережелер қазақ журналистикасының теориясы мен тарихы бойынша арнайы курстарға енгізілуі мүмкін.

Жұмыстың нәтижелерін апробациялау мен енгізу. Зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті, Баспасөз және Электронды БАҚ кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде қарастырылып 2025 жылдың 24 сәуірінде қорғауға жіберілді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін басылымдарда - 3, халықаралық конференцияларда - 3, Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда - 1. Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 7 мақала жарияланды:

1. Modern western literature about kazakh life before the revolution- ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. №2 (47) 2020 ж.

2. XX ғасырдың басындағы қазақ халқы туралы шетелдік жарияланымдар- ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. №2 (47) 2020 ж

3. Ресей және шетелдік басылымдардағы қазақ тақырыбы- ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. №1 (51) 2020 ж.

4. Журнал «Абай» - золотой ключ национальной духовности Массмедия России и зарубежных стран: глобальное и национальное, РОССИЯ, издательство: Россия. издательство: Россия. 2021 г.

5. Шет ел ғалымдарының Орта Азия туралы жазбалары. Цифрлық медиа және журналистика: білім берудің классикалық үрдістері мен жаңа талаптары, КАЗАХСТАН, издательство: Издательство КазНУ им. аль-Фараби "Казак университеті". 2020 ж

6. Алаш қайраткері Батырбек Әлжановтың редакторлық қызметі. Конференция "Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісіне қосқан үлесі", уровень Международный, Казахстан, КазНУ имени Аль-Фараби, 08.11.2020

7. «The Idea of ‘United Turkestan’ in the Turkic Speaking States Media: Influence on the Western Media» The journal of international communication. 10.06.2024

Диссертация құрылымы үш тараудан тұрады. Бірінші тарауда қазақ тақырыбының Батыс Еуропа публицистерінің шығармашылығында алғаш рет көрініс табуы, оның тарихи алғышарттары мен мәдени контексті қарастырылады. Екінші тарау – ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының қоғамдық-тарихи жағдайын сипаттайтын еуропалық деректерге арналған. Ал үшінші тарауда қазақ тақырыбының ғылыми-публицистикалық жалғастығы, авторлық мақалалар негізінде қазіргі зерттеу кеңістігінде талданады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Диссертацияның құрылымы қисынды және зерттеудің мақсаты мен міндетін ашуға бағынады. Диссертация көлемі 151 бетті құрайды.

1 БАТЫС ЕУРОПА ПУБЛИЦИСТЕРІ НАЗАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ: ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАР

1.1 Батыс Еуропа елдерінде Қазақстан туралы алғашқы мәліметтердің таралуы: геосаяси және саяхаттық жазбалар

Готикалық және латын тіліндегі жазбаларда кездесетін қазақ даласына қатысты мәліметтер ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл дереккөздер көбіне діни шіркеу өкілдері мен батыс монастырьларында хатқа түскен саяхатшылардың, дипломаттардың, әскери барлаушылардың және миссионерлердің жазбалары түрінде сақталған. Орта ғасырдың латын тіліндегі кодекстері мен хроникаларында “Тартария”, “Comania”, “Deserta Scythica”, “Carchat” секілді атаулар жиі кездеседі. Бұл атаулардың географиялық ауқымы нақты болмағанымен, тарихи-саяси түсініктерге қатысты реңкке ие болған.

Мәселен, *Annales Sancti Pantaleonis* хроникасында 1241 жылғы Моңғол шапқыншылығына байланысты былай деп жазылады: “Tartari vastaverunt Russiam, Poloniam atque terras Comanorum” [65] Мұндағы “Comanorum” атауы қазіргі қазақ даласының батыс және солтүстік-батыс аймақтарымен шектесетін аумақты меңзеп тұр. Бұл жазбаның бір қызығы – қыпшақтар алғаш рет жеке “халық” емес, белгілі бір “жер иесі” ретінде аталады. Яғни “қыпшақтар елі” ұғымы географиялық кеңістіктің нақты иесі ретінде қабылданған.

Осы жердегі “жер иесі” деген түсінік, меніңше, өте маңызды. Орта ғасыр авторлары үшін саяси құрылымнан бұрын жерге иелік еткен этностың өзі маңызды болған. Бұл көзқарас кейін Еуропада қалыптасқан колониялық дискурстың негізін қалағандай: жер – иесіз емес, бірақ оны иеленіп отырған халықтың мәртебесі әрқалай түсінілген.

Тағы бір айрықша мысал ретінде Мэтью Паристің *Chronica Majora* атты көлемді шығармасындағы мәліметті келтіруге болады. Бұл еңбек XIII ғасырдағы Моңғол шапқыншылығына қатысты Батыс Еуропадағы ең кең тараған дереккөздердің бірі саналады. 1240–1250 жылдар аралығында жазылған бұл хроникада автор былай деп жазады: “*Hi Tartari vastaverunt terram Comanorum, que est ultra montes, ubi non sunt urbes sed campestris infinita*” [66] Қазақшалай айтқанда: «Бұл татарлар таудың арғы бетіндегі Қыпшақ елін ойрандады, ол жақта қалалар жоқ, тек шексіз жазық далалар бар».

Бұл сөйлем – бір қарағанда жай ғана географиялық сипаттама сияқты көрінгенімен, шын мәнінде, терең мәдени-әлеуметтік бейнелеуді аңғартады. «Қала жоқ, тек шексіз дала» деген тұжырым – Еуразия кеңістігіндегі көшпелі тіршіліктің табиғатпен біте қайнасқан болмысын сырттан бақылаған адамның пайымы. Автор бұл арқылы географиялық кеңістікті сипаттаудан гөрі, Еуропалық өркениет пен көшпелі дүниетаным арасындағы өзекті айырмашылықты, тіпті түсінбеушілікті аңғартады.

Бұл жолдарды оқи отырып, Батыс Еуропа авторларының даланы таңданыспен қабылдағаны байқалады, алайда олар осы кеңістіктің ішкі заңдылығына бойлай алмаған. Еуропа үшін қала – өркениеттің символы, ал қаласыз кеңістік – белгісіз, меңіреу, әрі кейде қауіпті дүние ретінде елестеген.

Сондықтан да Парис секілді авторлар үшін даланың «шексіздігі» – географиялық сипаттан гөрі, мәдени өзгешіліктің, түсінбеушіліктің көрінісі.

«Шексіз дала» образы бұл тұрғыда нақты бір физикалық кеңістікті емес, Еуропа елестете алмайтын тіршілік салтын меңзейді. Ол даланың заңдылығын, уақыт пен кеңістікті қабылдауын, өмір ырғағын ұғынуға тырысқанымен, автор бұл үрдісті өз өркениетінің таным шеңберінен аса алмай сипаттаған. Яғни біз бұл жерден даланы өзінің ішкі көзқарасымен емес, сырт көзбен – үрей, танданыс және жатсыну сезімдерімен қабылдаған көзқарасты көреміз.

Мұндай сипаттама Батыс Еуропа мен Еуразиялық көшпелі өркениет арасындағы түбегейлі танымдық алшақтықты көрсетеді. Батыс үшін «өркениет» қаламен, тұрақтылықпен, материалдық тұрғыда өлшенетін құрылыммен байланысты болса, көшпелі әлем үшін кеңістік, қозғалыс, табиғатпен үндесу – тіршіліктің негізі. Осы айырмашылық Мэтью Парис сияқты авторлардың жазбаларында айқын байқалады: *олар даланы көріп таңданса да, сол кеңістіктің ішкі логикасын, көшпелі мәдениеттің күрделілігін толықтай тануға тырыспаған, көбіне оны «өркениетсіздік» ретінде қабылдаған.*

Мэтью Паристің *Chronica Majora*-сында кездестіретін «шексіз дала» бейнесі – жалғыз емес. Бұл тұжырым ортағасырлық Батыс Еуропа авторларының Орта Азия мен Дала өлкесіне қатысты қалыптастырған кең таралған танымына тән. Мысалы, Плано Карпини мен Вильгельм Рубрук секілді саяхатшылардың жазбаларында да даланың осындай «шетсіз-шексіз, иен, қала мен өркениеттен ада» кеңістік ретінде бейнеленуі жиі кездеседі.

Плано Карпини, 1245–1247 жылдары Моңғолияға сапар шеккен францискан монах, өз жазбасында: *"Жол бойы біз тек жазық пен шөпті алқаптарды ғана көрдік. Бұл жерде орман жоқ, тау жоқ, тек желмен шайқалған шөп теңізі ғана."* [67]

Бұл сипаттамадан саяхатшының даланы танданыспен қабылдағаны аңғарылады, бірақ бұл танданыс – жатсынудың, бөтен кеңістікті қабылдай алмаудың түрі. Ол үшін табиғи кеңістік тек бейтарап география емес, біртүрлі қорқынышты бос кеңістік.

Вильгельм Рубрук те 1253 жылғы сапарында қазақ даласына жақын аумақтарды жүріп өтіп, былай дейді:

"Бұл өлкеде біз ешқандай шіркеу, қала немесе қала тәрізді құрылым көрмедік. Тек шатырлар мен киіз үйлер ғана." [68].

Оның таңданысы «өркениет» ұғымының еуропалық түсінігіне сай келмейтін кеңістікке бағытталған. Киіз үй мен көшпелі өмір салты оған таныс емес, ал шіркеудің болмауы – бұл кеңістіктің рухани тұрғыда да «бос» екенінің дәлелі іспетті. Бұл – мәдени және діни өзгешілікті түсінуге емес, салыстыру арқылы бағалауға бейім көзқарас.

Салыстырмалы түрде алып қарасақ, бұл авторлардың бәрі – *Chronica Majora*-дан бастап *Itinerarium*-ге дейін – дала кеңістігін өздерінің өркениеттік өлшемдерімен бағалап, «қаласыз», «құр» кеңістік ретінде сипаттайды. Шын мәнінде, бұл – көшпелілердің табиғатпен үндесе өмір сүруін, олардың аумақты игеруінің ерекше формасын көре алмаудың белгісі.

Яғни «шексіз дала» – жай географиялық кеңістік емес, еуроцентристік таным үшін түсініксіз әрі реттелмеген кеңістіктің метафорасы. Бұл түсінік даланың тіршілікпен байланысын, оның өзіндік «өркениеттілік» нұсқасын елемейді, керісінше, өркениет тек қала мен христиан діні аясында ғана мүмкін деген тар түсінікті алға тартады.

Сондай-ақ, XIII ғасырдың аяғына жататын латын тіліндегі дерек – *Ystoria Mongalorum* (кейде “*Historia Tartarorum*”) атты аноним жазбада Орталық Азия аймағындағы көшпелілер мекендеген аймақтар “*Deserta carchat*” деп аталады. Мұнда “*carchat*” – қыпшақ этнонимінің латын тіліндегі транскрипциясы. “*Deserta*” сөзі, яғни “иен дала” – саяхатшы үшін тек физикалық бос кеңістік емес, мәдениетсіз, игерілмеген, “варварлық” аймақ ретінде танылған кеңістік. Бұл түсінік кейінгі орта ғасырда қалыптасқан “орталық–шет аймақ” иерархиясының бір бөлшегі ретінде оқылады [69].

Бұл секілді латын жазбаларындағы кеңістікті “бос”, “жабайы”, “қала жоқ” деп сипаттау – бір жағынан даланың өз болмысын мойындамаудан, екінші жағынан отырықшы еуропалық өркениет үлгісіне сәйкестендіріп ғана түсінуден туған. Өзім үшін осы тұстағы ең күрделі мәселе – осы мәтіндерде бейнеленген халықтың өмір салты өз ішінен күрделі, құрылымды, мәдени кодтары терең бола тұра, Еуропа оны “тышқан інінен шыққан” тосын әлем ретінде қабылдаған. Бұл – мәдениетаралық коммуникацияның алғашқы деңгейдегі шектеулілігі.

XIV ғасырда жасалған Фра Мауроның атақты әлем картасы (*Mappa Mundi Fra Mauro*, 1459 ж.) – еуропалық картографияда Орта Азия мен қазақ даласына қатысты алғашқы символдық бейнелердің бірі. Бұл карта Венецияда жасалғанымен, оған негіз болған ақпараттар Қарақорымға дейін жеткен саяхатшылар мен саудагерлерден алынған деректерге сүйенеді. Картаның шығыс бөлігінде “*Tartaria*” деген кең аймақ ерекше көрінеді. Бұл атау астында “*hic sunt pastores sine urbibus*” – яғни, “бұл жерде қалалар жоқ, тек малшылар тұрады” деген жазу бар [70]. Мұндай жазбалар сол картографиялық мәдениеттің шындықты көркем түрде қайта бейнелейтін тәсілін ашады.

Мұндағы “қалалар жоқ” деген тұжырым, меніңше, еуропалықтардың отырықшылық пен мемлекетшілдікті бірден-бір өркениеттік өлшем деп ұғынғанының көрінісі. Көшпелі тіршілік, табиғатпен біте қайнасқан өмір сүру үлгісі бұл дискурста “өркениетсіздікке” теңестірілген. Дәл осы тұстан біз Еуразия кеңістігінің саяси емес, мәдени тұрғыдан да беймәлім кеңістік ретінде қабылданғанын көреміз.

Фра Мауро картасының ерекшелігі – оның шығысты батыспен теңестіре бейнелеуге тырысуында. Алайда бұл ұмтылыс картаның әр элементінде емес, кей тұстарында ғана көрінеді. Кейбір зерттеушілер бұл картаны араб географиясынан алған деректермен жұмыс істеген Венеция шеберлерінің “мультикультуралық” тәжірибесі ретінде қарастырады [70]. Бірақ бұл “ашықтық” ұғымы көбіне символдық шеңберде ғана қалып қойған.

Каталон атласы (1375 ж.) – Еуразия кеңістігін бейнелеуге арналған Батыс Еуропа картографиясындағы ең бірегей жәдігерлердің бірі. Бұл карта – жай ғана географиялық сызба емес, ортағасырлық еуропалық ой-сананың әлемді тану

тәсілін көрсететін символдық кеңістік. Оның мазмұны мен көркемдік шешімі арқылы біз геосаяси, этно-мәдени және өркениеттік танымдардың өзара қабаттасуын көре аламыз.

Атластағы Қыпшақ даласы (Comania) ерекше орын алады. Мұнда бұл өлке «етпен, атпен және алтынмен бай» өңір ретінде сипатталып, бай табиғи және материалдық ресурстарымен, көшпелі тіршіліктің экономикалық әлеуетімен танылған. Атласта «Soltan of Comania» деген титулмен белгіленген бейне – нақты бір тарихи билеуші емес, керісінше, тұтас аймақтың, тұтас мәдениеттің символына айналған көркем код. Бұл – Батыс Еуропа үшін Еуразиялық кеңістікті тұлғалар арқылы елестетуге деген ұмтылыстың көрінісі. Белгілі бір есіммен немесе бейнемен белгілеу – кеңістікті тану мен меңгерудің картографиялық формасы ғана емес, сонымен қатар оны «өркениет картасына» енгізудің бір жолы.

Каталон картографтары бұл картада көшпенділерді тек этнографиялық нысан ретінде ғана емес, саяси және мәдени агенттер ретінде де көрсетеді. Киіз үйде отырған, ат үстіндегі садақ ұстаған бейнелер – сол заманның Еуразия туралы елестетуінде көшпелі тіршіліктің басты атрибуттары ретінде ұсынылған. Бұл элементтер арқылы даланың ішкі динамикасы – қозғалыс, икемділік, соғыс пен сауданың қатар өрбіген кеңістігі – көрініс табады.

Атласта түркі тілдес атаулардың қолданылуы, Таяу Шығыс пен Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарының нақты белгіленуі – бұл деректер Батыс Еуропа ойының Орталық Азия кеңістігін тек қана «жат» немесе «қауіпті» аймақ ретінде емес, тануға, түсінуге тырысқан кеңістігі ретінде қабылдай бастағанының дәлелі. Әсіресе, Каталон картасында Жібек жолының тармақтары, сауда тораптары, және тіпті көшпелі халықтардың орналасу реті белгілі бір логикамен берілген. Бұл – картаның ақпараттық салмағын арттырып қана қоймай, оны Еуразияны түсінудің көркем әрі құрылымдық әрекетіне айналдырады.

Алайда, бұл таным, әрине, іргелі этнографиялық немесе ғылыми дәлдікпен ерекшеленбейді. Ол – Батыс Еуропа елестетуінің, эстетикалық қиялының, мәдени қызығушылығының көрінісі. Бейнелер көбіне нақты шындықтан гөрі, символдық сипатта беріледі. Дегенмен дәл осы символизм – бізге ортағасырлық еуропалық сананың көшпелі әлемге деген *бірінші кезеңдегі мәдени иілдігін* – яғни жатсынудан қызығушылыққа бетбұрыс жасаған сәтін – ұғынуға мүмкіндік береді.

Каталон атласында біз алғаш рет дала кеңістігінің «басқаша» болмысы мен өркениеттік ерекшелігіне деген шынайы танымдық қызығушылықты көреміз. Бұл – Мэтью Парис пен Карпини сияқты авторлардың мәтіндеріндегі қорқыныш пен жатсынудан өзгеше. Мұнда дала – таным нысанына айналған, ал көшпелілер – тарих шетінде емес, дәл сол тарихтың жүрегінде тұрған халықтар ретінде бейнеленген «Д» Қосымшасын қараңыз.

Птоломейдің картасы мен оның ықпалына келсек, II ғасырда жасалғанымен, ол орта ғасыр Еуропасында қайта жаңғырып, XV ғасырда кеңінен таралған. Птоломейдің *Geographia* атты еңбегінде Еуразияның орталық бөлігінде “Scythia extra Imaum” деген атау кездеседі. Бұл атау Орта Азиядағы көшпелілер аймағын

білдіргенімен, оның географиялық шекарасы нақтыланбаған. XIV–XV ғасыр картографтары, әсіресе Клавдий Птоломей еңбектерін қайта өңдегендер, бұл атауларды жалпылама түрде “түркі-монғол әлемінің” шекарасы ретінде пайдаланды [71].

Мені тандандырған нәрсе – Птоломейден басталған бұл географиялық жүйе XVI ғасырдың өзінде де әлі “белгісіз кеңістік” бейнесінен аса алмаған. Мұның бір себебі – еуропалық карта жасаушылардың, әсіресе монах-картографтардың, өз карталарын саяси билікке қызмет ететін құжат ретінде ұсынуы. Сол себепті “кім бар, кім жоқ” деген мәселе емес, “кімнің билігі қайда тарайды” деген сұрақ басты өлшемге айналған.

XVI ғасырдан бастап Еуразия карталарында “Тартария” ұғымы дербес бірнеше аймақтарға бөлініп көрсетіле бастайды. Осы тұста “Great Tartary” (Ұлы Тартария), “Independent Tartary” (Тәуелсіз Тартария), “Chinese Tartary” (Қытай Тартариясы), “Muscovite Tartary” (Мәскеу Тартариясы) сынды жіктеулер пайда болады. Мәселен, Джон Спидтің 1626 жылы шыққан әлем картасында “Tartaria” деп аталған аумақ қазіргі Қазақстан, Орталық Азия, Сібір мен Моңғолияға дейінгі кеңістікті қамтиды. Бұл картада Қазақ хандығына тікелей сілтеме болмаса да, “Tartaria Deserta” секілді түсініктер арқылы көшпелілер мекендеген далалар бейнеленеді [72].

“Deserta” тіркесінің қайта-қайта қолданылуының өзі таңқаларлық. Бұл сөз шөл дала, бос кеңістік мағынасын берумен қатар, өркениеттен тыс, игерілмеген, “адамзат үні жетпеген” өлке дегенді білдіреді. Меніңше, бұл Еуразия даласына сырттай телінген мәдени вакуум түсінігі. Ол нақты география емес, идеологиялық проекция. Бұл проекция арқылы еуропалық карта жасаушы өз мәдениеті үшін бөтен кеңістікті түсінікті етіп, “ие етілетін”, “игерілетін” кеңістік ретінде бейнелейді.

XVIII ғасырдың ортасында жарық көрген Герман картографы Иоганн Баптист Хоманның (*Homann Heirs*) “Asia Polyglotta” атты картасында қазақ даласы нақты белгіленбесе де, “Kirgisias” және “Kalmuk Tartars” секілді атаулармен жанама түрде көрінеді. Бұл атаулар саяси емес, этнографиялық сипатта қолданылған. Яғни халық – бар, бірақ мемлекет – жоқ деген концепцияны тағы көреміз. Халықтың мемлекеттілік атрибуттары танылмаған жағдайда, ол картографиялық санада “даланың элементі” ретінде қабылданады. Бұл – тарихқа емес, картографиялық тілге тән стереотип.

Мұндай түсініктердің терең тамыры бар. Карта – бейтарап құрал емес. Ол – биліктің когнитивті құралы. Бенедикт Андерсон “қоғамның елестетілген шекараларын” қалыптастыратын механизм ретінде картаны “өшпейтін колониялық мәтін” деп атағаны бекер емес [73]. Қазақ даласының “Тартария” құрамында бейнеленуі – оның дербес саяси бірлік ретінде танылмауынан емес, танылуының өзге терминдермен берілуінен болған. Бұл, меніңше, сол кезеңдегі ақпарат иерархиясының бір көрінісі.

Бұған қарсы қызықты дерек – 1730–1740 жылдары Ресей империясының әскери картографиясы шеңберінде жасалған құжаттарда алғаш рет “Казачья Орда” немесе “Казахская степь” терминдері пайда бола бастайды [74] Бұл жерде

«қазақ» этнонимінің алғаш рет картографиялық контексте ресми түрде қолданылуы – отарлық кеңістіктегі бақылаудың жаңа дәуірінің басы. Бұл енді Батыс картографиялық дәстүрінен емес, Ресейдің империялық тіркеу логикасынан туған атаулар.

Сөйтіп, ортағасырлық “Тартария” – символдық кеңістік болса, жаңа заманда бұл атау нақты саяси картадағы “басқарылатын аумақтарға” бөлініп кетті. Бірақ осы процесте қазақ кеңістігі “атауы бар, бірақ нақты шекарасы жоқ”, “халық бар, бірақ мемлекеттіліксіз” деген фреймде қала берді. Бұл бейнелеу тәсілінің салдары қазақ даласын XIX ғасырға дейін карталарда бірде “Тартария”, бірде “Киргизская степь”, бірде “Ногайская орда” аясында көрсетуге алып келді.

Ағылшын картографы Джеймс Рейнеллдің (James Rennell) 1794 жылы жарық көрген “*Memoir of a Map of Hindoostan*” еңбегінде алғаш рет “Kirghiz-Kaisaks” деген этноним пайда болады. Бұл картада Каспий теңізінің солтүстігі мен шығысында “Kirghiz-Kaisaks” мекен етіп жатқан кең аймақ көрсетілген. Автор қазақтарды “nomadic people with Turkic roots who roam the steppes between the Caspian and the Altai” деп сипаттайды [75]. Қызығы – Рейнелл нақты координаттар мен шекара бере алмайды, тек “approximated position” деген белгі қояды. Бұл қазақ кеңістігінің еуропалық санада әлі де нақты картографиялық нысан емес, динамикалық қозғалыс зонасы ретінде қабылданғанын аңғартады.

Меніңше, бұл жерде біз кеңістікті емес, қозғалысты карталауға тырысқан әрекетті көреміз. Далалық көшпелі өмір салты Еуропа үшін шекаралық ойлау логикасынан тыс тұрған, сондықтан картада нақты бекіту мүмкін болмаған. Бұл – географиялық факт емес, таным шегіндегі парадокс.

Француз ағартушысы әрі географы Жан-Батист Бургуэн д’Анвильдің 1752 жылы жарық көрген *Carte Générale de la Tartarie* атты еңбегі – Еуразияның ішкі аймақтарын Батыс еуропалық картография дәстүріне жүйелі түрде енгізуге жасалған маңызды қадамдардың бірі. Бұл картада Еуразия кеңістігі бірнеше ірі аймақтарға бөлінеді: *Petite Tartarie* (Кіші Тартария), *Grande Tartarie* (Ұлы Тартария) және ерекше назар аударатын белгі – *Pays des Kazaks*, яғни “Қазақтар елі”.

Бұл атау – картографияда қазақ этнонимінің алғашқылардың бірі болып дербес кеңістікке ие болуы. Яғни, Батыс Еуропа көзқарасында қазақтар алғаш рет геосаяси субъекті ретінде емес, бірақ өзіндік «кеңістікке ие халық» ретінде мойындала бастаған. Бұл – қазақтардың тарих сахнасындағы этно-географиялық бедерінің қалыптасуы тұрғысынан маңызды кезең. Алайда бұл мойындау нақты саяси шекараларға сүйенбейді. Ол “мәдени-этнографиялық зона”, яғни айқын шекаралары жоқ, бірақ этникалық-мәдени реңкімен ерекшеленетін кеңістік ретінде беріледі. Бұл тәсіл бір жағынан еуропалық географияның объективтілікке ұмтылысын көрсетсе, екінші жағынан, далалық кеңістікті еуроцентрлік призмадан көре алмайтын шектеулі танымды да аңғартады.

Картаға қоса берілген түсіндірмелерде қазақтар “бұл аймақтың басым халқы” ретінде аталады, бірақ оларды “wild and free tribes” – «жабайы және еркін тайпалар» деп сипаттау, Еуразиялық көшпенділерге қатысты ежелден қалыптасқан еуропалық стереотиптердің жалғасы екенін көрсетеді. Мұндай

сипаттама саяси ұйымдасуы әлсіз, тәртіпке бағынбайтын, стихиялық күш ретінде елестетілетін дала халқына қатысты бұрыннан қалыптасқан үрей мен танданыс риторикасының жаңғырығы. Бұл сипаттамалар “табиғатқа жақын”, бірақ “өркениеттен алыс” деген көнерген түсініктің ықпалынан толық арылмаған.

Осы жерден біз маңызды бір мәдени қақтығысты байқаймыз: бейтарап географиялық атау мен астарлы мәдени сипаттама бір-біріне қарсы қойылады. Бір жағынан, ағартушылық дәуірінің ғылыми картографиясы шынайы кеңістік пен этникалық реалийді дәл көрсетуге ұмтылса, екінші жағынан, оны түсіндіруде қолданылған тіл – өзінің терең мәдени кодтарын сақтап қалған, стереотиптерден арылмаған тіл. Қазақ жері картада бар, бірақ ол толықтай «түсінілген кеңістік» ретінде емес, «таңсық, басқаша» кеңістік ретінде суреттеледі. Бұл – еуроцентризм мен ғылыми-эмпирикалық көзқарастың арасындағы ішкі қайшылық.

Француз ағартушылары мен картографтарының көзқарасы көбінесе Эдвард Саид сипаттаған ориентализмнің жұмсақ формасына тән: олар Шығысты зерттейді, картаға түсіреді, сипаттайды, бірақ оны өз өркениеттік өлшемімен бағалайды. Қазақтар бұл контексте – “өркениет шетіндегі халық”, даланың белгісіз күшімен байланысқан этнос ретінде бейнеленеді. Бұл бейнелеу тәсілі – саяси тану емес, мәдени қызығушылық пен алыстықты сезінудің синтезі.

Неміс географы Карл Риттердің (Carl Ritter) *“Die Erdkunde im Verhältniss zur Natur und zur Geschichte des Menschen”* атты көлемді еңбегі де қазақ даласына тереңірек тоқталады. Ол XIX ғасырдың бірінші жартысында жазылған (1832 ж. III том). Онда “das Land der Kirgisen-Kasaken” деп аталатын бөлім бар. Риттер қазақ халқын “durchgreifend ethnisches Element zwischen Sibirien und Turkestan” – яғни Сібір мен Түркістан арасындағы ажырамас этникалық элемент ретінде сипаттайды [76]. Оның картографиялық көзқарасы – табиғи кеңістік пен тарихи кеңістіктің өзара байланысын іздеуге құрылған. Қазақ даласы оның еңбектерінде геосаяси субъект емес, тарихи-этнографиялық ландшафт ретінде сипатталған.

Риттердің бұл тәсілі – ғылыми объективтілікке ұмтылудың үлгісі. Бірақ дәл осы объективтілік қазақтардың нақты саяси құрылымын картаға түсіруден гөрі, оларды “этнографиялық фонға” айналдыруға себеп болғандай. Қоғам – бар, тарихы – мойындалған, бірақ картографиялық егемендік әлі де шеткері сипатта ғана танылған.

Осы кезеңде жарық көрген ағылшын офицері Энтони Дженкинсонның (Anthony Jenkinson) 1562 жылы жасаған сапар картасы мен баяндаулары да назар аударуға тұрарлық. Ол Қазақ хандығы туралы тікелей жазбаса да, “the lands between the Volga and the Syr Darya are ruled by nomad sovereigns, most notable of which are the Kazaks” деп жазады [77]. Бұл – ағылшын дискурсында қазақ атауы алғаш тікелей аталуы мүмкін тұстардың бірі.

Осылайша, XVIII–XIX ғасырлардағы еуропалық картографияда қазақ кеңістігі алғаш рет өз атауымен көріне бастайды. Бірақ бұл көріністер көбіне этнографиялық, геосаяси немесе экзотикалық сипатта ғана қабылданған. Қазақ хандығының ішкі саяси құрылымы, басқару формасы немесе сыртқы саяси

қатынасы тек шектеулі сипатта ғана бейнеленді. Бұл картографиялық танымның өзі – сол дәуірдің интеллектуалдық шекарасынан шықпаған.

Ресей Генштабының 1865–1885 жылдар аралығында жүргізген «*Военно-статистическое обозрение Российской Империи*» атты көптомдық жинағында қазақ даласы алғаш рет нақты әкімшілік бірлік ретінде берілді. Мысалы, "Киргизская степь" деп аталған бөлімде әрбір облыс, уезд, болыс деңгейінде шекаралар, халық саны, ру-тайпалық құрамы, этнографиялық ерекшеліктер мен жер бедері толық сипатталады. Бұл томдықтың 18-томы тікелей "Сырдарья" облысына арналған және онда "киргизы Средней Орды" деп қазақтар нақты аталса да, атау тұрғысынан этнонимді қолдануда әлі де жүйесіздік байқалады[78].

Осыған қатысты бір байқауым: бұл деректердің бір бөлігі нақты бақылауға, ал екінші бөлігі – далалық аңыз-әңгіме мен офицерлердің субъективті сипаттамасына сүйенеді. Яғни картографиялық дәлдік пен "даланы түсіндіру" ниеті аралас кеткен. Бұл – отарлық таным құрылымының көрінісі. Қазақ жері енді география емес, басқарылатын кеңістік ретінде картаға түсіп жатыр.

Географ Пётр Семёнов-Тян-Шанскийдің еңбектері бұл тұрғыда ерекше. Оның «*Статистическое описание Киргизской степи*» (1869) атты жұмысы – қазақ даласының тек табиғи-географиялық ғана емес, әлеуметтік құрылымын картаға түсіруге талпынған алғашқы кешенді зерттеулердің бірі. Ол қазақтарды "народ с ярко выраженной социальной иерархией, но без крепостного устройства" деп сипаттап, оларды "пригодными к административному регулированию без насильственного переселения" деп бағалайды [79].

Бұл пікір, бір жағынан ғылыми-антропологиялық бақылау секілді көрінгенімен, астарында "бұл халықты тыныш түрде игеруге болады" деген отарлық есеп жатыр. Бұл – танымның прагматикалық формасы. География, этнография мен саясат бір кеңістікте тоғысады. 1867 жылдан бастап "Туркестанский альбом" сынды иллюстрацияланған альбомдар шығарыла бастады.

Бұл суретті альбомдарда қазақтардың тұрмысы, киімі, жайлауы, көшіп-қону сәттері, діни ғұрыптары егжей-тегжей көрсетілді. Ондағы мақсат – тек ақпарат беру емес, қазақ даласын "зерттеліп, игеріліп жатқан кеңістік" ретінде көрсету еді. Карта мен бейне қатар жүріп, кеңістікті тек қана белгілеу емес, оны "түсіндіру" миссиясы жүрді [80].

Саяси картография тұрғысынан ең маңызды құжаттардың бірі – 1871 жылы жарық көрген «*Генеральная карта Азиатской России*». Бұл картада Торғай, Ақмола, Сырдария, Жетісу облыстары нақты шекаралармен, уездік құрылымдармен берілген. Картаға алғаш рет нақты теміржол, казак отрядтарының орны, уезд орталықтары мен әскери бекіністер енгізілді. Енді қазақ даласы картада – бос кеңістік емес, нақты координаттармен, бекіністермен өлшенген аймақ.

Бірақ дәл осы шекаралау процесі – кеңістікті басқарудың негізі болды. Бұл – отарлық картографияның басты функциясы. Мәселе тек қазақ даласын "түсіну" емес, оны карта арқылы "тәртіпке келтіру", бөлшектеу, бақылау. Бұл тұрғыда

Мишель Фуконың “картография – бақылаудың құрылымы” деген ұғымы орынды [81].

Орыс картографиялық экспедицияларының бірі – 1863 жылы П. П. Семёнов бастаған Жетісу мен Тянь-Шань өңірлеріне жүргізілген зерттеу. Бұл экспедиция барысында тек жер бедері ғана емес, қазақ руларының көш маршруттары, жайлаулары мен қыстаулары да картаға түсті. Бұл – кеңістікті бақылаудың жаңа деңгейі. Бұрын еуропалықтар үшін қазақ даласы тек “далалық ландшафт” болса, енді ол – басқарылатын әкімшілік бірлік.

Жалпылай алғанда, XIX ғасырдың екінші жартысындағы картографиялық еңбектер қазақ даласын бұрынғы “Тартария” мифінен шығарып, нақты шекарамен белгілеу процесіне кірісті. Бірақ бұл шекаралар табиғи, тарихи емес, империялық логикамен жүргізілді. Ол – карта арқылы кеңістікті заңдастырудың құралы болды. Осы кезең карталарын қарау арқылы біз отарлық саяси құрылымның картадағы іздерін нақты көре аламыз.

1920–30 жылдар аралығындағы картографиялық реформалардың негізінде ұлттық-аумақтық межелеу идеясы тұрды. 1924 жылғы Орта Азияны межелеу (нацтерриториальное размежевание) барысында Қазақ АКСР-інің шекаралары тұңғыш рет саяси және этникалық белгілер негізінде қайта қаралды. Бұл кезде дайындалған «*Административная карта Казахской АССР*» атты картада алғаш рет қазіргі Қазақстан территориясына жақын құрылым пайда болды [82] («А» Қосымшасын қараңыз).

Бұрынғы Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан Республикасынан Қазақ АКСР-іне берілді. Бұл тек шекара мәселесі емес, кеңістіктің саяси легитимациясы еді. Мұнда, маңызды мәселе – карта жасаудың артында жатқан идеологиялық логика. Егер Ресей империясы қазақ кеңістігін әкімшілік бақылау үшін бөлшектесе, кеңестік билік оны ұлт ретінде бекіту үшін қайта құрастырды. Бірақ бұл “бекіту” нағыз ұлттың табиғи тарихына емес, партиялық саясатқа сүйенді. Кеңестік карта – ұлтты конструкциялау құралы болды.

1928 жылғы әкімшілік-аумақтық реформалар кезінде Қазақ АКСР-і уездер мен губерниялардан бөлініп, округтерге бөлінді. Осы кезде жарық көрген «*Карта Казахской АССР. Административное деление на 1 октября 1928 г.*» деген ресми басылымда бұрынғы отарлық атаулар жойылып, жаңа кеңестік топонимдер енгізілді: Амангелді ауданы, Сталин ауданы, Лениногорск т.б. Бұл топонимдік өзгеріс карта арқылы кеңістікті кеңестендіру әрекеті болды.

Осыған орай мынадай ой туындайды: кеңестік картография, бір жағынан, қазақ этносына “ұлт” ретінде танылып, территориялық легитимация берсе де, екінші жағынан, оның ішкі құрылымын орталықтандырылған саяси мүддеге бағындырды. Яғни бұл – автономияны карта арқылы шектеу тәжірибесі.

1936 жылы Қазақ АКСР-і Одақтық Республика – ҚазКСР болып қайта құрылып, картада алғаш рет “Казахская Советская Социалистическая Республика” атауымен көрсетілді. Бұл жаңа кезең – кеңестік символдық кеңістіктің ресми карталық бейнесінің қалыптасуы. Осы жылы шыққан «*Физическая карта СССР. Масштаб 1:5 000 000*» атты одақтық картада

Қазақстан ірі республикалар қатарына қосылып, нақты әкімшілік бөлінісі мен экономикалық ресурстары көрсетілген [83]. («Б» Қосымшасын қараңыз).

Бұл карталарда тек шекаралар ғана емес, өндіріс орындары, пайдалы қазбалар, магистральдар, колхоздар, темір жол тораптары – бәрі белгіленіп, қазақ кеңістігі экономикалық жүйе ретінде бейнеленді. Кеңестік картография кеңістікті этностықтан гөрі шаруашылық бірлік ретінде көбірек көргені байқалады.

Дегенмен, дәл осы кезеңде (1930–1939 жж.) жүргізілген *этнографиялық карта* жасау тәжірибелері де болды. Мәскеудегі География қоғамының зерттеуінде «казахский этнос» жайлы бірнеше карта нұсқасы жасалды. Алайда бұл карталар көбінесе ішкі қолдануға арналды. Қоғамдық қолданыстағы басылымдарда этностық шекара екінші жоспарға ысырылып, экономикалық-территориялық құрылым алға шықты. Бұл – кеңестік ұлт саясатының шынайы көрінісі: ұлтты мойындау, бірақ оның өзін емес, шаруашылықтағы рөлін бірінші орынға шығару.

Осыған байланысты, кеңестік картографиялық таным – парадоксалды құбылыс. Ол бір жағынан ұлттық территория ұғымын бекітіп, қазақ халқын кеңестік жүйеде заңды субъект ретінде танығандай болды. Бірақ екінші жағынан, дәл сол карта арқылы бұл кеңістіктің нақты қайда басталып, қайда аяқталатынын, кімге тиесілі екенін партиялық шешімдер айқындады.

Жалпы алғанда, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы карталар – қазақ даласының *географиялық бейнесінен* гөрі, *саяси-функционалдық құрылымын* картаға түсіруге бағытталған. Бұл карталар бізге сол кездегі кеңестік туралы танымның саясиленген, идеологияланған сипатын көрсетеді. Қазақ даласы енді жай “Ұлы Дала” емес, жоспарлы шаруашылықтың бір бөлігі, өндіріс пен статистиканың объектісі ретінде көрінді.

Қазақ даласы – ертеден-ақ Батыс Еуропа зерттеушілері мен саяхатшыларының қызығушылығын тудырған кеңістік. XV–XVII ғасырлар аралығындағы «Ұлы географиялық ашулар» дәуірінде Еуропа өркениеті әлемнің әр түкпіріне қол созып, жаңа теңіз жолдарын ашты, белгісіз аумақтарды картаға түсіріп, сол арқылы әлем бейнесін жаңаша құра бастады. Алғашқы кезеңде бұл ізденістердің басты бағыты теңіз арқылы жүретін сауда жолдары болғанымен, уақыт өте келе назар құрлықтағы ірі кеңістіктерге, соның ішінде Орталық Азияға да ауа бастайды. Қазақ даласы – табиғи кеңдігімен, географиялық тосындылығымен, еуропалық сана үшін таңсық тіршілік формаларымен бұл қызығушылықтың маңызды нысанына айналды.

XVIII ғасырдан бастап ағылшын, неміс, француз, және орыс саяхатшылары мен әскери барлаушыларының күнделіктері мен жазбалары арқылы қазақ халқының әлеуметтік жағдайы, тұрмыс салты және саяси құрылымы жайлы нақты әрі бай ақпараттар жинала бастады. Бұл жазбалар бір жағынан далалық кеңістікті ғылыми тұрғыда сипаттауға ұмтылса, екінші жағынан, сол кезеңдегі еуропалық стереотиптер мен мәдени бағалаулардың көлеңкесінде қалды. Саяхатшылардың миссиясы жиі жағдайда тек зерттеу мақсатымен шектелмей, империялық барлау міндеттерімен де астасып жатты. Қазақ халқының

демографиялық ахуалы, шаруашылық үлгілері, этникалық құрамы туралы мәліметтер стратегиялық дерек көзіне айналған.

Ағылшын тарихнамасында Қазақстан мен Орталық Азия туралы ғылыми көзқарастың біртіндеп қалыптасуы – XVIII ғасырдан бастау алады. Бұл кезеңде британ шығыстануының алғашқы құрылымдық негіздері қаланып, аймақ туралы деректер жинақтала бастайды. Энтони Дженкинсонның 1558–1563 жылдардағы сапарлары, Ричард Джонсон, Артур Эдвардс, Лоуренс Чапман сынды елшілер мен көпестердің жүріп өткен жолдары кейінірек Ричард Хаклюйт құрастырған «The Principal Navigations» жинағында жарық көреді. Бұл – Орталық Еуразияға бағытталған ағылшын саяхаттарының алғашқы кезеңінің маңызды дереккөзі саналады. Қазақ даласы бұл еңбектерде "Қазақия" деп аталып, географиялық аймақ ретінде де, этнографиялық құрылым ретінде де суреттеледі [84].

Дегенмен XIX ғасырда бұл зерттеулер саяси мәнге ие бола бастайды. Британ және Ресей империяларының Орталық Азиядағы мүдделері бір-бірімен тікелей қақтығысқа түскен кезде, аймақ туралы мәліметтер ғылыми сипатынан гөрі идеологиялық құралға айнала бастады. Осы тұста ағылшын тарихнамасы өзінің ішкі парадоксын қалыптастырды: бір жағынан – шынайы танымға ұмтылыс, екінші жағынан – саяси қарсыласты кемсітуге құрылған нарратив.

Профессор М. Т. Лаумулин бұл жайлы былай деп жазады: «Орта Азияны зерттеуде француздар шынайы ғылыми қызығушылыққа сүйенсе, ағылшындар мен британдықтар – Ресейге қарсы прагматикалық әрекетке басымдық берді» [85] Бұл пікір – ағылшындық шығыстанудың даму кезеңіндегі негізгі бағдарды сипаттайды. Азия кеңістігі – олар үшін тек таным нысаны емес, сонымен қатар геосаяси қарсыласқа қарсы қолданылатын риторикалық майдан алаңы болды.

Осылайша, қазақ даласы туралы деректер жинақталғанымен, олар бірдей дәрежеде бейтарап, объективті бола алмады. Ағартушылық дәуіріндегі география мен шығыстанудың ғылыми принциптері мен империялық ұстанымдар арасы көбіне үйлеспей жатты. Бұл – тек Қазақстанға емес, Орталық Азияны тануға деген Батыс көзқарасының көпқабатты, күрделі табиғатын көрсетеді.

XVII ғасырдың ортасынан бастап ағылшын және жалпы еуропалық географиялық-этнографиялық әдебиеттерде Қазақ даласына деген қызығушылық арта түсті. Бұл қызығушылық, бір жағынан, Ұлы географиялық ашылымдар дәуірінен кейінгі саяси-экономикалық мүдделермен, екінші жағынан, Орталық Азия кеңістігінің мәдени-өркениеттік жұмбақ болмысымен байланысты болды.

1625 жылы Сэмюэл Перчас еуропалық саяхатшылардың жазбаларын қамтитын кеңейтілген жинақ шығарды. Бұл басылымда VI ғасырдан XVII ғасырға дейінгі аралықта әлемнің түрлі аймақтарына сапар шеккен еуропалықтардың еңбектері жинақталған. Көптомдық жинақ 1905 жылы Англияда, ал 1965 жылы АҚШ-та қайта басылып шықты. Осындай іргелі еңбектердің арқасында ағылшын қоғамдық ойында Орталық Еуразия халықтары, соның ішінде қазақтар туралы түрлі сипаттамалар қалыптаса бастады [85] Мәселен, Джон Флетчердің «Татарлардың шығу тегі туралы» трактаты (1677)

сол дәуірдегі кең таралған танымдық стереотиптер мен тарихи-этнографиялық деректерге негізделген [86]. Джон Милтонның «Мәскеу жайлы қысқаша еңбек» жинағында болса, Еділ мен Орал арасындағы, Сібір мен Орталық Азия кеңістігін мекендеген халықтардың саяси-этнографиялық бейнесін сипаттау әрекеттері көрініс тапты [87].

XVI ғасырдың ортасында Қазақстан мен Орта Азияға алғашқы ағылшын саяхатшылары келе бастады. Олардың қатарында Энтони Дженкинсон ерекше орын алады. Ол 1558–1559 және 1562–1563 жылдары Ресейден Иранға жасаған сапары барысында қазақ даласын басып өтіп, Оралдың шығысындағы кеңістікті «Қазақия» деп атап, этнографиялық және саяси сипаттағы маңызды деректер қалдырды. Оның жазбаларынан кейін осы бағытта Ричард Джонсон (1565–1567), Артур Эдвардс пен Лоуренс Чапман (1568), Энтон Марис және Френсис Черри (1587) секілді саяхатшылардың сапарлары орын алған. Бұл материалдардың басым бөлігі кейін Ричард Хаклюиттің «The Principal Navigations» атты жинағында жарияланды (1598–1660) [88].

XVIII ғасырда Қазақстан мен Орталық Азияға британдық саяхатшылар мен дипломаттардың сапары жиілей түсті. Солардың бірі – шотланд дәрігері Джон Белл. Ол 1714 жылы орыс экспедицияларымен байланысып, 1715 жылы А.Волынскиймен бірге Иранға аттанған. Белл өз жазбаларында Сібір мен Семей өңіріне тоқталып, қазақ даласының географиялық және этнографиялық бейнесін қалдырды. Ал Джон Элтон 1734–1738 жылдары Орынбор экспедициясының құрамында қызмет атқарып, Кіші жүз қазақтарының қоныстарын, Еділ мен Жайық арасындағы аймақтарды зерттеді. Оның жинаған материалдары ресейлік протекторат орнай бастаған кезеңнің саяси контекстін ашуға көмектеседі.

Дәл осы жылдары (1736) Джон Кастлдың күнделігі де жарық көрді. Ол Әбілқайыр ханның ставкасына келген шетелдік миссия құрамында болып, қазақ қоғамының ішкі құрылымы, билік иерархиясы, әскери ұйымдасуы мен күнделікті тұрмыс-салты туралы маңызды деректер қалдырды. Бұл дерек 1874 жылы Ригада толықтырылған басылыммен қайта жарияланған [89].

Сонымен қатар ағылшын саудагерлері де бұл кеңістікті зерттеуге атсалысты. Мәселен, Рейнолд Хоуг 1740–1741 жылдары Орынбордан Хиуа мен Бұхараға дейінгі бағытта сапар шегіп, Орта Азиядағы этнополитикалық жағдайлар мен сауда жолдары туралы материалдар жинады. 1744–1748 жылдары Джон Куг есімді шотланд дәрігері М.Голицынның Ирандағы елшілігінің құрамында Батыс Қазақстан мен оған шекаралас аймақтар жөнінде географиялық-этнографиялық сипаттамалар қалдырған. Бұл деректердің біразы кейінірек Джон Хэнвейдің «Британдық сауда Каспий теңізі арқылы» атты еңбегінде (1758) жинақталып берілді [90].

XIX ғасырдың бірінші жартысында британдық зерттеушілердің саяси мүддесі күшейе түсті. Ч. Стаддер, Джеймс Эббот, Ричмонд Шекспир және Артур Конолидің жүргізген барлау миссиялары тек саяхат емес, сонымен қатар геосаяси маңызы бар экспедициялар болды. Мәселен, капитан Эбботтың 1843 жылғы баяндамасында ағылшындардың Каспий маңындағы белсенділігі, Кіші жүз қазақтары арасындағы этнографиялық бақылаулары, Әбілқайыр хан

ұрпақтары мен билік құрылымына қатысты қызықты деректер келтірілген. Бұл миссиялар – Британ империясының Ресеймен Орта Азияда ықпал ету аймағын бөлісу жолындағы геосаяси бәсекесінің бір бөлігі болды [91].

Ал британ географы Джордж Демконың «The Russian Colonization of Kazakhstan» атты еңбегі (1896) табиғи-географиялық өлшемдер арқылы Қазақстанның кеңістіктік құрылымын талдай отырып, Мұғалжар, Алтай және Тянь-Шань тауларына ғылыми сипаттама береді [92]. Ол бұл жерлердің физикалық географиясын, гидрологиясын және қазақ этносы мекендеген аймақтардағы табиғи ортаға бейімделу ерекшеліктерін нақты баяндайды.

Осылайша, британдық авторлар мен саяхатшылар қалдырған жазбалар тек саяси-дипломатиялық мүдделердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар Қазақ даласының табиғи, этнографиялық және мәдени болмысын түсінуге деген алғашқы ғылыми ұмтылыстардың бірі болды. Алайда бұл деректердің көпшілігі еуроцентризм мен ориенталистік көзқарастың шеңберінен шыға алмады.

Ресей империясының қазақ жерін иемденуінің алғашқы кезеңі Кіші жүз мекендеген өңірлерден басталды. Бұл аумақты тиімді басқару үшін империя арнайы нұсқаулықтар мен методикалық құралдар әзірледі. Ондай құжаттардың бірі – А.И. Лениннің «Қырғыз-қазақтарды сипаттау немесе қырғыз-қазақ даласы мен ордалары» атты еңбегі еді [93]. Бұл секілді жинақтар отарлық басқару жүйесіндегі шенеуніктердің жұмыс үстелінен табылып, далалық саясатта бағыт-бағдар беретін құралға айналды.

1833 жылы Орынбор өлкесіне әскери-губернатор болып Василий Алексеевич Перовский тағайындалды. Оның билігі Каспий теңізінен Сібір жазығына дейінгі аралықты қамтыды. Бұл кеңістікте Бөкей хандығы, Кіші жүз және Орта жүздің бір бөлігі орналасқан болатын. Ал бұған дейін, 1824 жылы қабылданған «Орынбор қырғыздары туралы ереже» негізінде Кіші жүздегі хандық билік ресми түрде жойылып, аумақ үш ірі рулық құрылымға – Шығысында Әлімұлына, орталықта Жетіруге, ал батысында Байұлына бөлініп берілді.

Перовскийдің басқару кезеңінде далалық халыққа тікелей салық саясаты енгізілді. Киіз үй санына қарай есептелетін салық түрі – «кибиточный налог» – әр отбасыға табысына қарамастан жылына 1 сом 50 тиын күміс көлемінде белгіленді. Нәтижесінде жыл сайын 23 мың сомға жуық қаржы жиналатын. Сонымен қатар жер салығы, мал айдау салығы, тұз тасу, балық аулау салығы секілді ауыртпалықтар халықтың күнделікті өміріне елеулі әсер етті.

Дегенмен, Перовский жеке тұлға ретінде патша әкімшілігіндегі өзге шенеуніктерден ерекшеленіп, жергілікті халыққа деген адами көзқарасымен танылды. Ол қазақтардың мүддесін түсінуге тырысып, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты бейтарап ұстаным танытты. Кенесарыны көтерілісшілердің ұйымдастырушы көсемі әрі тарихи тұлға ретінде мойындаған Перовский, оның Ресей тарапына қойған талаптарын заңды әрі орынды деп таныды. Бұл туралы белгілі шығыстанушы, архивші Григорий Генстің жазбаларында көрініс тапқан: *"Перовский хан Кенесарыны бүлікші емес,*

мәмілеге келуге болатын саяси күш деп білді, ол шекаралық билеушілердің асыра сілтеуіне жиі қарсы пікір ұстанды" [94]

Перовский Кенесарыны шекаралық шенеуніктердің жалған айыптарынан қорғап, патша әкімшілігі алдында оны қолдауға тырысты. Осы арада Перовскийдің араласуымен Кенесары 1840 жылы полковник шенін иеленді деген дерек кеңес тарихшысы Е.Б. Бекмахановтың еңбегінде де айтылған [95] Олардың арасындағы өзара келісім біраз уақытқа дейін шекара бекіністеріндегі қақтығыстарды тоқтатып, бейбіт қатынастың орнауына жол ашты.

Перовскийдің айналасында Орынборда тұрып, қазақ халқына тілектес болған бірқатар зиялы тұлғалар да болды. Олардың қатарында Г. Генс, В. Григорьев, В. Даль, В. Вильяминов-Зернов секілді ірі қайраткерлер бар еді. Бұл зиялы орта қазақ халқының тағдырына немқұрайлы қарамай, патшалық әкімшілік пен жергілікті феодалдық озбырлықтан қорғауға тырысты. Атап айтқанда, В.В. Вельяминов-Зерновтың Орынбор архивтерінде жұмыс істей жүріп, қазақ хандықтары туралы жинаған материалдары кейінірек оның әйгілі *"Исследование о Касимовских царях и царевичах"* (СПб., 1866) атты еңбегінде көрініс тапты. Ал В.И. Дальдің қазақ тілінен жинаған мақал-мәтелдері мен фольклорлық үлгілері кейінірек орыс этнографиясының дамуына зор ықпал етті [96]

Қазақ қоғамына жанашырлық танытқан осы тұлғалардың бастамаларымен оқу-ағарту, этнография, тіл мен әдебиет салаларында маңызды зерттеулер жүргізіле бастады. В.В. Григорьевтің Орынборда шығыс тілдері мен әдебиетінен сабақ беруі – шығыстану ғылымының аймақтағы негізін қалады [97] Осы кезеңде Орынбор мен Орал қалаларына орыстың көрнекті әдебиет өкілдері – А.С. Пушкин мен В.А. Жуковскийлер де келіп, қазақ даласының тұрмыс-тіршілігімен жақын танысқан. 1833 жылы Пушкин Орынборға сапар шегіп, Е.П. Ковалевский мен М. Миркович секілді шенеуніктердің көмегімен Пугачев көтерілісіне қатысты архивтік материалдармен танысып, соның нәтижесінде *"Капитанская дочка"* және *"История Пугачева"* еңбектері дүниеге келді [98]

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Орынбор қаласы Ресей империясының Орта Азия мен қазақ даласына бағытталған саясатының ірі тірек нүктесіне айналды. Географиялық тұрғыдан қазақ жерімен шектес, саяси-әкімшілік жағынан маңызды бұл қала біртіндеп "Азиялық Ресейдің" мәдени, әскери және әкімшілік орталығына айналды [99]

1856 жылы Сырдария бойында шекті руының атақты батыры Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған көтеріліс бұрқ ете түсті. Бұл қозғалыс Ресейдің отарлық езгісіне, шектен тыс алым-салық саясаты мен Сырдария бойындағы әскери бекіністердің (мысалы, Қазалы, Райым) салынуына қарсы бағытталды. Көтерілісшілер Қазалы бекінісін бірнеше рет шабуылдады. Ресей тарапынан оны басу операциясына генерал-губернатор Перовский тікелей басшылық етті [100]

Дегенмен, көтеріліс талқандалғаннан кейін зардап шеккен қазақтарға азық-түлік пен дәрі-дәрмек жеткізіліп, империялық әскери лазареттерде ем-дом жасалды. Бұл әрекеттер Ресей үкіметінің ішкі және халықаралық имиджін сақтау мақсатындағы гуманитарлық тактикасы ретінде сипатталады. Бұл жөнінде

әскери құжаттар мен әкімшілік бұйрықтар Орынбор генерал-губернаторлығының архивтерінде сақталған.

Бұл әрекеттер Перовскийдің тек әскери шенеунік емес, кейде адамгершілік ұстанымына сүйенетін жан екенін көрсетті. Перовскийдің бейнесін жұмсартып сипаттайтын мәліметтер оның шенеуніктік жазбаларында ғана емес, сондай-ақ Г. Генс, В. Григорьев секілді замандастарының хаттарында да кездеседі [101] Орынбор қаласының рухани өмірінде тағы бір маңызды сәт – Құрманғазы Сағырбайұлының осы қаладағы түрмеде отырып, «Перовский маршы» күйін дүниеге әкелуі. Аңыз бойынша, бұл күй Перовскийге арнап шығарылған, себебі Құрманғазы оның алдында өз өнерін көрсетіп, күймен губернаторды тебіrentкен. Бұл туралы этнографиялық деректерде және ауыз әдебиетінде кездесетін нұсқаларда айтылады [102] Перовский сол арқылы қазақ халқының мәдени әлемінде өз есімін қалдырды, ал Құрманғазының шығармашылығы отарлық дәуірдегі халықтың рухани қарсылығының көрінісіне айналды. Музыка арқылы жеткізілген үнсіз наразылық – Құрманғазының күйлерінде (әсіресе "Кісен ашқан", "Ақбай") – ұлттың ішкі күйзелісі мен отарлық қысымға қарсы жауабы ретінде көрініс тапқан [103]

1848 жылы ағылшын саяхатшысы әрі суретші Томас Аткинсон мен оның жұбайы Люси Аткинсонның қазақ даласына жасаған жеті жылдық саяхаты басталды. Бұл эпикалық сапардың нәтижесі ретінде 1858 жылы Т. Аткинсонның «Шығыс және Батыс Сібірдегі зерттеулер» атты еңбегі жарық көрді. Кейін, Томас қайтыс болғаннан кейін, Люси Аткинсон да өзінің естеліктер жинағын жариялады (1970). Бұл еңбектер тек географиялық-этнографиялық мәліметтермен ғана емес, көркем әрі философиялық пайымдарымен де ерекшеленіп, XIX ғасырдың орта шеніндегі ағылшын саяхатнамасының жаңа деңгейін көрсетті.

Аткинсондардың туындылары Қазақстанның шығыс бөлігін – Семей, Аякөз, Қапал, Верный және Зайсан өңірлерін – жан-жақты сипаттаумен ерекшеленеді. Тұрғындар саны, олардың кәсібі, шаруашылық ерекшеліктері, табиғи байлықтары – бәрі де саяхатшының қаламынан тыс қалмады. Зайсан көлінің балыққа байлығы, Шыңғыстаудағы күміс кеніштері, Змеиногорск маңындағы бал шаруашылығы – барлығы нақты деректермен өрнектеліп, еуропалық оқырманға қазақ өлкесінің әлеуетін танытты.

Тарих ғылымдарының кандидаты Көшім Есмағамбетовтің зерттеулеріне сүйенсек, бұл шығармаларда қазақ қоғамының феодалдық құрылымы, руаралық тартыстар да кеңінен қамтылған. Бірнеше тарау, әсіресе қазақ байларының өмір салты, дала саяси-экономикасы туралы маңызды мәліметтерге толы.

Аткинсонның естеліктеріндегі әсерлі бір эпизод – оның Махмұд есімді байдың ауылында қазақ ақынының өнеріне куә болуы. Сол тұстағы әсерін былай сипаттайды: *«Өткен өмірдегі батырлық туралы жырды тыңдаушылардың ықыласпен қабылдағаны соншалық, кезінде Гомер де мұндай ілтипатқа ие болмаған шығар. Дала жырауының жырлары тыңдаушылардың жан дүниесін тербеп, олардың жүзін күрт өзгертіп, кейбірі орнынан атып тұрып,*

айбалтасына жармасты. Мен бұл шабытты жырларды ұзақ тыңдадым...».
[104]

Бұл сипаттамадан, бәлкім, Аткинсон ХІХ ғасырдың әйгілі ақындарының бірі – Махамбет, Шернияз немесе «зар заман» әдебиетінің көрнекті өкілдері: Дулат, Мұрат, Шортанбай, Әубәкір сынды ақындардың біріне кезіккен болар деген жорамал жасауға негіз бар.

Ағылшын саяхатшыларының басты жаңалығы – «Түркістан» терминін ғылыми айналымға енгізуі болды. Егер ХІХ ғасырдың бірінші жартысында орыс дереккөздерінде қазақ даласы «Дала өлкесі» деп, ал оңтүстіктегі өңірлер – «Бұқария» (немесе Ұлы Бұқария) деп аталып келсе, ағылшындар тарихи-лингвистикалық тұрғыда түркі халықтарының ортақ этномәдени негізін баса көрсетті. Бұл тәсіл кейінгі зерттеулерде аймақты тұтастықпен қарастыруға жол ашты.

Англия мен Ресейдің Орта Азияны зерттеудегі ұстанымдарындағы айырмашылықтар саяхатшылар еңбектерінде де көрініс тапты: біріншілері – этнографиялық, тарихи-мәдени аспектілерге назар аударса, екіншілері – әкімшілік-стратегиялық мақсатты көздеді. Сонымен қатар терминология, көзқарас, акценттік айырмашылықтар аймақты қабылдауда әртүрлі танымдық қабаттарды қалыптастырды.

ХІХ ғасырда Батыс Еуропа мен Англияның ғылыми және саяси топтары үшін «Түркістан» ұғымы Орталық Азияның кең байтақ кеңістігін – Сібірден бастап Ауғанстан шекарасына дейінгі аймақтарды қамтыды. Бұл географиялық түсінік негізінен түркі халықтарының мекендеу аумағы ретінде қабылданып, этно-мәдени сипатта қарастырылды. Алайда аталмыш түсінік қазіргі Қазақстанның барлық тарихи және этнографиялық ерекшелігін толық қамти алмады. Шын мәнінде, еліміздің көптеген аймақтары сол дәуірде Батыс зерттеушілері үшін зерттелмеген, белгісіз аумақтар болып қала берді.

Батыс ғалымдарының еңбектеріне зер салсақ, қазақ жері мен халқының мәдениеті олардың ерекше назарын аударған. Мәселен, швед текті америкалық антрополог Олоф Коре, америкалық этнолог Лоуренс Крадер, әйгілі неміс-орыс шығыстанушысы Василий Бартольд секілді зерттеушілер өз еңбектерінде қазақ даласының табиғи ерекшеліктері мен тарихи-әлеуметтік құрылымдарын қызығушылықпен сипаттаған. Олар қазақ халқының көшпелі тұрмысы, рулық жүйесі, рухани дүниетанымы мен салт-дәстүрлеріне терең үңіліп, еуропалық оқырманға бұрын-соңды беймәлім мәдениет әлемін таныстырды.

Бұған қоса, ХХ ғасырдың орта шенінде американдық жазушы әрі кеңес жүйесін зерттеуші К. Зелда Кутес (Zelda K. Curtis) өз еңбектерінде қазақ халқының киім үлгісіне және тұрмыс-салтына арнайы назар аударған. Оның "Soviets in Central Asia" атты еңбегінде қазақтың ұлттық киімі мен әйел рөлінің бейнесі кеңінен сипатталған. Кітаптың 128-бетінде автор «A typical Kazakh collective farm woman – Kuldyash Avnymosova, of the 'Red Combine' farm» деген жазумен қазақ әйелінің фотосуретін жариялап, оның іскерлік бейнесін, колхоз өміріндегі белсенділігін ерекше атап өтеді «Е» Қосымшасын қараңыз [105] (Curtis, 1969). Бұл – қазақтың сыртқы болмысын, киім киісін, мәдени коды мен

гендерлік бейнесін өзге ұлт өкілдерінің де зерттеу нысанына айналдырғанын көрсетеді.

Батыс зерттеушілерінің қазақ халқының сыртқы келбетіне, ұлттық киіміне, тұрмыс-тіршілігіне ерекше мән беруі олардың көз алдында бұл ұлттың өзгешелігін, даралығын, еуразиялық кеңістіктегі өзіндік орнын көрсеткен. Бұл сипаттамалар қазақтың материалдық мәдениетінің, күнделікті өмірінің және гендерлік құрылымының зерттеу үшін аса бағалы дереккөздеріне айналды.

Ағылшын этнографы Элизабет Бэкон өзінің әйгілі «Central Asians under Russian Rule: A Study in Culture Change» атты зерттеуінде [106] қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына жан-жақты сипаттама берген. Автор қазақтардың баспанасы мен тұрмыстық дағдыларын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, көшпелі қоғамның табиғи ортаға бейімделу ерекшеліктеріне ерекше назар аударады.

Оның жазуынша, XIX ғасырдың ортасына дейін аңшылық қазақ шаруашылығының құрылымында мардымсыз орын алғанымен, түлкі, бөкен және өзге де жабайы жануарлар терілері киім тігуге және айырбасқа жараған. Балық аулау негізінен батыс өңірлерде өмір сүрген тұрмысы төмен топтардың кәсіпшілігі ретінде таралған. Дегенмен, қазақ қоғамы үшін балық – қосалқы азық көзі ретінде пайдаланылған.

Қазақтардың негізгі баспанасы - «киіз үй» көшпелі тіршілікке бейімделген әрі катал континенталды климат жағдайына ыңғайластырылған құрылыс ретінде сипатталады. Оның негізін икемді торлы ағаш – кереге құрайды. Бұл құрылым тасымалдауға жеңіл әрі қажет кезде кеңейтуге немесе ықшамдауға оңтайлы болған. Киіз үйдің шеңберлі қабырғасы әдетте бес қанаттан тоғыз қанатқа дейінгі бөліктерден құралған. Осы қанаттардың үстіне уықтар иіліп орнатылады да, олардың ұштары күмбез пішініндегі шаңыраққа бекітіледі. Есігі ағаш шегелермен қоршалып, төменгі табалдырығы мен жоғары маңдайша бөренесі арнайы бекітілген. Кейде есікке арқан ілмектер арқылы ағаш қақпа орнатылады, алайда көбіне киізден тігілген шымылдық пайдаланылған.

Үйдің сыртқы қаңқасына бірнеше қабат киіз жамылады. Жоғарғы бөлікте – шаңырақ үстінде – киізден жасалған түтін шығарғыш орналастырылады, ол ауа райының бағытына қарай жылжытылып отырады. Қыстыгүні үй қабырғаларына қосымша төсеніштер ілінген. Көшіп-қону кезінде киіз үй бұзылып, оның бөлшектері түйелер мен жылқыларға артып, жаңа тұраққа жеткенде шамамен бір сағаттың ішінде қайта тігілетін болған.

Киіз үйдің ішкі кеңістігі де нақты тәртіппен ұйымдастырылған. Қабырғаларында сәндік бұйымдар – шыршалар мен кестелі көрпешелер ілулі тұрса, оң жақ бетінде – әйелдерге арналған ыдыс-аяқ, теріден жасалған сүт құтылары мен сабалар, ағаш ожаулар мен табақтар орналасады. Кіреберіс тұста қымыз толы саба тұрады. Ал үйдің дәл ортасында – үлкен темір қазан асылатын үш аяқты ошақ орнатылады. Сол жақ бөлік ер-азаматтарға тиесілі: мұнда олардың қару-жарағы мен басқа да мүліктері сақталады. Кей үйлерде ағаш кереуеттер болғанымен, көшпелі қазақтар негізінен киіз төсеніштің үстінде тікелей жерге жатып тынығатын.

Әйелдер бос уақытында иірім жіп иірумен, киіз басып, оны бояумен, сондай-ақ кесте тігу, өрнек салумен айналысқан. Бұл қолөнер түрлерінің барлығына бірдей әйелдердің машықтанғаны байқалады, алайда тек санаулы әйелдер ғана тоқыма өнерін меңгерген. Былғарыдан түрлі киім-кешек пен тұрмыстық бұйымдарды ерлер де, әйелдер де тігетін. Сабын жасау үшін қазақтар мал майын күлмен және белгілі өсімдіктермен араластырып, табиғи жолмен дайындаған.

Көшпелі қазақ отбасы күнделікті қажет заттарының басым бөлігін өз қолымен өндірісе де, кей бұйымдарды кәсіби шеберлерден арнайы жасататын. Темір ұсталары – қазандар, пышақтар, шеге және үйдің металл жабдықтарын соққан. Зергерлер болса – әйелдердің әшекей бұйымдарын, белдіктер мен ертоқым әсемдеуіштерін әзірлеген. Мыс өңдейтін ұсталар сирек кездесетін үлкен мыс құмыраларды соғумен айналысқан. Ағаш шеберлері киіз үйдің уық, кереге, шаңырақ сынды негізгі бөліктерін, сонымен қатар ыдыстар мен ілмектерді қарапайым ағаш өңдеу құрылғыларында дайындаған. Тас өңдеушілер – тас мүсіндер мен бейіттерге арналған ескерткіштерді қашап жасаған.

Жаз мезгілінде қазақтар негізінен сүт өнімдерімен қоректенген. Мал саны көп ауқатты отбасылар үшін басты тағам – қымыз болған. Ол көбіне теріден тігілген сабада сақталған. Тұрмысы төмендер қой сүтінен ашытылған сусын дайындап, оны тұтынған. Қайнатылған сүттен сүзбе әзірлеп, оған су қосып ішкен. Майдан қаймақ өндіріп, түрлі ірімшіктен құрт жасаған. Құрт ұзақ уақытқа жарамды болғандықтан, әсіресе жорық жолында және қыс мезгілінде негізгі азық ретінде қолданылған. Қатты әрі кептірілген күйде ол жол азыққа аса ыңғайлы саналған, қажет болған жағдайда сүтке салып жұмсартып жеген.

Қазақ халқының дәстүрлі киім үлгілері, әсіресе ерлер мен әйелдердің сырт киімдері туралы мәліметтер Элизабет Бэконның еңбегінде жан-жақты қамтылған. Автордың жазуынша, ерлер де, әйелдер де негізінен шапан киген. Бұл – тік пішілген, алдыңғы жағынан ашылатын және белінен байланатын ұзын киім. Жоғарғы жағында кең әрі ұзын жеңді көйлек киілетін. Қыстың қақаған аязында атты көшпенділер бірінің үстінен бірін киіп, алты-жеті қабат шапан жамылатын болған. Аяққа киілетін биік өкшелі етіктер мен бас киімдер өңірлік, сондай-ақ тарихи кезеңдерге байланысты әртүрлі болған.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында қысқы киімдер көбінесе түлкі мен қарақұйрықтың терісінен, қой мен түйенің жүнінен дайындалған маталардан тігілген. Дегенмен де, бұл кезеңде айырбас саудасы арқылы немесе керуен тонау жолымен алынған импорттық маталар да қолданылған. XIX ғасыр бойы, әсіресе әйелдер киімінде шетелдік маталар кеңінен тарала бастады. Әйтсе де, ғасыр соңына дейін кейбір аймақтарда жылқы терісінен тігілген дәстүрлі шапандардың қолданылуы жалғаса берді. Жоғары сапалы мата түрлері көшпелілердің қолына көбіне сауда-саттық, ал кей жағдайда қарақшылық жолмен түскен.

Жаз айларында ер адамдар киізден жасалған жеңіл бас киімдер киген. Әйелдердің әшекей бұйымдарына келер болсақ, олар әдетте күмістен жасалып,

бағалы немесе жартылай бағалы тастармен көмкерілген. Бұл әшекейлер сырға, білезік, алқа секілді бұйымдардың негізгі материалдық негізін құрады.

Қазақтардың отбасылық құрылымында кіші ұлдың орны ерекше болған. Дәстүр бойынша кенже бала ата-анасымен бірге қалып, оларды күтіп-бағуға жауапты деп есептелді. Ал үлкен ұлдар үйленген соң өз еншілерін алып, жеке шаңырақ көтеретін. Бұл патриархалды жүйе қазақ қоғамында ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етудің бір жолы ретінде қалыптасқан.

Әрбір ауыл негізінен ортақ атадан тараған ұрпақтардың бірлескен отбасыларынан құралған. Байлардың ауылдарында, дәстүр бойынша, жетім-жесірлер де мекендеген. Олар еңбегі үшін азық-түлікпен және баспанамен қамтамасыз етіліп отырған. Бұл жайт қазақтардың әлеуметтік жауапкершілікке негізделген дәстүрлі құрылымының бір көрінісі ретінде Элизабет Бэкон тарапынан ерекше атап өтіледі. Ғалым қазақтардың ата-тегіне деген құрметін де атап өтеді: халықтың өзін Үлкен Орда, Орта Орда және Кіші Ордадан тараған деп санауы – олардың ұжымдық этникалық жадын, тарихи танымын айғақтайды.

Бэкон өз еңбегінде қазақтардың мәдени мұрасын, оның ішінде отбасылық құрылымын, киім үлгілерін, әлеуметтік қатынастарын сипаттай отырып, көшпелі өркениеттің тұтас бір жүйе ретінде қызмет еткенін терең пайымдайды. Оның айтуынша, тіпті XX ғасырдың ортасына таман да қазақтардың бірқатар өңірлерінде дәстүрлі киіз үйдің әртүрлі үлгілері сақталып келген. Ал қала тұрғындары үшін киіз үй көбіне мерекелік символға айналып, оны ұлттық мейрамдар кезінде – мысалы, көктемде бір ай бойы тойланатын «Наурыз» мерекесінде – сәндік элемент ретінде қайта жаңғырту үрдісі қалыптасты.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап саяхатнама жанры Еуропа елдерінде ерекше танымалдылыққа ие бола бастады. Бұл кезеңде саяхат тек географиялық жаңалық ашу құралы ғана емес, сонымен қатар этнографиялық және мәдени сипаттамалар берудің маңызды әдісіне айналды. Осы бағытта Венгр саяхатшысы әрі шығыстанушы Армин Вамбери Орта Азияны аралап, мұсылман халықтарының арасында өмір сүре жүріп, құнды зерттеулер жүргізді. Оның еңбектері сол кезеңдегі түркі халықтарының тұрмысы мен діни-мәдени ерекшеліктерін түсінуде маңызды дереккөзге айналды.

Осы дәуірде Орта Азия мен Қазақстанды зерттеген батыс еуропалық авторлардың қатарында британдық жазушылар мен саяхатшылар да айрықша көзге түсті. Солардың ішінде Генри Лонсделли, Лорд Керзон және А. Краус сияқты есімдер ғылыми және публицистикалық кеңістікте ерекше орын алды. Генри Лонсделли 1880-жылдары миссионерлік қызметпен қатар, Британ корольдік географиялық қоғамының мүшесі ретінде Орта Азияның бірқатар өңірлерін, соның ішінде Құлжа, Бұқара, Хиуа, Мерв және қазақ даласын кең көлемде аралап шықты. 1885 жылы жарық көрген оның еңбегі, негізінен, қазақ халқының тарихи дамуы мен этнографиясына арналды.

Лонсделлидің еңбегі өз кезеңі үшін энциклопедиялық сипатта жазылған болатын. Ол саяси жағдайды, географиялық кеңістікті, табиғи ортаны, жергілікті халықтардың салт-дәстүрін және аймақтың тарихын кең көлемде сипаттады. Осы жан-жақтылығының арқасында еңбегі Батыс Еуропада үлкен қызығушылық

тудырып, көптеген оқырман тарапынан жоғары бағаға ие болды. Алайда, белгілі бір сын-пікірлер де айтылмай қалған жоқ. Кейбір зерттеушілер оны орыс шенеуніктерінің және Ресей империясының отарлық саясатына деген көзқарасында біржақтылық танытты деп сынға алды [107].

Лонсделлидің «Орта Азиядағы орыстар» атты еңбегінен өзге, «Сібір» атты кітабы да жарық көрген. Соңғысында ол тек географиялық және саяси мәселелермен ғана емес, қазақтардың тарихы мен этнографиясына да тоқталып, қызықты пайымдар ұсынды. Атап айтқанда, ол қазақ халқының жүзге бөлінуін жеке этникалық топтар ретінде сипаттап, бұл құрылымды саяси-әлеуметтік жүйе ретінде қарастырды [108]. Шын мәнінде, бұл пікірдің өзі қазақтардың ішкі құрылымына деген шетелдік зерттеушілердің ерекше назарын аңғартады. Қазақ халқының үш жүзге бөлінуі – олардың қоғамдық ұйымының, тарихи жадының және этникалық біртектілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Бұл құрылым туралы американдық этнолог Лоуренс Крадер де өз зерттеуінде егжей-тегжейлі тоқталып өтеді. Оның «Peoples of Central Asia» атты еңбегінде былай делінген: «Қазақтардың дәстүрлі қоғамдық-саяси құрылымы үш жүзге – Үлкен Орда, Орта Орда және Кіші Ордаға бөлінді. Бұл жүздер өз кезегінде ру-тайпалардан, ал олар – отбасылық қауымдастықтардан тұрды. Үлкен Орда – Жетісу өңірін мекендеген, Балқаш пен Ыстықкөл аралығынан көшіп-қонып отырған. Орта жүз – негізінен қазіргі Орталық Қазақстан жерін алып жатты. Бұл жүздің аумағы Балқаш көлінің солтүстігі мен Сібір даласының оңтүстігіне дейінгі кеңістікті қамтыды. Ал Кіші жүздің мекені Арал теңізінің солтүстігі мен Каспийдің шығыс жағалаулары, Жайық өзенінің сағасына дейінгі аралықты қамтыды. XVIII ғасырдың соңында Орал мен Еділ аралығындағы далалық аймақта Бөкей ордасы деп аталатын төртінші құрылым пайда болды».

Крадердің айтуынша, қазақ халқы XV ғасырдың соңынан XVIII ғасырдың басына дейін біртұтас саяси құрылым ретінде қалыптасқан. Ал Тәуке ханның тұсында бұл бірігу ең жоғарғы деңгейге жетіп, саяси тұрақтылықтың іргесі қаланды. Ғалым өз еңбегінің соңында жүздердің бөліну құрылымын сызбалық түрде көрсетіп, қазақ қоғамының ішкі динамикасын жүйелі түрде түсіндіруге тырысқан [109].

Шетелдік зерттеушілердің еңбектері XIX ғасырдағы қазақ қоғамының құрылымын, мәдениетін және саяси өмірін тануда аса құнды. Олар бұл деректерді кездейсоқ сипатта емес, нақты мақсатпен – аймақтың ішкі әлеуетін, этникалық ерекшеліктерін және геосаяси маңызын түсіну үшін жүйелі түрде жинақтаған. Бүгінде бұл еңбектер Қазақстан тарихын зерттеудің маңызды ғылыми негізіне айналып отыр.

Ресей империясының Орта Азияны жаулап алуының әскери-саяси және халықаралық салдарын зерттеген еңбектердің арасында Алексис Краустың «*Азиядағы Ресей*» атты кітабы ерекше орын алады. Бұл еңбегінде автор қазақтардың отарлық кезеңге дейінгі жауынгерлік табиғаты мен азаттық рухын сипаттай отырып, отаршылдықтың салдары ретінде орын алған өзгерістерге тоқталады. Краустың айтуынша, «бұрын қазақтар өзге елді мекендер мен керуендерді басып алған жігерлі халық еді, бірақ олар Ресейдің соғыс отарына

түскеннен кейін қорқыныш сезімі билеп, көптеген басуларға көніп келеді...» [110] Бұл пікір отарлық үстемдік жағдайында қазақ қоғамында қалыптасқан психологиялық күйзелістер мен рухани күйді көрсетеді.

Осы орайда Хиуа экспедициясына қатысқан генерал Перовскийдің де жазбалары назар аударуға тұрарлық. Оның мәліметтерінде Ресей армиясының жорықтары кезінде қазақтардан тәркіленген мал-мүлік жайлы айтылады. Ағылшын саяхатшысы А.Р. Колкуон өз еңбегінде бұл оқиғаларға сүйене отырып: «орыстардың шабуылынан басын көтере алмай, жерін қорғай алмай қалған қазақтар өз тәуелсіздігін жоғалтпаған сыңай танытады; алайда олардың басым көпшілігі әлі де жаулап алушылармен одақта екенін мойындамайды», – деп жазады [111] Бұл пікірлер отарлық билікке қарсы іштей қарсылық пен қазақтардың саяси болмысына тән ерекшеліктерді аңғартады.

Ресейлік отаршылдар өз үстемдігін заңдастыру үшін көшпенді халықтармен арадағы әскери және мәдени айырмашылықтарды жиі алға тартқанымен, олар қазақ даласындағы тайпа көсемдерінің беделі мен дәстүрлі басқару құрылымдарының мызғымастығын да мойындауға мәжбүр болды. Бұл тұжырымды отарлық басқару тәжірибесін зерттеген Вирджиния Мартин де қолдайды. Оның пікірінше, патша әкімшілігі мен кейінгі славян қоныстанушыларының қысымына қарамастан, қазақтар империялық басқару тетіктерін өз мәдениетіне бейімдеуге тырысты. Басқару тәжірибесінде отарлық әкімшілік пен дәстүрлі биліктің өзара әсері күрделі сипатқа ие болды.

Ағылшын зерттеушілері Элизабет Бекон мен А. Худсон қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына ерекше назар аударған. Бекон өз еңбектерінде қазақ отбасыларының ұйымдасу жүйесін, мұрагерлік құқық, бай мен кедей арасындағы әлеуметтік жіктелу, тұрмыс салты, азық-түлік жүйесі, үй-жай үлгілері мен неке салт-дәстүрлерін терең сипаттайды. Бұл зерттеулер қазақ қоғамының ішкі құрылымындағы күрделі қатынастарды ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Худсон да осындай тақырыптарды көтере отырып, көшпенділердің әлеуметтік байланыстарын ашуға тырысқан.

Сол кезеңде Қазақстанда еңбек еткен ағылшын инженерлерінің бірі – Дж. Уорделл – қазақ халқы туралы жылы пікір білдіреді. Ол: «Қазақтар ержүрек те, еркіндікті сүйетін халық, алайда басқа көшпенділер сияқты елгезек. Олар достарына ақкөңіл, қонақжай, жолаушыға қайырымды, бірақ жауларына мүлде аяушылық танытпайды. Табиғат оларға шешендік пен әзіл-сықаққа бейімділік дарытқан. Өз балаларына шексіз сүйіспеншілікпен қарайды, ал ұл бала үлкендерді сыйлап, әкеге құрметпен қарауды қасиет тұтады», – деп сипаттайды [112] Бұл жолдардан көшпелі мәдениетке тән мінез-құлық үлгілері мен отбасылық тәрбие дәстүрлері айқын көрінеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан туралы ағылшын авторларының еңбектері өз елінің тарихнамасына тереңінен сіңді. Атап айтқанда, В. Ричлер-Ричмерс, Р. Берслем, Г. Равлисон және Ф. Бернаби сынды зерттеушілердің еңбектері Орта Азия туралы кең көлемді мәліметтер береді. Осы қатарда ерекше назар аударарлық тұлғалардың бірі – ағылшын журналисі әрі ғалымы Дэвид Булджер. Ол Орта Азияны жан-жақты

зерттеп, бірнеше маңызды еңбек жазған. Солардың ішінде «*Якуб-бектің өмірі*» [113] «*Англия мен Ресейдің Орта Азиядағы кітаптары*» (1879), «*Орта Азия портреттері*» (1880), және «*Орта Азия мәселелері*» (1885) атты еңбектері ғылыми қауым арасында кең танымал болды. Булджердің шығармалары тарихи деректермен қатар, саяси және мәдени аспектілерді де қамтыды. Оның еңбектері Орта Азияны зерттеуші еуропалық тарихнамада елеулі құбылыс ретінде қабылданды.

Жалпы алғанда, ағылшын зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектері – қазақ қоғамының отарлық кезеңдегі жағдайын, әлеуметтік құрылымын және мәдени-рухани болмысын кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік беретін құнды дереккөздер. Бұл еңбектер Қазақстан тарихының шетелдік интерпретациялар арқылы қалай сипатталғанын түсінуге негіз болады.

Қазақ халқының тарихына ғана емес, оның ауызша сөз өнері мен рухани дүниесіне қызығушылық танытқан Батыс Еуропа публицистері мен зерттеушілерінің қатары да аз емес. Қазақ әдебиеті – ғасырлар тереңінен бастау алатын бай эпикалық және лирикалық дәстүрлерге ие. XIX ғасырдың ортасына дейін ауыз әдебиеті – ерлік жырлары, лирикалық толғаулар, әндер, ертегілер мен аңыздар – халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесінің негізгі көрінісі, оның үні мен үміті, арман-мұратының бейнесі болды. Бұл поэзия – елдің өткеніне берілген баға, болашағына бағытталған сенім.

Осы рухани мұраны зерттеп, бағалаған шетелдік тұлғалар арасында М.Әуезовтің шығармашылығы мен мәдени мұрасына ерекше көңіл бөлген зерттеушілер бар. Мәселен, шетелдік зерттеуші Хексельншейдер өзінің әсерін былай жеткізеді: «*Мен Мұхтар Әуезовтің мұражайында болдым, содан кейін ғана мен қазақ және қырғыз халқының алдында қарыздар екенімді түсіндім. Әуезовті әйгілі жазушы ретінде танытынмын. Енді мен осы тұлғаның басқа қырымен – әлем халықтарына арналған еңбектерімен, шешендігімен, ғалымдығымен, қоғам қайраткерлігімен таныстым. Бәлкім, өткен ғасырларда мұндай адамдарды пайғамбарға теңеуге болар ма еді*» [114]

XX ғасырда қазақ кеңестік әдебиеті өзінің идеялық-көркем биігіне жетіп, бүкіл кеңестік кеңістіктің әдеби-мәдени дамуына үлес қосқан маңызды құбылысқа айналды. Жас қазақ әдебиеті қоғамдағы терең әлеуметтік, саяси және рухани өзгерістерге үн қосып, ұлттық дүниетаным аясындағы маңызды мәселелерді көтерді. Мұндай көркемдік ізденістер мен жаңашылдықтар шетелдік зерттеушілердің де назарын аудартты.

Қазақстандық авторлардың шығармалары Батыс пен Шығыстың көптеген тіліне аударыла бастады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Кеңес Одағы құрамындағы елдердің ішінде шетелде шығармалары ең көп жарияланған республикалардың бірі болды. Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлының поэзиясы, М.Әуезовтің романдары, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Б.Момышұлы және А.Әлімжанов сынды қаламгерлердің еңбектері көптеген шет тілдерге аударылып, кең халықаралық аудиторияға жол тартты [115].

Ағылшын зерттеушісі Марта Брилл Олкотт «*The Kazakhs*» атты еңбегінде қазақ әдебиеті мен ақындық дәстүрінің тарихи тамырларына үңіледі. Оның жазуынша: «*Қазақ хандығы кезеңіндегі белгілі ақындардың поэтикалық шығармалары мен жырлары 1870 жылдарға дейін ауызша дәстүрде сақталып келді. Бұл жыр дәстүрінің негізін қалаған жыраулар ақсүйектермен тығыз байланыста болған, олар халыққа рухани дем беруші, ел басшыларына кеңесші ретінде өмір сүрді. Жыраулар – тек ақын ғана емес, рухани көшбасшы еді. Олар ауылдан ауылға ауысып, халық арасында ауыз әдебиетін насихаттаған. Мәселен, Доспамбет жырау (1490–1523 жж.), Шалкиіз жырау (1465–1560 жж.) – сол дәуірдің көрнекті өкілдері*» [116].

Олкотт өз еңбегінде қазақ поэзиясының тек көркемдік емес, сонымен қатар тарихи-идеялық мазмұнына да мән береді. Жыраулық дәстүр – қазақтың елдік болмысын, ұлттық бірегейлігін сақтауда шешуші рөл атқарған рухани арқау екенін айғақтайды.

XIX ғасырдың соңында Орта Азия, оның ішінде қазақ даласы, әлеуметтік және рухани жаңғырудың ерекше кезеңін бастан өткерді. Бұл кезеңде елдің басты жетістігі – халықты жаппай сауаттандыруға бағытталған әрекеттер еді. Ағартушылық идеясы тек білім беру саласымен шектелмей, ұлттық сананың оянуы мен зиялы қауымның қалыптасуымен қатар жүрді. Ағылшын зерттеушісі Эдвард Алвордстың пікірінше, дәл осы дәуірдің басты жетістігі – қоғамда «зиялылар» атты жаңа әлеуметтік топтың пайда болуы еді. Ол өз еңбегінде Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметіне ерекше тоқталып, бұл тұлғалардың Орта Азия халықтарының оқу-ағарту саласына сіңірген еңбегін жоғары бағалаған. Оның айтуынша: «*Бұл – халыққа деген жанашырлықтың көрінісі болатын*» [117].

XX ғасырдың басында, әсіресе 1910–1920 жылдар аралығында, өзін сауатты деп таныған кәсіби мамандар, жазушы, мұғалім, дәрігер болсын, өз бос уақыттарын жазу мен сызуға, идеялық ізденістерге арнай бастады. Бұл – қоғамның ішкі жаңғыруының, сана-сезімнің серпілуінің бірден-бір көрінісі еді.

Осы қозғалыстың көшбасында тұрған қазақ интеллигенциясының ішінен Ахмет Байтұрсынұлының рөлі айрықша аталады. Ол – Алаш Орда ұлттық партиясының негізін қалаушы, 1917 жылғы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының мүшесі, кейін Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары қызметін атқарған, терең білімді, саяси және мәдени қайраткер болды. Алвордс өз еңбегінде Ахмет Байтұрсынұлының түркі әлемі үшін ерекше орны бар екенін атап өтіп, келесі статистикалық деректерді келтіреді: *1915 жылы Хиуа мен Бұқара хандығын қоспағанда, Орта Азиядағы түркі және иран тілдес халықтардың ішінде сауатты адамдардың үлесі небәрі 6 пайызды құраған.*

Мәселен, Ферғана облысында бұл көрсеткіш 0,6 пайыз ғана болса, Самарқан облысында – 3,2 пайызға жеткен. Жалпы алғанда, бүкіл Орта Азияда халықтың сауаттылық деңгейі 1915 жылы шамамен 2,9 пайыз болды. Хиуа мен Бұқараны қосқанда бұл көрсеткіш 1926 жылы 3,5 пайызға дейін ғана көтерілді.

Көріп отырғанымыздай, ағартушылық қозғалыс қоғамда бірден кең қолдау таппағанымен, сол дәуірдің зиялылары бұл істі қажымай жалғастырды. Олардың

күш-жігері болашақтың мәдени іргетасын қалап, қазақ халқының рухани жаңғыруына жол ашты. («Ж» Қосымшасында көрсетілген кестелерді қараңыз).

Зерттеуші Джеффри Виллер өз еңбегінде: *«XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияда қазақтардан құралған жаңа буын жазушылар қалыптасты. Олардың басты мақсаты – қазақ халқын заманауи ұлт деңгейіне көтеру болды. Бұл топтың көрнекті өкілдері – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбайұлы. Абай орыс әдебиетін терең меңгерсе, Алтынсарин мен Уәлиханов араб және парсы әдебиетіне жетік болды. Абай, ақын ретінде, ойды прозамен жеткізуді артық көрді. Уәлиханов өз еңбектерінде қазақ мәдениетін орыс оқырманына таныстыруды мақсат етсе, Алтынсарин білім беру реформасына басымдық берді»* – деп жазады [118].

Бұл ойдан ұлт мүддесі үшін қызмет еткен зиялы қауым өкілдерінің шынайы жанашырлықпен халыққа білім мен мәдениет нұрын шашқаны аңғарылады. Олар өз заманының қиындықтарына қарамастан, ұлттық сананың оянуына серпін берді.

XIX ғасырдың соңына қарай қазақ зиялылары өздерінің ұлттық баспасөз құралдарын шығаруға талпынды. Бұл ұмтылыс ұлттық публицистиканың дамуына, соның ішінде ағартушылық қозғалыстың өрістеуіне серпін берді. Шоқан Уәлиханов қазақ қоғамының отарлық билік жағдайындағы күйін терең зерделеп, Ресей империясының саясатын сынға алды. Оның публицистикалық жазбалары тарихи, этнографиялық және саяси талдауларға негізделген ғылыми-публицистикалық мазмұнмен ерекшеленді.

Шоқан – жан-жақты білім алған, терең ойлы, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, туған халқының тағдырына бейжай қарамайтын тұлға болды. Ол Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кезінде тарих, әдебиет пен тіл саласында дарынды оқытушылар Косоплещкий мен Тонеевскийдің ықпалымен рухани толысуға бет бұрды. Бұл оқу орнында жүріп, ол орыс және әлем әдебиетінің үздік үлгілерімен танысты, ғылыми танымы кеңейіп, зерттеушілік қабілеті ұштала түсті.

Жазғы демалыстар кезінде ел ішіне шығып, халық ауыз әдебиетін – жыр, аңыз, эпостарды жинауға құштарлық танытты. Оның алғашқы жазбаларының бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры болды. Бұл жырды кейін көрнекті шығыстанушы, Петербург университетінің профессоры И.И. Березин жоғары бағалап, Шоқанның зерттеушілік қабілетін таныған соң, оны ескі жазба деректерді талдау ісіне тартты. Шоқанның «Профессор И.Н. Березинге хат» және «Березиннің “Хан жорықтары” кітабына рецензия» атты алғашқы ғылыми еңбектері – оның зерттеушілік бағытын айқындаған жазбалар еді.

Осы мақсаттағы барлау экспедицияларының бірі – капитан-лейтенант А. И. Бутаков басқарған 1848–1849 жылдары Арал теңізін зерттеуге арналған ғылыми сапар болды. Бұл экспедиция құрамында суретші әрі публицист Бронислав Залесский де болды. Кейін ол осы сапарда көрген-білгенін жазып, қазақ халқының өмір салты, әдет-ғұрпы және табиғатпен етене байланысы жөнінде құнды мәліметтер қалдырды.

Бронислав Залесский (1820–1880) – поляк ұлтының өкілі, талантты суретші әрі азаматтық ұстанымы айқын тұлға. Дерпт университетінде білім алып жүрген кезінде, 1838 жылы жасырын ұйымға қатысқаны үшін Ресей үкіметі тарапынан қуғындалып, Черниговқа жер аударылады. Кейін бостандық алып, отанына оралғанымен, екінші рет саяси айыптауларға ілініп, екі жыл түрмеде отырады. Ақырында әскери соттың үкімімен Орынборға қатардағы солдат ретінде жіберіледі. Ол бұл шаһарға 1848 жылдың наурыз айында келген.

Сол жылдың жазында Залесский Арал теңізін зерттеген Бутаковтың экспедициясына қатысады. Сапар барысында ол айнала табиғатты, адамдардың тұрмыс-тіршілігін қағаз бетіне түсіріп, суретші ретінде белсенді жұмыс атқарды. Бұдан кейін де ол 1851 жылы ұйымдастырылған Маңғыстау экспедициясына, ал 1853 жылы Ресей әскері жасаған Ақмешіт жорығына қатысады. Осы сапарларының бірінде, қазақ даласында айдауда жүрген әйгілі украин ақыны және суретшісі Тарас Шевченкомен танысып, рухтас достық орнатады.

Айдаудан босап шыққан соң, 1865 жылы Залесский Парижге қоныс аударады. Дәл осы қалада ол қазақ халқының тұрмысын, әдет-ғұрпын, әлеуметтік-экономикалық ахуалын және кең байтақ дала табиғатын сипаттаған атақты альбом-кітабын жарыққа шығарады. Бұл еңбек XIX ғасырдың орта шеніндегі көшпенділер өмірінен мол мағлұмат беретін, қазақ этнографиясы үшін маңызы орасан зор құжат ретінде бағаланады. Альбомда ұсынылған бейнелер мен пікірлер – автордың көшпенді өмір салтына деген қызығушылығы мен терең түсінігінің көрінісі.

Кейін бұл құнды еңбек орыс тілінен қазақшаға аударылып, «Қазақ сахарасына саяхат» деген атаумен 1991 жылы қалың оқырманға жол тартты (аударған – К. Сегізбаев). Ендігі жерде Бронислав Залесский қалдырған жазбалар арқылы ұлттық мінез бен психологиямызға қатысты ой-пайымдарды талдауға көшеміз [152].

Альбом-кітабының беташарында Бронислав Залесский өз еңбегінің мақсаты мен табиғатын нақтылай отырып, оқырманды мынадай сөздермен қарсы алады:

«Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл дүние – тарихи зерттеу де, этнографиялық еңбек те емес. Мұны туристің жолсапар жазбасы деп те айта алмайсың. Қазақ даласына тағдыр айдап келген соң, осында табаны күректей тоғыз жыл өмір сүріппін. Осы аралықта шексіз де шетсіз кеңістікті атпен де, жаяу да кезіп өттім. Сурет салу – мен үшін жай ермек емес. Қарындаш пен қағазды қолыма алған сәттер – жанымды жеген шерімді ұмыттырып, көңілімді жай таптыратын, тіпті ең бақытты кездерім болды десем, артық айтқандық емес. Табиғатпен етене жақындасып, жан-дүниеммен кірігіп кеткендей болдым. Ол менің ұстазыма айналды.

Егер белгілі бір мекенде бірнеше мәрте болған болсам, сол маңдағы шөл даланың әрбір нүктесінен, тіпті көкжиектің шетінде «мен мұндалаған» жартаc бейнесінен де өзіндік сұлулық көре алдым. Жазира перзенттерінің өмірінің куәсі ретінде олардың тіршілігін байыппен бақыладым, ауызекі айтқан ертегілерін тыңдадым. Бұл жазбада өз көзіммен көріп, көңіліме түйген жайттар мен қағазға түсіріп үлгерген кейбір аңыздардың ғана бір бөлігін ұсынып отырмын. Менің ойымша, мұндай еңбек өзінің тың жаңалықтарымен оқырманын қызықтыраы сөзсіз.

Қателеспесем, Батыс Еуропадан шыққан бірде-бір адам бұл өлке туралы көркемдік сипаттағы шығарма жазып, оның табиғатын бейнелеуге тырыспаған. Ал менің ұсынып отырған дүниелерім өмірдің өзінен ойылып алынған. Салған суреттерімде де, жазбаларымда да қиялға беріліп кеткен жоқпын, керісінше, табиғатқа шынайы көзқараспен қарауға тырыстым. Мүмкін, кейбір сызықтарымда техникалық кемшіліктер болар, бірақ олардың шыншылдығына және дәлдігіне күмән келтіру қиын».

Бұл үзінді Залесскийдің өз туындысына деген көзқарасын, оның далалық халықты сырттай бақылаушы емес, ішкі бір бөлшегі ретінде тануға тырысқанын аңғартады. Оның әрбір суреті мен жазбасы – XIX ғасырдың қазақ даласын көркем-этнографиялық тұрғыда бейнелеудің алғашқы қадамдарының бірі. Сонымен қатар, Залесскийдің еңбегі көркемдік шындық пен тарихи дәлдіктің тоғысқан тұсын көрсетеді. Бұл тұрғыдан келгенде, оның шығармашылығы отарлық саясат жағдайындағы көшпенділер әлеміне сырт көзбен емес, шынайы жанашырлықпен қараған сирек қаламгерлердің бірі ретінде бағалануға әбден лайық. Желтоқсан, 1864, Париж. Бронислав Залесский.

Б. Залесскийдің: *«Салған суреттерім мен жазбаларымда қиял жетегінде ілесіп кетпей, табиғаттың өзіне көп үңілдім. Сондықтан да әрбір деталь, тіпті қылаудай сызығымда кейбір кемшіліктер болуы мүмкін, бірақ олардың дәлдігі мен шыншылдығында күмән жоқ»,* – деген сөзі оның қазақ халқы жөнінде қалдырған жазбалары мен суреттерінің боямасыз шындыққа негізделгенін айғақтайды. Бұл тұжырым – автордың бақылаушылық қана емес, шынайы ғылыми-этнографиялық жауапкершілікпен жұмыс істегенін білдіреді.

Зерттеушілер ұлт психологиясының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды нақтылап көрсеткен.

Олар:

- а) халықтың тарихи тағдыры;
- ә) негізгі кәсібі мен шаруашылық формасы;
- б) төл мәдениетінің сипаттары;
- в) ақпарат алмасу мен ойлау тілі;
- г) салт-дәстүрлік жүйесі;
- ғ) табиғи ортасы мен климаттық ерекшеліктері;
- д) діні мен сенім жүйесі;
- е) әлеуметтік-демографиялық құрылымы.

Осы тұрғыдан қарағанда, Залесскийдің «Қазақ сахарасына саяхат» атты еңбегі – XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, табиғи болмысы және рухани дүниесі жайындағы аса құнды дереккөздердің бірі.

Мәселен, еңбектегі «Қазақ киіз үйі», «Киіз үйдің ішіне кіргенде», «Қазақ әйелі», «Қазақ мазары», «Қазақтардың киелі ағашы» сынды бөлімдер – көшпенділер өмірінің жан-жақты көріністерін беретін суретті-мәтіндік біртұтас панорама іспетті. Автордың қаламы мен қылқаламы шебер үндесіп, бірін-бірі толықтырып, еуропалық оқырманды дала өркениетінің ішкі сұлулығына тәнті етуге бағытталған.

Киіз үй жөнінде Залесскийдің былай деп жазуы көп нәрсені аңғартады:

«Көшпелі қазақтар басқа да мал бағып, тіршілік ететін тайпалар сияқты үскірік аяздан, аптапты ыстықтан өздерін қорғайтын, сонымен бірге бір жерден екінші жерге жұрт ауыстырғанда лып еткізіп жинап, тез тұрғыза қоятын баспана ойлап табуға мәжбүр болған. Бұл талапқа олардың киіз үйлері қалтқысыз сай келеді...» [152].

Бұл тұста Залесский тек тұрмыстық дерек беріп қана қоймай, техникалық ақыл мен экологиялық үйлесімнің үлгісін көрсетеді. Киіз үй көшпелілердің географиялық ортаға бейімделген өмір салтын, тез қозғалуға мүмкіндік беретін мобильді мәдениеттің көрінісі ретінде ұсынылады. Сол секілді, қазақ халқының жүйрік жылқыға деген көзқарасы – ұлттық мінездің, эстетика мен дүниетанымның ажырамас бөлігі:

«Қазақтардың ат бәйгесінде жүйріктер ұзаққа айдалады, көбіне 40 шақырымнан қайтарып, алғашқы он шақырымды – аяңмен, келесі онды – желіс, үшіншісін – текірек, ең соңғысын – шабыспен жарыстыратын үрдіс бар. Шексіз дала жұрты үшін жүйрік ат – нағыз қазына. Қазақы жылқының тұқымы негізінен ұзаққа сілтейтін жүйрік келеді» [152, 81].

Мұнда жылқы жай ғана көлік құралы емес, ол – төзімділік, жылдамдық, еркіндік, қаһармандық сынды ұғымдармен сабақтасқан ұлттық рәміз.

Осы ойды автор тағы бір тұста былайша нақтылайды:

«Қазақты ат үстінде тану қажет. Жер түбіне дейін шаршамай, шалдықпай ат үстінде жүре берер төзімділігін, ептілігін көргенде қазақтар осы ер үстінде жаралғандай көрінеді» [152, 15–16].

Бұл – қазақ мінезіне тән қозғалысқа бейімділік, далалық сергектік, физикалық төзімділік пен еркін болмыстың көркем тілмен берілген сәтті сипаттамасы.

Б. Залесский шығармасындағы қазақ өміріне қатысты деректер мен пайымдар – этнографиялық дәлдікке ғана емес, эмоциялық шынайылық пен рухани таным тереңдігіне де негізделген. Автор қазақ халқының қалыптасқан болмысын, табиғи тұрмысын, ұлттық мінезін қиялдан қоспай, сол күйінде бейнелеуге тырысады. Бұл – отарлық кезеңдегі көптеген жазбалардан ерекшеленіп тұратын, объективтілік пен адамгершілікке құрылған көзқарас үлгісі.

Қазақ халқының жылқыға деген ерекше ықыласы мен терең құрметі – жай ғана шаруашылықтың талабынан емес, сан ғасырлық көшпелі өмір салтымен

сабақтасқан тіршілік философиясының нәтижесі. Далада өмір сүру үшін, кеңістікті игеру үшін, күнделікті тіршілік пен қауіп-қатерге бейімделу үшін – жылқы түлігі тек көлік емес, өмір сүрудің кепіліне айналған.

Осының тарихи негізін әрі ғылыми дәлелін этнограф-ғалым Ахмет Тоқтарбектің *«Арғымақтан туған қазанат»* атты еңбегінен табамыз. Ол былай деп жазады:

«Энеолит дәуіріне жататын (біздің заманымызға дейінгі 4 мың жылдықтың орта шені, 5-мың жылдықтың басы) 15 га жерді алып жатқан Ботай қонысы – алғашқы қауымдық құрылыс тұрғындары бірнеше жүз жыл мекендеген қала... Ботай қонысын 1980 жылы археологтар тапқаннан бері 250–300-ге жуық баспана-тұрақтың орны қазылып, 7000 шаршы метр мәдени қабаттар арышылды. 50-ден астам шаруашылық құрылыстары есепке алынды» [153].

Ботай мәдениетінің басты ерекшелігі – мұнда табылған барлық қаңқалардың 99,9%-ы жылқы сүйектері болуы. Бұл мәлімет Ботайлықтардың негізгі кәсібі жылқы өсіру болғанын нақты көрсетеді. 4–5 маусымдық археологиялық жұмыстардың өзінде 10 тоннадан астам жылқы сүйегі табылған, бұл – әлемдік археологиядағы айрықша жаңалық.

Ең маңыздысы – Ботайлықтар жылқыны қолға үйретуді бұдан 5–6 мың жыл бұрын меңгерген. Мұны сүйектен жасалған ауыздықтың (псалий) табылуы айғақтайды. Бұл – жылқыны басқару техникасының бастау алуы ғана емес, адам мен жануар арасындағы өзара қатынастың күрделенуін көрсететін символ.

Ахмет Тоқтарбек еңбегінде палеозоолог Л.М. Макароваға сілтеме жасай отырып былай дейді:

«Ботай жылқыларының барлығы біркелкі, бойлары орташа, сирақтары жуан, сіңірлі, басы үлкен, алқымы кең жылқылардан құралған. Тұрпатының (конституциясының) өлшемдері қазақ жылқысының тұқымына жақындайтынын палеозоологтар дәлелдеп отыр» [153, 54].

Бұл сипаттамалар – бүгінгі қазақ жылқысының табиғи жалғастығы Ботайлық түліктерден бастау алғанын айғақтайды. Демек, жылқы – қазақ болмысының іргетасын қалаған архетиптік бейне, әрі ғасырлар бойғы генетикалық, мәдени жалғастықтың нақты дәлелі.

Поляк суретшісі әрі саяхатшы Бронислав Залесский қазақ даласын жай ғана бақылаушы ретінде емес, табиғатпен тұтас өмір сүрген жанның көзімен суреттейді. Ол: *«Салған суреттерім мен жазбаларымда қиял жетегінде ілесіп кетпей, табиғаттың өзіне көп үңілдім. Сондықтан да әрбір деталь, тіпті қылаудай сызығымда кейбір кемшіліктер болуы мүмкін, бірақ олардың дәлдігі мен шыншылдығында күмән жоқ»* – деп жазуының өзі оның қазақ қоғамын суреттеуде шынайылықты басты қағида еткенін көрсетеді.

Залесскийдің *«Қазақты ат үстінде тану қажет», «жүйрік ат – нағыз қазына», «осы халық ат үстінде жаратылғандай»* деген таңданысты тұжырымдары – жай ғана көркем теңеу емес. Бұл – мыңдаған жылдар бойы жылқы жануары мен қазақ халқының біртұтас тіршілік формасына айналғанын Ботай дәуірінен бастап аңғартатын тарихи-көркем пайым.

Бір жағынан, Ботай қонысы – алғашқы жылқы ұстау мәдениетінің археологиялық куәсі болса, екінші жағынан, Залесскийдің жазбалары – қазақ халқының сол архаикалық өмір салтының ХІХ ғасырдағы тірі жалғасы. Оның:

«Жер түбіне дейін шаршамай, шалдықпай ат үстінде жүре берер төзімділігін, ептілігін көргенде қазақтар осы ер үстінде жаралғандай көрінеді» – деген сөзі, ұлттық болмыстың жылқы төңірегінде қалыптасқанын терең ұғынып айтылған.

Залесский жазғандай, 40 шақырымдық ат бәйгесі, ондағы аяң-желіс-текірек-шабыс тәрізді кезең-кезеңмен жіктелген жарыс форматы – тек спорт не ойын емес. Бұл – жылқы төзімділігін сынау арқылы халықтың да өз төзімі мен ептілігін өлшеу мәдениеті. Бұл орайда бәйге – биологиялық та, психологиялық та сын.

Кең дала, шексіз көкжиек, тоқтаусыз қозғалыс – көшпенді сананың қалыптасу факторлары. Осы кеңістікте өмір сүрген халық үшін жылқы – табиғатты игерудің ғана емес, сол табиғатпен үйлесудің де құралы.

Мұны Залесский былайша жеткізеді:

«Табиғат екеуіміз бір-бірімізбен мүлде жақындасып, кірігіп кеткендейміз. Ол менің ұстазыма айналды...»

Осы сөздерді қазақ болмысына аударсақ – бұл табиғатпен егіз жаратылыс идеясын береді. Қазақтың өз ұғымында да жылқы «жануар» емес, «жолдас», «сенімді серік» ретінде қабылданады. Сондықтан жылқы арқылы танылған кеңістік пен уақыт ұғымдары – көшпенді психологияның негізгі тіректері.

Залесскийдің «қазақ ат үстінде жаратылғандай» деп түйгені – жай ғана әсерлі образ емес. Бұл – Ботайдан басталып, дала өркениетінің өзегіне айналған жылқы мен адам арасындағы терең қатынастың көркем-философиялық тұжырымы.

Осы тұрғыдан келгенде, Ботай археологиясы мен Залесский этнографиясы уақыт кеңістігінде бірін-бірі толықтыратын тарихи-художествендық тұтас жүйе. Бірі – ғылыми дәлел, екіншісі – рухани-бейнелік таным. Ал екеуінің тоғысқан тұсы – қазақтың табиғатпен тұтастығын паш ететін мәңгілік жылқы феномені.

Қазақ халқының табиғатпен біте қайнасқан өмір салты – кездейсоқ тарихи үдеріс емес, сан ғасырлық қажеттіліктен туған өмірлік философия. Бұл үрдістің тамыры тереңде – энеолит дәуіріндегі Ботай мәдениетінен бастау алып, кейінгі замандарда ұлттық болмыстың өзегіне айналды. Оған көркем этнография мен тарихи шежіре де куә.

Залесскийдің: *«Жер түбіне дейін шаршамай, шалдықпай ат үстінде жүре берер төзімділігін көргенде, қазақтар осы ер үстінде жаралғандай көрінеді»* – дегені, жай әсер емес. Бұл – сол дәуірдегі көрген шындықтың бейнелі баяны. Оның бұл пікірі тарихи құжаттармен де бекітіледі.

Зерттеуші Ахмет Тоқтарбек Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі мына деректі келтіреді: 1513 жылы Моғол ханы Саид сұлтан Қасым ханның киіз үйінде жиырма күн мейман болып, қонақжай көшпенді тіршіліктің бірегей куәсі болады.

Қасым ханның сөзінде:

«Біздің басты байлығымыз – жылқы, еті мен терісі тағамымыз бен киіміміз, ал сүтінен тамаша сусынымыз жасалады... Жайылымдағы табынды көріп қызықтайық» – деуі, көшпенді мәдениетінің материалдық қана емес, рухани мәнін де танытады.

Саид сұлтанның жадына мәңгілік орын алған қазақ жылқылары – Залесскийдің ғасырлар өткен соң жазып кеткен асқақ таңданысына толық сай келеді. Мұндағы сабақтастық – қазақ болмысындағы жылқыға деген құрметтің тарихи тұрақтылығын паш етеді.

Залесский тек жылқы емес, қазақтың күнделікті тұрмысындағы түйенің символдық болмысын да терең сезінеді.

Ол түйені:

«Шөл даланың нағыз тәңірі... оның боздаған үні шексіздіктің шіркеу органы секілді көкейіңде салтанатты күй ойнатады» – деп сипаттайды.

Бұл бейне – сырт көзге экзотика көрінуі мүмкін, алайда, қазақ үшін түйе – тіршілік арқауы, көш көлігі, тағам мен киімнің көзі, ал рухани тұрғыдан – далаға бейімделген еркін болмыстың, кең тыныстың, сары дала философиясының белгісі.

Түйенің табиғатқа бейімділігін ғылым да растап отыр. Ахмет Тоқтарбек келтірген деректерге сәйкес, шұбаттың құрамы – дәрумен мен микроэлементке бай, әсіресе С витамині, кальций, фосфор секілді элементтер рахит, құрқұлақ сияқты аурулардың алдын алып отырған. Бұл – табиғи ортаның шипалы қуаты мен оны игерген дәстүрлі қазақ медицинасын біріктіретін ғылыми-этнографиялық тұжырым.

Залесскийдің көркем суреттеулері мен Ахмет Тоқтарбектің ғылыми дәйектері – бір-бірін тереңдете түсетін дереккөздер. Олар қазақ халқының мал түлігі арқылы табиғатты игеріп қана қоймай, сонымен үйлесімді өмір сүре білгенін дәлелдейді.

Жылқы – кеңістік пен уақытты игерудің,

Түйе – төзімділік пен көш-қон тіршіліктің,

Ал табиғатпен үндес тіршілік – ұлттық мінез бен ойлаудың философиялық өзегі. Түйе түлігінің адамға тигізетін осындай пайдасына деген құрметінен болса керек, бұл жануар фольклорлық мұраларымызда, хандық дәуірдегі әдебиетімізде де кеңінен көрініс тапқан. Бұл ретте халқымыздың тілдік қорында қалыптасқан бірқатар бейнелі тіркестер мен теңеулер айрықша назар аударуға тұрарлық.

Мысалы, халық аузында кең таралған «Ақ түйенің қарны жарылды» деген сөз аса молшылық пен ерекше қуанышты білдіру үшін қолданылады. Әйелдің сұлулығын сипаттаудағы «бота көз» тіркесі немесе ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікті білдіретін «ботам» сөзі де осы түлікпен байланысты. Бұлар – қазақ халқының өмір салтындағы түйенің орны мен құндылығын айғақтайтын көркемдік-танымдық бірліктер.

Бронислав Залеский түйенің ерекше қасиеттерін сипаттай келіп, былай деп жазады: «Бұл түлік көп шаршауды білмейді, оның үстіне күй талғамайды. Түйе жай уақытта 650, кей кездері 750 фунтқа дейін жүк көтереді. Жануардың адымы үлкен болғанмен, күніне 70–80 шақырымнан артық жер ала алмайды. Жүк артқан

түйенің 60 шақырымнан артық жүре алмасы тағы белгілі» деп түйенің дала жорығындағы төзімділігіне таңданысын білдіреді.

Бұл сипаттама Махамбет Өтемісұлының күрес жолындағы бейнелі сөздерімен үндеседі:

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығуға,
Қас үлектен туған кәтепті
Қара нар керек біздің бұл іске.

Ақынның бұл жолдарында қара нар – шыдамдылық пен қайраттың, күрескерлік рухтың символы ретінде алынған. Бұл түліктің халық санасындағы орны жай ғана шаруашылықтағы рөлімен шектелмей, рухани-поэтикалық кеңістікке де еніп кеткенін көрсетеді.

Автор «Қазақ сахарасына саяхат» атты еңбегінде көшпенділердің жұлдыз арқылы бағдар алу машығын да ерекше қызығушылықпен сипаттайды: «Арнайы салған жолы жоқ, құдықтары да сирек ұшырасар маң далада бағытыңнан жаңылсаң, бір тамшы су таппай күні бойы адасуың мүмкін, сондықтан жолбасшысыз жол жоқ. Қазақтар дала сырына жетік, түн баласында жұлдыздарға қарап бағдар алады» дейді.

Жұлдыздар көшпенді өмір салтында бағдар ғана емес, дүниетанымдық рәмізге айналған. Жетіқарақшы, Үркер, Сүмбіле, Темірқазық, Шолпан сынды шоқжұлдыз атаулары бүгінге дейін сақталып келеді. Темірқазық – көшпенділердің бағытын анықтауға негіз болған ең маңызды жұлдыз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ол былайша анықталады: «Темірқазық астр. Горизонттың терістік жағына орналасқан, Кіші аю шоқжұлдызындағы ең жарық жұлдыз».

Қазақтың қара өлеңінде де бұл таным көрініс береді:

Әуеде алты жұлдыз аты – Үркер,
Түйеге кебежелі бота тіркер...

Немесе:

Қозғалмас жұлдыз аты – Темірқазық,
Бәйгіге жүйрік шабар бауырын жазып...

Ақтөбе өңірінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген әнші, ақын Әлима қыздың шығармашылығында да жұлдыз арқылы туған жерге деген сағыныш көркем бейнеленеді:

Әуеде бір жұлдыз бар Темірқазық,
Мен содан ала алмаймын көзім жазып.
Кешегі ерке тоты Әлимасы,
Жолдайды туған елге сәлем-назын.

Темірқазық – бұл жырларда тек аспандағы нысан ғана емес, туған елдің, балалықтың, рухани бағыттың символына айналған.

Қазақ халқының табиғатпен етене өмір сүргені, төрт түлікті тек тіршілік көзі ретінде емес, өмір философиясының бір бөлшегі етіп қабылдауы – осы сынды деректер мен көркем мәтіндер арқылы ерекше айқындала түседі. Залескийдің

этнографиялық байқаулары мен қазақ ақын-жырауларының жырларында бір-бірін толықтырып, терең түсіндіретін ішкі үйлесім бар.

Ата-бабаларымыз қыстауға не жайлауға көш түзегенде, жолға шыққанда, ескі заманнан бері жұлдыздарға қарап бағыт алған. Ен далада сапар шеккен жұрт, әсіресе түнгі уақытта, барар жеріне адаспай жету үшін Темірқазыққа қарап, бағдар ұстанған. Бұл жұлдыз – көшпелі тірліктегі табиғи компас іспетті. Өзге жұлдыздар секілді тумайды, батпайды, ағып түспейді – ежелгі өлеңдерде сипатталғандай, қысы-жазы аспанның дәл ортасында тапжылмай тұрады. Осы тұрақтылығы мен қозғалмастығы оның атауына да негіз болған тәрізді: халыққа қадалған қазықтай көрінген бұл жұлдыз ел арасында «Темірқазық» деп аталып кеткен.

Темірқазықпен қатар аталып жүретін Жетіқарақшы шоқжұлдызы да халқымыз үшін ерекше маңызға ие. Қазақ оны да өлеңмен бейнелеген:

Жүреді көкті шарлап Жетіқарақшы,

Балықшы айдын көлде ол да орақшы...

Бұл – көкжиекке батпайтын жұлдыз, ол Темірқазықты бір тәулікте айналып шығады. Жетіқарақшы деп аталуы да тегін емес: аспанның солтүстік бөлігінде жеті жұлдыз өзара тығыз шоғырланған. Оның төртеуі ожаудың басына ұқсас, ал қалған үшеуі – оның сабына ұқсайды. Айсыз түнде көзге анық түсіп, бағыт-бағдар таңдауда көшпендінің сенімді көмекшісіне айналған.

Сондай-ақ, аспанда бұлтсыз түндерде солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан ақшыл жолақ – Құс жолы – халқымыздың астрономиялық танымында айрықша орын алған. Әсіресе күз мезгілінде айқын көрінеді. Астрономия ғылымының түсіндіруінше, Құс жолы – бізге жақын орналасқан жұлдыздар шоғырының шоғырланған жарығынан құралған, олардың кейбірі алыс, кейбірі жақын орналасқан. Бұл да халқымыздың кеңістік пен уақытты танудағы нәзік бақылауының бір көрінісі.

Әрине, қазақ даласында кең таралған жұлдыз атауларын, соларға қатысты қалыптасқан ұғым-түсініктерді, аңыз-эпсаналарды, жырларды түгел қамтып шығу мүмкін емес. Сондықтан біз тек қазақтың жұлдыздар арқылы бағдар алу машығы мен көшпелі өмірмен сабақтасқан астрономиялық дүниетанымынан үзінді ғана ұсындық. Түнгі аспанға зер салып, халық дәстүріне мән беретін жұрт үшін мұның бәрі жат емес.

Біз бұл бөлімде Бронислав Залескийдің «Қазақтар дала сырына жетік, түн баласында жұлдыздарға қарап бағдар алады» деген байқауын негізге ала отырып, халқымыздың астрономияға қатысты байырғы танымын, нақты тәжірибесін ашып көрсетуге тырыстық. Жазба және фольклорлық деректерді қатар пайдаланып, өз ойымызды этнографиялық-ғылыми уәждермен негіздеуді мақсат еттік.

Автор қазақ даласының келбет-көркіне де тоқталады. Таулы, орманды, сулы болып келетін еуропа жерлерінен өзгешелігін былай деп сипаттайды: «Қазақ даласы Орталық Азияның көтеріңкі үстіртті аймағын алып жатыр. Ол батысында Жайық өзені жағасынан басталып, Арал теңізі мен Каспий теңізінің солтүстік жағын қамти түрік тайпаларымен, бұқар, Хиуа, Қокан хандықтарымен

шекараласса, солтүстігінде Ресейдің азиялық иелігіндегі жерлермен шектеседі. Орынбор губерниясына кіретін жердің бір бөлігінің өзі ғана Францияның, Испанияның, Португалияның жерін қоса есептегендегі территориямен тең екен. Бұл өлкеге көбірек қолданылатын «дала» деген сөздің өзі шегі-шеті жоқ жазықты елестеді. Қазақ даласы шөлге көбірек ұқсайтындықтан Ресейдің оңтүстігіндегі немесе Америкадағы далалардан біраз өзгешелеу. Мұнда теңіз мүйістеріне ұқсас, ағаш өспейтін, үнсіз жатқан біркелкі қыраттар мол... Жабырқау жатқанына қарамай осынау өлкенің өз сұлулығы да бар. Құдай өзі жартқан әр түкпірге әр түрлі әдемілікті еншілеп беруді, әсте ұмытпайды. Европалық тіршілікті еске салар мұнда ештеңе болмаса да, тағдыр тәлкегі қуалап батыстан әкелген адамды осынау сұлулықтың өзі-ақ тәнті етер еді... Мұнда табиғаттың да қарапайым немесе мерекедегідей жасана киінетін кездері бар деуге болады. Әдемі маусым – көктем. Бұл кезде даланың көптеген жері жұлдыздай жарқыраған сарғалдақтарымен араласа, аласа шөптер қалың өседі. Мыңғырған малдың бүйірлері шығып, иелерін де тойдырар еді. Қалың құс өзен-көлдердің бетін жауып, бәрі де жаңа тіршілік ауасымен тыныстайды. Жаз айларында күн жалын атқан лебімен бәрін де күйдіріп, құмға көмілген жұмыртқаны пісіріп шығарады. Бұлақтар суалып, өзендердің кенезесі кебеді. Тіршілік атаулы бір тамшы нәрге зәру. Күз болса жұсақ та жайдары. Кейде, тіпті, бұлақтар мен жылғалардың жағасын жасыл түске бояп, қатал қыс алдында адамзатқа тағы бір жайдары күндерді сыйлағысы келгендей көрінеді. Бұл жердің аязы қатты, қары қалың келеді. Шексіз жазирада бөгесін көрмей еркін жортар жел долы боранды ойнатып кеп жатқаны. Тіршілік атаулының бір тағдыры бір аяздың қаһарына қарап қалғандай.

Алайда, даланың суретшілер мен ақындарды тәнті етер ғажайып бір түлеу сәттері де болады. Көптеген жерлерде қатты ыстық түскен кезде бұлдыр сағым ойнайды. Бүкіл дала бұл сәтте түрленіп сала береді. Көкжиектен тау көрініп, ғимараттар бой көтереді, жарқырай көрінген көлдерге аралдар жүзіп, ормандар суға төніп, ойланады. Осы бір теңдессіз ғажайып көрініс сәулемен ойнап, бірде жақындаса, бірде алыстай түседі, сөйтеді де ауаға сіңіп, жоқ болып кетеді...» [152, 11-13].

Қазақ даласының қатал көрністерін де баяндайды: «Жай уақыттағы мамыражай дала мінезі ойнамалы: құмды дауыл тұрған кезде ашық аспанды түнек басады. Көтерілген құм дауылы демнің арасында күн сәулесін жұтып үлгереді. Тынысы тарлыған адамның есі ауып қала жаздайды. ...құтырынған дүлей апатқа қарсы тұрар күш жоқ, оның жортуылын ештеңе де кідірте алмайды. Ол киіз үйлерді төңкеріп, отар-отар қойларды құмға көміп кете береді... Құм дауылдың жақындап қалғанын сезген түйелер желге қасқая шөгіп алып, боздайды дейсің. Үрей билеген аттар бастарын жерге салып, бірінің қалқасына бірі тығылса, адамдар жер бауырлап жата қалады. Дауыл құмды үйіріп көтере жөнелген кезде ол бір ақ шулан алып баған немесе аспанды тіреп тұрған дінгектей болып көрінер еді.

Құм дауыл осындай алапат болғанда, қарлы бораны одан да сорақы. Жазғы дауыл бір демде апай-топай бұрқылдатып өте шықса, боран кейде неше

күн бойына ойнақ салып жүріп алады. Боранда қалған жолаушы оған қарсы күресер дәрмен таппаған соң, дауылдың бетінің қайтуын күтіп, қар астына жасырынады» [152, 13].

Бронислав Заллескийдің бұл жазбаларында фауна мен флораға қатысты әжептәуір мәліметтер бар. Бұған да тоқала кетейік, ол: «Дегенмен, даланың өзінің өсімдіктер дүниесі, өзінің жануарлар әлемі бар. Алдымен, жусанның он бестей түрі, бадам, жабайы у сарымсақ пен жуа сияқты хош иісті, сонан малды тез семіртіп, қондандыратын ұнтақ дәнді өсімдіктердің көп түрлерін атауға болады. Қазақтар оның бәріне де жеке-жеке атау беріп қойған және де дала қарияларының бәрін де білгір ботаниктер десе болғандай.

Даланың әр жеріндегі өсімдіктер түрлері де әр алуан. Маңғыстау маңы тым жұтаң, құмдауыт жері мол. Мұғаджар тауынан Сырдың жағасына дейін оспай. Сыр өзені мен Арал теңізінің араларында бұтақтары қыңыр-қисық, діндерінің жуандығы 8-10 дюймдей келетін, аласа сексеуіл ағашы мол өскен. Бұл өсімдік, негізінен, отынға пайдаланылады. Даланың кез келген жерінен қазақтар оны да отын үшін пайдаланатын жуан тамыр, көзге көрінер-көрінбес сары гүл атып, бөріктей болып, дөңгелене өсетін көкпекті де жиі ұшыратуға болады. Каспийдің жағалау аңғарларында тұт ағаштары кездессе, Сыр бойында жылтыр қабықты, өткір тікенекті, әдемі күміс түсті жапырақты жиде ағашы мол өседі», – дейді [152, 14-15].

Ал даламыздың фаунасын былайша әңгімелейді: «Жануарлар әлемін әңгімелеуді «құлан» аталатын жабайы жылқыдан және жолаушының жолын кесіп, мың-мыңдап жосыла жортар қара көз ақбөкеннен бастаған жөн. Кей-кейде кенгуруден айнымайтын кішкентай хайуанның (*қосаяқтың*. – *ауд.*) секектей шауып бара жатқанын, кейде сылаңдаған сұм түлкіні, азық іздеп сөлең-сөлең жортқан аш қасқырды көресің. Кішкене ғана суы бар жерге қара бұлттай болып келіп қонатын құстар да мол-ақ. Біздегіден екі еседей ірірек келген қара торғайдың әні өлі далаға жан кіргізгендей. Арал мен Сыр бойындағы нар қамыстарды жолбарыс атаулының ең көрікті тұқымы (патша-жолбарыс) мен қарағұрым қырғауыл мекендейді. Бұл далада, әсіресе, жыландар мен кесірткелер, сары, қара түсті шаяндар, тік қазған інінің аузына құрған торына түсер жемтігін аңдып жатар бүйі сияқты жәндіктер де жетіп артылады» [152, 15].

Б. Залесский XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан құландарды көрген. Батыс аймағына келген саяхатшы П. И. Рычков та 1762 жылы жазған «Орынбор топографиясы» атты еңбегінде құланды: «...құландардың көпшілігі Жайықтың арғы жағындағы далаларда, Сарысуда, әредік Ембі бойында кездеседі. Бойлары тарпаңнан биік, жарау, құлақтары тіп-тік, кәдімгі аттарға қарағанда құйрықтары шолақ, жалы қысқа, терісінің жүні сұйықтау, түрі тышқан түстес. Табын-табын болып жүреді, кейде саны мыңға дейін барады. Қазақтар атып алып, азыққа пайдаланылады», – деп сипаттап жазыпты [152, 54].

Мәліметтерден атажұртымыздың бағзы замандағы экологиялық сыпатын бағамдауға болады. Бір кездері үйір-үйірімен жүрген сол құландар қазір жойылған. Тіпті күні кешеге шейін кез-келген өңірде миллиондап өрген киік те

құруға айналды. Әрине, мұның бәрі де антропогендік факторлар салдарынан орын алып отыр.

Қазақтар өздері ғұмыр кешіп жатқан ортасының географиялық табиғатына бейім тіршілік қалыптастырған. Үнемі көшіп-қону әдетінің себептерін Б. Залесскийдің осы жазбаларының өзі ашып тұр.

Поляк перзентінің қазіргі Маңғыстау облысы әкімшілік территориясында орналасқан Апазир жазығын жайындағы таңбалаған жазбалары ерекше, құнды саналады. Тарихымыз үшін мәні өте зор.

Қазақтардың егін салу кәсібін Б. Залесский: «...Маңғыстаудың күйіп тұрған күні жылына егісті екі дүркін салуға мүмкіндік береді. Әрине ол үшін су мол болып, үнемі суарып тұру қажет. Қазақтар осынау игілік жолында мол тер төгумен бірге, кішкентай егістігі үшін тау бұлақтарының әр тамшы суын далаға жібермейтіндей суландыру жүйесі жөнінде кереметтей білгірлік те көрсете біледі. Осылайша олардың арықтары жер нәрін кемі 6-8 шақырым жерге дейін жеткізіп, тау етегіндегі жазықтықты да пайдаланады», – деп әңгімелейді [152, 111].

Қазақтардың егін егудегі көретін қиындықтарын осылай баян қылады. Бұл шаруашылықпен түбегейлі айналыспауының негізгі себебін табиғаттың аса қаталдығынан, судың тапшылығынан екенін «Апазир жазығы» деп аталатын жазбасындағы мына жолдарда аңдатып өтеді: «Маңғыстау ұсақ төбешіктері мен әктасты жыра-сайларының арасында жатқан бірнеше жазықтық осылай аталады. Бұлардың өздеріне ғана тән ерекшеліктері болмағандықтан жалпы осы аймақ туралы түсінік алуға жетеді. Жоталар мен жартастардың тізбегі бірден көзге ұрып тұрады. Жер қыртысына сіңіп қалған тұздың әсерінен анда да, мұнда да айтақыр болып жалтырап жатқан сортаң алаңқайлар көрінеді...» – дейді [152, 111].

Қазақ жұртының көшпенді тұрмысқа сан ғасыр бойы байланып қалуының бір сыры өздерін қоршаған ортадағы осындай жайттарға тікелей байланыстылығынан еді.

Қазақтың әсемдік әлемі табиғатпен біте қайнасқан. Бұл жайтты көшіп-қонудағы ел тіршілігінің қарбалас сәтіндегі қызықты көрнісінен байқаған Бронислав Залеский былайша баяндайды: «Бұл бір ғажап көрініс: олар көш кезінде жасана киінеді, ең әдемі киімдерді, әсіресе байлардың алтын зерлі шапандарын осы кезде көруге болады. Ауыл ақсақалы көш бастаса, ер-тоқымына қызыл шұғамен тысталған көпшік немесе кілемше жапқан атқа мінген зайыбы соңынан ереді. Ал қалғандарының біреулері атқа, біреулері түйе мініп дегендей оларға ілеседі. Кей кезде түйеге артқан жүктің ортасынан тақыр бас балалардың төбелері көрінеді. Үйдің ең қымбатты қазынасы салынған сандықтар мен басқа да мүліктері түгелдей түйеге артылады. Кедей-кепшіктің малдарды айдаған үндері, иттердің бір-бірімен таласып ырылдасқандары – бәрі-бәрі қосылып, көш думанын арттыра түседі» [152, 27].

Бронислав Залесский «Қазақ сахарасына саяхат» атты еңбегінде халқымыздың қонақжайлығын «Киіз үйдің ішіне кіргенде» деген баянында әсерлі қып әңгімелепті: «Мен Есет Көтібаров деген кісімен бір күн бірге

болғаным бар. Дала төсіне есімі кеңінен мәлім, осы бір дәуірдегі әйгілі кісі. Өз руы ішіндегі ең дәулеттісі болатын, ұзақ уақыт бойы орыс өкіметін мойындамағандықтан оны әскери отрядтар тектен-текке іздеп, біраз әуре болған еді. Ол әрдайым тез тайқып, өзін таптырмай орнын сипатып кете беретін, бұл күресінің еш нәтиже бермейтіндігіне көзі жеткен соң, орыс бодандығына мойынұсынғандарға өз руымен келіп, қосылды, тіпті келе Ресей өкіметіне өзі де айтарлықтай қызмет көрсетіп үлгерген. Өзіне барлық атақтардың ішінен батыр деген сөз қаттырақ ұнайтындықтан оны ағайындары осылай атайтын. Есет өз руының салығын жинайтын, басшылық ететін көсемі әрі дау-дамайды шешетін әділ соты, яғни биі болған» [152, 35].

Есет Көтібарұлы (1803 – 1889 ж. ж.) ХІХ ғасырдың 50-жылдары Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтерілісті ұйымдастырып, басшысы болған. Ол тек шектінің ішінде емес, басқа да көрші адай, табын, шөмекей, төртқара рулары арасында да зор беделге ие еді.

Есет Көтібарұлының даңқы мұхиттың ортасында орналасқан құрлықтағы ағылшын жұртына дейін жайылған. Оның қол бастап шыққан батырлық бейнесін Д. Ч. Бульджер есімді ағылшын тарихшысы «Англия және Ресей орта Азияда» атты еңбегінде [154] былайша көрсетіпті: «Қазақтар орыс құлдығының бұғауы қоқан езгісінен жеңіл еместігін және Ресейге көмек беру арқылы қайта тәуелсіз мемлекет болу үміті үзіле түсетінін сезіне бастады. Осы түсінік қазақтарда беки түскен сайын олардың арасында мұздай қаруланған жауға қарсы күреске шақырған адам пайда болды. Көтібаровтың шешендігі қандастарына ерекше шабыт, қажырлы қайрат берді. Ресейге қарсы соғысқа шақырған оның үні қазақ ауылдарының түкпір-түкпіріне жетті. «Оларда ат пен қару бар, ол бізде жоқ па? Біз мұхит жағалауының құмындай көп емеспіз бе? Қайда қарасаң да – шығысқа не батысқа, солтүстікке не оңтүстікке бет бұр – барлық жақтан қазақты табасың. Онда неге біз ат төбеліндей шет жерліктерге бағынуымыз керек?» Осындай батыл сөздерімен Көтібаров қазақтарды намысқа шақырды. ...көптеген қазақ билері мен батырлары оның соңына ерді. Араларына іріткі түсе бастаған қазақ халқының басын аз ғана уақытқа болса да Ресейге қарсы жауластық сезім біріктірді. Көтібаров бес жыл бойына Ресеймен партизан соғысын жүргізді және оның шеберлігі мен бір орыннан екінші орынға тез ауысып, ізін суытып, сосын тұтқиылдан тию бақайшағына дейін қаруланған орыс әскерін талай рет тығырыққа тіреді...» [155, 79-80].

Сәл бөгеле кетейік, бұл көтерілістің себебіне, нәтижесіне. Тарихта былайша таңбаланған: «1855-1858 жылдары Арал теңізінің батысын, Хиуа хандығымен шекараны жайлаған шекті руы қазақтарынан шыққан... баскөтеріс болды. Бұл жақты, Үлкен және Кіші Борсықты, Сам құмын, Сағыз және Жем бойын 13 мың шамасында үй жайлайтын. ...шектегі көтелісіне де себеп болған патша әкімшілігі енгізген алым-салық, қысымшылық, міндетті ауыр жұмыстар болды.

Қазаққа әсіресе ауыр тиген нәрсе гарнизон мен соғыс экспедицияларының қажеттері үшін бекіністерге жүк тасуға (азық-түлік, қару-жарақ, ағаш және т.т. тасуға) түйе беру болды.

1847 жылы патша өкімет орындары 3500, 1853 жылы – 8285, 1854 жылы – 6194 түйе жинады. Керуендерді алып жүру үшін қазақтар ылаушы беруге міндетті болды.

1853 жылы Перовскийдің Ақмешітке жорығы кезінде патша өкімет орындары шекті руынан ылаушыларымен қоса 4 мың жүк түйесін талап етті. Бұл қазақтардың әлінен келмейтін талап еді, сондықтан олардың арасында наразылық туғызды. Олар түйе беруден бас тартып, Жемнің басына қарай көше бастады. Қазақтардың бұл баскөтерісіне Кіші жүздің ірі феодалы, батыр Есет Көтібаров басшылық етті.

Орынбор генерал-губернаторы көтерілісшілерді жазалап, Есет Көтібаровты ұстауға ұйғарды. Сұлтан-әкім Арыстан Жантөринге қырға шығып Есетті ұстауға, түйе жинауға бұйрық берілді. 1855 жылдың жазында үлкен отряд бастаған Жантөрин Елек өзенінің бас жағына қарай жүрді. Мұнда ол тоқтап, Есетпен келіссөздер жүргізуге кірісті. 8 июль күні таңсәріде Есет ойламаған жерден сұлтанның лагеріне шабуыл жасады. Қысым жасайтыны үшін халық өлердей жеккөретін сұлтан әкім мен оның жанындағы нөкерлерінен бірнеше старшина, билер өлтірілді. Сұлтанға еріп шыққан казак-орыс отряды көтерілісшілерден құтылып шығып, шепке келді.

Орынбор генерал-губернаторы шектілерді жазалап, Есетті ұстау үшін бірнеше жазалау отрядтарын жіберді. Олар жолдарында кездескен ауылдардың бәрін ойрандап кетті. 1857 жылдың мартында әскери-дала сотының үкімі бойынша көтеріліске қатысушылардан үш адам атылды. 18 адам Сибирге каторгаға жіберілді. Бұлардың ішінде Бекет Серкебаев, Ерназар Кенжалин және басқалары бар еді. Қазақтың 42 мың басқа жуық малы айдалып алынды. Айрықша айуандық істеген подполковниктер Кузьминскийдің, Дерышевтің және Михайловтың жазалаушы отрядтары болды. Бұл отрядтарда патша үкіметіне қызмет еткен қазақ сұлтандары да болды. Кузьминскийдің отрядтарының бірі 164 ауылға ойран салды, өлтірді, оның ішінде әйел, бала, қарттар да кетті. Патша өкімет орындарының қазақтарға жасаған бұл айуандық жазасы жөнінде А. И. Герцен шығаратын «Колокол» газеті ашынған ызамен жазды. «...Кузьмин мен майор Дерышевтің шапқыншылығынан асып түскен айуандық болған емес, бұларды (Перовский кезінен бері) өзінің кеңсесінде отырып, Липрандидің бұрынғы көмекшісі Григорьев басқарады. Бұл қанды уақиға әлде де қайта оралып суреттеуді керек қылады. «Колоколдың» бұл жазғаны алдыңғы қатарлы орыс жұртшылығының пікірін білдірді.

1858 жылдың сентябріне Сам деген жерде Есет Көтібаровтың отрядын патша әскерлері біржолата талқандады...».

Бронислав Залесский одан әрі осы тарихи тұлға Есет батырдың қонақжайлылығын, парсаттылығын былайша түзіпті: «Ол серігіміз екеуімізді аға-бауырларымен және барлық ет жақын ағайындарымен бірге Шығыстың дарқан қонақжайлылығымен, ақ жарқын пейілімен қарсы алып, үйіне кіргізді де төрге отырғызды, әңгімені өмір жайлы, адамдар жайлы кеңінен толғап бастады.

Оның айтқан бейнелі сөздерін былайша өрнектеуге болар: «Адам ішінде не бары беймәлім, сандық тәрізді. Онда қажеті аз көр-жер немесе асылдың қиығы,

алтынның сынығы болуы да мүмкін. Сандықты ашып көрмей тұрып ішіндегісін білу қиын. Адамның басында қандай ой, қандай хикмет жатқанын да әңгімелескенше білу қиын, демек сөз деген – адам жанының кілті».

Ол достарын да бірнеше түрге бөліп отырды: біреулер сый-сияпат үшін жағымпаздануға даяр тұрса, енді біреулері өзгенің есебінен күн көруге бейім, біреулері басында бағың, астыңда тағың барда қасыңнан табылып, бағың тайса қалт берер болса, достардың енді бір түрі сен үшін жанын пида етуге даяр тұрар. Мұндай адал дос, ардақты азамат жер бетінде қалса, кәнеки! Алайда, ондай достан асқан байлық, қымбатты қазына болмас сірә!

Үйде отырғандарды анда-санда: «Апыр-ай, ә!» дегізіп, таңдай қақтырған оның философиялық ұзақ толғамдары әйелдер асқан етті аяқпен көтеріп әкелгенде бір-ақ тәмамдалған. Басқалары сияқты біз де аяқтан етті қолымызбен алып жеуіміз қажет болатын. Үй иесі аяқтан әлденені іздеген сияқты еді, ақыры ол бір кесек майды тауып алды да, ұсақтап турамай-ақ шетінен бір тістеп, қалғанын қонағының аузына асатты. Ғұрып бойынша, бұл мәртебелі қонағын сыйлаудың бір түрі. Егер қонағы тәрбиелі-тәлімді адам болса, мұндай сыйдан бас тартпауға тиісті» [155, 35].

Есет өзінің аталары мекен еткен жерде дүниеге келді, сол атажұртында есі кірді, өз ортасының жеткен материалдық, рухани жетістіктерінен тағылым алды, білім жинақтады. Міне, жат адамның сүйсіне баяндап отырған батырдың мінезі – сол тәрбиенің бейнесі еді. Есеттің бойындағы парасаттылық, қонаққа жылы ықылас көрсету құрметі – атадан балаға жалғасып, қалыптасқан күллі қазаққа тән қасиет-тін.

Б. Заллеский қазақтың өнеріне де тоқтала кетеді, былай дейді: «Алайда, жұртшылықтың шын жақсы көріп, қарсы алар қадірлі қонағы – жыршы-жыраулар. Олар мұнда көп-ақ, дала әдебиеті солардың көкірегіне қатталып қойылғандай. ...Той кездерінде мұндай дала өнерпаздарына тамақ пен қымыз тойғанынша беріледі. Егер ол жиналғандардың көңілінен шығатын болса, бірнеше қойды сыйлық ретінде ала алады. Ондай кезде сахарада кездесетін музыкалық аспаптың жалғыз ғана түрі қос ішекті домбыраға қосылып, тойға қатысқан сұлтан мен батырларды жырлайды немесе ән шығарады. Әсіресе, бұрынғы аңыздарды жұрт жақсы тыңдайды... Бұл – шын мәніндегі дала тұрғындарының өз жан дүниелерін нақты көрсететін шығармалар, тіпті суреттеп, ұзақ әңгімелесуден де осылайша жеткізу тиімді болуы мүмкін. Қазақтар бұл аңыздарды ертегі деп атайды» [152, 37].

Бронислав Заллескийдің бұлай деуі – шындық. Қазақ өмірінде музыка мен сөз өнерінің атқаратын қызметін, мәнін жақсы аңғарған. Оның бұл пікірі қазақ этнопедагогикасына да қатысты жайт.

Таратып айтар болсақ, жұртымыз қашанда тәрбиені ұрпақтың еңбекқор, ауыл-аймаққа абыройлы, рухты азамат боп өсуіне бағыттаған. Бағзы заманда бұл мақсаттың жүзеге асуында ұжымдық топтар, атап айтсақ, отбасы мүшелері, ауылдың көне көз қариялары, ақын мен жыршылары, әнші-күйшілері т.б. өздеріне тиесілі қызметтерін атқарды. Әсіресе, өлең-жыр, қисса, терме-толғаулардың мазмұнына ой жүгіртсек, онда дидактикалық ақыл, өсиет-өнеге

тұнып тұр. Олар осы мұралар арқылы жаманнан жирендіріп, жақсыға ынтық болуды насихат қылған. Терең тәлімге құрылған поэзиялық сөз маржандарында этнопедагогикамыздың өзіндік сыр-сипаты көрніс тапқан. Соған көшейік.

Көнеден келе жатқан мұраларымыздың бірі – эпостық жыр-дастандарымыз. Бұларды әдебиет ғылымы батырлар жыры («Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Едіге» т.б.) лиро-эпостық жырлар («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» т.б.) деп топтайды.

Батырлар жайлы жырларда олардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресі, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстар бейнеленеді. Бірақ мазмұны тарихи оқиғалардың өмірде болған нақты ізімен емес, шығарманың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Насихаттаушы жыршылар бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, өзге елге жорық сапарына шығуына, елін жаудан азат етуіне байланысты жайттарды басты кейіпкер етіп алынған қаһарманның маңына топталтып, соның бейнесін ашуға әрекет еткен. Эпос желісінде әр заманның түрлі оқиғалары батыр бейнесінде алынған адамға телініп жырлана береді.

Қазақтың батырлық эпостарына негіз болған екі қаһармандық дәуір бар:

а) жеке рулар (тайпалар) дәуірі. («Алпамыста» – қоңырат, «Қобыландыда» – қыпшақ заманы);

ә) ноғайлы дәуірі («Қырымның қырық батыры», «Едіге» т.б.).

Сөзді мұраларымыздың тәрбиелік тағылымына, басқа да жақтарына қарай бұрайық. Батырлар жыры көбінесе ел-жұртты сыртқы жаулардан қорғау, басқаларға тәуелді етпеу жолындағы күресті уағыз етеді дедік. Бұл тектегі шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері де бар. Ертегілік сарындар, әсірелеулер жиі орын алады. Жырдың басты кейіпкері әдетте құдайдан тілеп алған біреудің жалғыз ұлы болып келеді. Төрт-бес жасында-ақ есейіп кетеді. Ақылды, қамқоршы жары, айшылық жерлерге көзді ашып-жұмғанша жеткізетін тұлпары болады. Тіпті кейбіреулері суға салса батпайды, отқа салса жанбайды, атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді.

Батырлар жырының бұлай гиперболаға құрылуының да өзіндік басты себебі бар. Бұл – ұрпақты жастан батылдыққа, өжеттілікке баулу тәрбиесіне қатысты қалыптасқан әдіс деп болжалдаймыз. Өйткені, жырдың кейіпкеріне бала көңілмен еліктеген жеткіншектің көкейінде мен де осындай болсам деген арман тұтанатыны анық.

«Алпамыс батыр» – өте көне жыр. Мұнда әр заманның оқиғалары қабаттаса жымдасып кіріккен.

Жырда Алпамысты жауын бірыңғай жеңе беретін алып күш иесі қып та көрсете бермейді. Аңғалдықпен дұшпандарының алдауына да түсіп қалады. Қиындықтарды басынан өткереді. Бірақ соның бәрінде жасымайды. Алайда айтушы рухтандыратын сәттерді ауық-ауық кірістіріп отырады. Бұл қаһармандық жырлардың басты қағидасы екеніне шүбәсіз. «Қорықпа», «батыл бол», «тайсалма» деген құр сөзден гөрі осындай оқиғалы жырды баяндау арқылы тыңдаушы бойында рух ұялату – батырлық эпостың пайда болуында әу бастан діттеген мақсаттардың бірі болса керек.

«Қобланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» т. б. батырлықты көрсету үшін айтушы кейіпкердің басына қатер төндіреді, алдынан түрлі-түрлі кедергі қиыншылықтарды кезіктіреді. Соны жеңуі үшін оған сан алуан әрекеттер жасатады. Өстіп талай тар өткелден өткізіп барып, жаныңды рухтандыратын жайттарға әкеледі.

Демек, Б. Залесскийдің әлгіндегі «...бұрынғы аңыздарды жұрт жақсы тындайды. ...Бұл – шын мәніндегі дала тұрғындарының өз жан дүниелерін нақты көрсететін шығармалар, тіпті суреттеп, ұзақ әңгімелесуден де осылайша жеткізу тиімді болуы мүмкін» деуінде көзімен көріп, жан-тәнімен сезінген шындық жатыр. Бұл ақиқатты жоғарыда талдап өткен жайттар нық бекітіп тұр.

Ескерте кетейік, қазақтың аңызға құрылған қиссаларына, ертеке әңімелеріне т.б. түгелдей тоқталу мүмкін емес, біз тек бірер мысал-дәлелдерімізді ғана келтірдік, Б. Залесский пікірінің құндылығын ашып көрсету үшін.

Бронислав Залескийдің «Қазақ сахарасына саяхат» атты еңбегін шоли отырып, XIX ғасырдағы қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігі жайындағы мәліметтерімен осылайша танысып шықтық. Бұл – өткенімізді тану үшін аса қажет.

2.3. Қазақ халқының кемел перзенттері туралы еуропалық жазбалар: рухани және мәдени тұлғалардың көрінісі

XIX ғасырдың соңына таман Батыс әлемінің қазақ халқы мен оның мәдениетіне деген қызығушылығы арта түсті. Бұл үрдіс шетелдік зерттеушілер мен публицистердің саяхаттық очерктерінде, этнографиялық жазбаларында, сондай-ақ қоғамдық-саяси талдауларында кең көрініс тапты. Осындай авторлардың қатарында америкалық жазушы әрі публицист Кеннан Джордж (George Kennan, 1845–1924) айрықша орын алады. Ол Ресей империясының Сібір өлкесіне жасаған саяхаттары барысында қазақ жерін де аралап, өз бақылауларын «Сібір және сүргін» атты еңбегінде сипаттап қалдырған [156].

Кеннан Семей, Өскемен және Ертіс бойындағы бірқатар елді мекендерге тоқтап, сол өңірдің табиғаты мен қалалық көріністеріне айрықша мән берген. Семей қаласы туралы оның мынадай көркем бейнелеуі сақталған:

«Бірнеше минуттан кейін біз қос қапталында сырланбаған ағаш үйлері қатарласқан ұзын көшеге ендік. Көше жұмсақ сусыма құмға толы екен, ат тұяғы тықыр етпестен құмға сіңіп, тарантасымыз ың-шыңсыз Венеция каналдарында қайықша алға жүзді. Қала Солтүстік Африка шөлейтінің ортасына орнаған мұсылман қаласы іспетті-ақ әсер қалдырады».

Кеннан тек ландшафт пен архитектураға ғана емес, демографиялық және экономикалық мәліметтерге де назар аударған. Оның деректеріне сүйенсек, XIX ғасырдың соңында Семей облысы аумағында 547 мыңға жуық адам тұрған, оның ішінде 497 мың адам – қазақтар болған. 111 мың адам киіз үйде қоныстанған, ал бүкіл аймақ бойынша үш миллионнан астам мал басы тіркелген. Аймақтың сауда-саттық саласы да дамыған: жыл сайын өтетін жәрмеңкелердің жалпы тауар айналымы шамамен 2 миллион сомға жеткен.

Кеннанның назары тек экономикалық көрсеткіштермен шектелмей, өңірдің мәдени өміріне де ауысқан. Ол Семей қаласындағы қоғамдық кітапханаға арнайы барып, ондағы әдеби қордың мазмұнына танданыс білдіреді:

«Мен бұл жерден Спенсердің, Льюисің, Милльдің, Тэннің, Тэйлордың, Дарвиннің, Гекслидің шығармаларын, Скотт пен Диккенстің, Джордж Эллиот пен Эдгар Поның роман-повестерін көріп таң қалдым» [156, 25].

Кітапхана жайлы осы жазбалардың маңызы – олар арқылы қазақ даласындағы ағартушылық қозғалыстың ізі мен зиялы қауым өкілдерінің дүниетанымы аңғарылады. Бұл тұрғыда Кеннан Абай Құнанбайұлы туралы ерекше құнды дерек келтіреді. Ол Семейдегі саяси жер аударылғандардың бірі А.А. Леонтьевпен сұхбаттасып, Абай туралы мынадай мәлімет алған:

«Леонтьев маған Семей кітапханасының пайда болу тарихын әңгімелейді... Милль, Бокль және Дрепер іспетті авторларды оқитын осы кітапхананың тұрақты оқырманы – Ибраһим Құнанбаев деген қарияны білемін, – деді ол.

Бірінші рет кездескенімізде ол менен индукция мен дедукцияның айырмашылығын түсіндіріп беруімді сұрауымен таңғалдырды. Ал кейінірек оның ағылшын философтарының еңбектерін түбегейлі оқып жүргенін және мен атаған барлық авторларды меңгергенін анық байқадым» [157].

Бұл дерек – Абай Құнанбайұлының Батыс философиясына деген қызығушылығы мен интеллектуалдық дайындығының жоғары деңгейін танытатын құнды куәлік. Сонымен қатар, бұл үзінді Абайдың ағартушылық қызметінің қайнар көздерін және оның заманында қалыптасқан мәдени ортаның деңгейін аңғартатын маңызды тарихи материал болып табылады.

Абай Құнанбайұлының (1845–1904) шығармашылық тұлғасы – тек қазақ әдебиетінің емес, жалпы түркі және шығыс мәдени кеңістігінің рухани құбылысы ретінде бағаланады. Оның аты мен мұрасы қазақ даласынан асып, әлемдік руханият кеңістігіне – тіпті алыстағы Америка құрлығына дейін жеткен. Бұл құбылыстың негізінде Абайдың тек Батыс философиясынан нәр алуы емес, ең алдымен, оның рухани бастауы – туған халқының ауыз әдебиеті мен дәстүрлі мәдениетінде, сондай-ақ шығыс поэзиясы мен діни-ғылыми мұраларында жатқаны байқалады.

Абайдың таным көкжиегі бала кезінен бастап қалыптаса бастаған. Ол әжесі Зеренің ертегі-аңыздарын тыңдап өскен, ал әкесі Құнанбай оны алғаш ауыл молдасы Ғабитханға оқуға береді. Бұл кезеңде бала Абай араб жазуына негізделген діни сауатын ашады. Он жасқа толғаннан кейін Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл білім алады. Медреседе ол діни пәндермен қатар араб және парсы тілдерін меңгеріп, шығыс поэзиясы мен философиясына алғашқы қадамдарын жасайды. Бұл кезеңде Абайдың оқу процесіне деген ынтасы ерекше байқалып, ол медресенің үздік шәкірттерінің біріне айналады.

Абайдың таным көкжиегін кеңейткен келесі маңызды саты – оның өз бетімен білімін жетілдіруге деген ұмтылысы болды. Ол Сағди, Низами, Хафиз, Әлішер Науаи, Физули сынды шығыстың классик шайырларының шығармаларын оқиды. Сонымен қатар араб, парсы және шағатай тілдерінде жазылған қиссалар мен дастан-эпостарды да зерделейді. Бұл үрдіс Абайдың

поэтикалық тіліне де, дүниетанымына да терең әсер етіп, оның ақындық табиғатын шығыстық классикамен ұштастырды.

Медреседегі соңғы оқу жылында Абай орыс тілін үйренуге кірісіп, Семейдегі приход мектебінен қосымша білім алады. Алайда бұл білім алу процесі ұзаққа созылмайды. Әкесі Құнанбайдың ел билеу ісіне белсене араласқан шағында, ол ұлын да сол әкімшілік құрылымға баулуды жөн көреді. Осылайша үш айдан соң Абай мектептен шығып, қоғамдық істерге араласа бастайды. Бұл Ресей империясының қазақ даласына отарлық басқару жүйесін енгізіп, дәстүрлі құрылымды ыдырата бастаған тарихи кезең еді. Соған қарамастан, осы қысқа мерзімдегі оқуы Абайдың ой-санасына үлкен сілкініс әкеліп, оның кейінгі шығармашылығына түрткі болғаны анық [158].

Абайдың бұл кезеңдегі рухани-танымдық жетілуін зерттеуші Әбіш Жиреншин ақынның он төрт жасында жазды деген мынадай өлең шумағын келтіреді:

«Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фердоуси,
Хожа Хафиз – бұ һәммаси,
Мәдәт бер я шағири Фәрияд!» [159, 161].

Бұл шумақта Абай шығыстың танымал шайырларын өзіне рухани ұстаз тұтқанын паш етеді. Жиреншиннің айтуынша, медреседе білім алған жылдары Абай газель түрінде «Әліфби» және «Иузі раушан» атты екі өлең жазып, парсы поэзиясына тән ғазал және ғаруз өлшемдерін қолданған. Бұл поэтикалық үлгілер тілі мен құрылымы жағынан шағатай әдебиетінің дәстүріне сай келеді, әрі сол кезеңдегі түркі тілдес шығыс поэзиясының әсерін айғақтайды [159, 162].

Аталған «Иузі раушан» өлеңінің бір шумағы мынадай:

«Иузі – раушан, көзі – гауһар,
Лағылдек бет үші әхмәр,
Тамағы қардан һам биһтар,
Қашың – құдрет, қоли шиғә...» [159, 164].

Бұл мысал Абайдың поэтикалық ізденісінде тек халықтық мұра мен философиялық ой ғана емес, шығыстық көркем сөз мәдениетінің де зор ықпал еткенін көрсетеді.

Абай Құнанбайұлының тұлғасы – үш түрлі рухани ықпалдың: халықтық дүниетанымның, шығыстық әдеби-философиялық білімнің және еуропалық рационалистік ой-сана ағымдарының тоғысында қалыптасқан қайраткерлік феномен. Оның рухани дамуы – қазақ даласының мәдени кеңістігінде өткен тарихи кезеңдердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананың жаңғыруындағы басты нүктелердің бірі.

Абай Құнанбайұлының шығармашылық әлемінде шығыс поэзиясына тән классикалық үлгілермен қатар, жаңаша құрылымдық және стилистикалық шешімдер де қатар дамып, ұлттық поэзияны жаңа белеске көтергені анық. Оның өзіндік поэтикалық жаңашылдығын айқындайтын ерекшеліктердің бірі – әріпке негізделген символикалық мағынамен құрылған туындылары.

Зерттеуші Әбіш Жиреншиннің пайымдауынша, Абайдың «Әліфби» өлеңі – шығыс поэзиясында сирек кездесетін, тіпті кей ақындардың жеке әріптерді шектеулі ғана мәнде пайдаланғанына қарағанда, Абайдың барлық әріптерді қамтып, тұтас бір құрылымға негіздеуі ерекше жаңалық саналады [160, 162–163].

Ол өлең жолдарын мысалға келтіре отырып, Абайдың формалық ізденісінің өзгешелігін дәлелдеуге тырысады:

«Әліф дек ай йүзіңе ғибрат еттім,
Би, бәлан дәртіңа нисбат еттім.
Ти, тілімнән шығарып түрлі әбият,
Си, сәнан мәдхіңа хұрмәт еттім,
Жем, жамалың қандай ақ рузи маған,
Хи, халайық таппадым жәнім сәнан...
Я, ярым қалай болар жауап сөзің,
Мәт – қасың, тәштит – кірпік, сәкін – көзің».

Мұндағы әр жолдың басында келтірілген әріптер белгілі бір дыбыстық, мағыналық не символикалық мағына жүктейді. Бұл құрылым классикалық араб-парсы филологиялық дәстүрінен таныс болғанымен, әріптердің толық қамтылуы мен олардың мағыналық жүк арқалауы – Абайдың дара поэтикалық шешімі ретінде танылады. Жиреншиннің зерттеуінде де бұл үлгінің Батыс және Шығыс поэзиясында сирек кездесетін, тіпті жоқтың қасы екені арнайы атап өтіледі. Абай тек формамен ғана емес, сол форманың ішіне терең философиялық, эмоционалдық мазмұн сіңіре білген ақын ретінде бағаланады.

Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы мұнымен ғана шектелмейді. Ол ұлттық әдебиетке ырғақ, ұйқас, интонация, метафоралық өрнек, стилистикалық өріс тұрғысынан соны сипат енгізді. Осы бағыттағы көркемдік ізденістердің нәтижесі ретінде «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Сегіз аяқ», «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» сынды лирикалық әрі философиялық терең мазмұнды туындыларын атауға болады. Бұл шығармалар құрылымдық тұтастық пен терең ішкі мазмұн үйлесімділігінің көркем үлгісі саналады.

Абайдың шығармашылық ерекшелігі тек төл өлеңдерінде ғана емес, аудармашылық тәжірибесінде де айқын аңғарылады. Ол Еуропа әдебиетінің классиктерімен, әсіресе А.С. Пушкиннің шығармашылығымен танысып, оны қазақ тіліне аудару арқылы ұлттық әдебиеттің дүниетанымдық шекарасын кеңейтті. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының жекелеген бөлімдерін қазақша нұсқада «Онегиннің сипаты», «Татьянаның Онегінге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Ленскийдің сөзінен», «Онегиннің өлердегі сөзі» деген атаулармен ұсынды [16, 38–49]. Бұл аудармалар жай аударма ғана емес, Абайдың эстетикалық өңдеуінен өткен, қазақи рух пен поэтикалық интонацияға лайықталып қайта жасалған көркем бейнелер жүйесі деуге болады.

Абайдың «Әліфби» сияқты шығармалары – оның шығармашылық эволюциясындағы биік сәттердің бірі. Бұл туындыларда шығыс поэтикалық

дәстүрі мен қазақтың көркем сөз өрнегі өзара тоғысып, жаңа сапалық деңгейге көтерілген. Сонымен қатар, Абайдың жаңашыл поэтикалық тәсілдері мен стильдік ізденістері қазақ әдебиетінің болашақ даму бағыттарына да тың серпін берді. Ол – формамен ғана емес, мазмұнмен де жаңаша сөйлеген, әдебиеттің көркемдік көкжиегін кеңейткен көрнекті тұлға.

Абай Құнанбайұлының аудармашылық қызметі – оның шығармашылық болмысының ерекше бір қыры. Бұл бағытта ол тек сөзді сөзбе-сөз жеткізуші ғана емес, ұлттық эстетика мен поэтикалық дәмді сақтай отырып, түпнұсқаның мәнін, идеялық өзегін қазақи болмысқа бейімдеп қайта жаратушы тұлға ретінде көрінеді. Әсіресе И.А. Крылов пен М.Ю. Лермонтов шығармаларын тәржімелеу арқылы Абай қазақ әдебиетіне сатира мен романтикалық пафостың, философиялық ойдың жаңа тынысын алып келді.

И.А. Крыловтың мысалдарын тәржімалағанда, Абай тек тілдік аударма жасаумен шектелмей, оның сатиралық сарынын қазақы өмір мен танымға жақындатып бейнелей білді. Т. Рсаевтың пікірінше, Абай Крылов мысалдарына түпнұсқада жоқ көріністер мен образдарды енгізіп, мазмұнды тереңдете түскен. Мәселен, «Есек пен Бұлбұл» мысалында Крылов әңгімені бірден бастаса, Абай былай деп жаңа шумақ қосады:

«Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,
Соңырқап шатқа кетті қай-қайдағы.
Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы...»

Бұл шумақ кейіпкердің ішкі күйін сипаттап, оның іс-әрекетінің астарындағы мотивацияны анықтайды. Сөйтіп, Есектің ән тыңдауға емес, ерігіп жүргенінен әңгіме басталатынын нақты көрсетеді. Бұл тәсіл – қазақ мысал поэзиясына Абайдың енгізген жаңа формасы. Сонымен қатар, мысалдың түйіні де өзгертілген. Крыловтағы бір ауыз қорытынды Абайда бір шумақтық поэтикалық шешімге айналып, эстетикалық әсері күшейе түседі. Мұндай өзгешеліктерді Абайдың «Қарға мен Бүркіт», «Шегіртке мен Құмырсқа», «Піл мен Канден» т.б. аудармаларынан да байқауға болады.

Мұхтар Әуезов бұл аудармалардың бір бөлігін жоғары бағалап, ұлттық поэзияның жаңа бір белесі ретінде таниды. Дегенмен, ол Крыловтан аударылған сегіз мысалға күмәнмен қарап, оның Абайға тиесілігіне шәк келтіреді. Соған қарамастан, бұл мысалдар кейінірек Әуезовтің өз қолымен 1933 және 1957 жылғы жинақтарға енгізілген [161].

Абайдың рухани туыстастық тапқан ақындарының бірі – Михаил Лермонтов. Абай Лермонтовтың философиялық, романтикалық лирикасын ғана емес, оның азаматтық үнін де терең сезініп, қазақ оқырманына жақын етіп жеткізуге тырысқан. Бұл тұрғыдан оның «Теректің сыйы» атты өлеңі айрықша назар аударарлық:

«Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін ішіп ержеткенмін...»

Мұнда Кавказ тауы бейнесі – романтикалық метафора ғана емес, тарихи-поэтикалық символ ретінде Абайдың көркемдік жүйесіне енгізілген. Терек өзені

мен Каспий теңізі арасындағы диалог – күш пен парасаттың, жауынгерлік пафос пен даналықтың көркем көрінісі. Абай бұл өлеңде ұлттық поэзия үшін жаңа – лирикалық кейіпкердің ішкі психологиясын эпикалық кеңістікпен ұштастыратын үлгі ұсынған.

Лермонтов өлеңіндегі терең образдар жүйесі мен поэтикалық метафоралар қазақ тіліне аударылғанда, өз табиғатын жоғалтпай, қайта мазмұн жағынан байытылған. Бұл – Абайдың аудармашылық шеберлігінің бір қыры. Ол орыс ақынының ішкі толғанысын қазаққа тән поэтикалық өрнекпен жеткізіп, ұлттық рухты жоғалтпайды.

Абайдың Крылов пен Лермонтов аудармалары оның тек көп тілді білгендігін емес, поэтикалық дәм-сезім, көркемдік интерпретацияға деген терең қабілетін де көрсетеді. Ол өзге тілдегі туындыларды қазақы таным мен поэтикалық салтқа лайықтап, ұлттық әдебиеттің дамуына орасан үлес қосты. Мысал жанрын сатиралық әрі тәрбиелік тұрғыдан тереңдете түсті, ал романтикалық поэзияны қазақы поэтикалық дүние таныммен астастырып, әдебиетімізге эстетикалық жаңа сапа әкелді.

Абай Құнанбайұлының шығармашылық болмысындағы аудармашылық қыры – қазақ әдебиеті тарихында айрықша құбылыс. Ол тек аударма жасаушы емес, сөз өнері арқылы рухани дәстүр мен мәдениетті жаңғыртушы, жаңаша түлетуші тұлға ретінде көрінді. Абайдың аудармалары – поэзия мен философияның, ұлттық таным мен жалпыадамзаттық ойдың тоғысқан тұсы. Бұл орайда, Абайдың аудармаға деген ұстанымы бүгінгі аударма теориясынан айрықша: ол түпнұсқаның мазмұнын айна-қатесіз жеткізуге емес, автордың идеялық-эстетикалық болмысын өз дүниетанымына салып жаңаша түсіндіруге, қазақи рухта қайта сомдауға ден қойған.

Абай аудармаларының басты ерекшелігі – еркін интерпретация. Ол орыс классиктерінің шығармаларын өзінің көңіл-күйіне, ішкі толғанысына сай қабылдап, оларды ұлттық поэзия тіліне айналдырып отырды. Сөйте тұра, кейбір өлеңдері түпнұсқамен етене жақын, үндес болып келеді. Бұл – Абайдың ақындық шеберлігінің, көркемдік талғамының және түпнұсқа поэзиясындағы идеялық астарды терең түсіне білуінің нәтижесі.

Абай Крылов мысалдарын тәржімелеу арқылы қазақ сатирасының негізін қалаушы ретінде де дараланады. Дегенмен, бұл шығармалар көбіне жай аударма емес, ортақ сюжетке жазылған дербес туындылар ретінде бағаланады. Ақын оларды қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтарды, мінез-құлық типтерін бейнелеуге бейімдеген. Оның мысал өлеңдерінде фольклорлық аңыздармен астасып жатқан өмір шындығы, халық даналығы мен сыншыл реализм үндестік табады.

Абай жазған «Масфұт», «Ескендір», «Әзім» поэмалары да – Шығыс пен Батыс дәстүрінің тоғысында туған шығармалар. Бұл поэмалар орта ғасырлық Шығыс әдебиетіне тән сюжеттік желіге құрылып, адам болмысы, имандылық пен өркөкіректік, білім мен жауыздық секілді тақырыптарды терең толғайды. Осы шығармалар Абайдың дүниетанымдық аясын ғана емес, тарихи-мәдени білімінің кеңдігін де айғақтайды.

Абайдың осындай кемел деңгейге көтерілуіне Шығыс әдебиетімен қатар орыс классиктері мен демократиялық бағыттағы ойшылдарының да ықпалы зор болғаны анық. Бұл рухани ықпалдастық оны Батыс мәдениетіне де жақындата түсті. Абайдың өнер мен білім, адамгершілік пен парасаттылық туралы ойлары – қазақ руханиятының биік шыңы. Ақынның өз дәуіріндегі қазақ қоғамын оятуға, елді өркениетке бастауға бағытталған шығармаларының әлеуметтік аясы кең, тақырыптық желісі сан қырлы.

Абай 1904 жылы өмірден өтті. Оның мәңгілік мекені – Жидебайдағы мазары. Бүгінде сол жерде әдеби-мемориалдық мұражайы жұмыс істейді. Абай шығармалары бүгінде әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, жаһандық оқырманға танылуда. Оның рухани мұрасы – адамзат мәдениетінің ортақ игілігіне айналды.

Абай тұлғасына шетелдік зерттеушілер де ерекше назар аударған. Мәселен, американдық саяхатшы және жазушы Джордж Кеннан өз заманындағы Абай туралы айта отырып, оның ақыл-парасаты мен білімдарлығына ерекше тоқталады. Бұл – XIX ғасырдағы дала руханиятының өз ішінде қандай тереңдікте өркен жайғанын дәлелдейтін бірегей дерек.

Француз саяхатшысы Генри Мозердің «Орталық Азияға саяхат» атты еңбегі де – қазақ даласы мен оның мәдени болмысы туралы құнды мәліметтермен ерекшеленеді. Ол 1863, 1869 және 1882–83 жылдары қазақ жерінде болып, Ырғыз, Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Верный сынды қалалардағы халықтың этникалық құрамы, тұрмысы, кәсібі туралы бай материалдар жинаған. Оның еңбегінен сол кездегі қазақтардың тіршілік тынысы, орыс отаршылдығымен ара-қатынасы,

Абайдың аудармашылық және төл шығармашылық қызметі – қазақ әдебиетін жаңа сапалық биікке көтерген ұлы құбылыс. Оның Крылов пен Лермонтовты, Шығыс поэтикасын ұлттық таныммен ұштастыра отырып жасаған туындылары бүгінгі қазақ руханияты үшін баға жетпес мұра. Сонымен қатар, оның тұлғасына Еуропа зерттеушілерінің назары – Абайдың тек ұлттық деңгейде ғана емес, әлемдік деңгейде танылған рухани көшбасшы екенінің дәлелі.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына саяхат жасаған француз жиһанкесі Генри Мозер – өзінің байқағыштығы, этнографиялық қызығушылығы және жергілікті халықпен тікелей араласып, өмір салтымен терең танысқан шетелдік тұлғалардың бірі. Тарихшы Көшім Есмағамбетовтің деректеріне сүйенсек, Мозер 1869 жылғы алғашқы сапарынан-ақ қазақтардың тұрмыс-салтына, мәдени болмысына ерекше назар аударып, қазақ тілін үйренуге талпыныс жасаған. Ол Орынборда болған кезінде Сүлеймен атты қазақ сұлтанымен кездесіп, оның үйінде арнайы қонақта болғанын да жазып қалдырған [162].

Мозердің қызығушылығын тудырған тағы бір ерекше мәдени көрініс – қазақ халқының көне дәуірден келе жатқан ұлттық ат спорты – көкпар. Бұл ойын оған соншалықты әсер еткені сонша, ол тек сипаттап қана қоймай, өзінің еңбегіне арнайы көкпар көрінісін бейнелейтін гравюраны да енгізген. Бұл – сол заман үшін сирек кездесетін бейвизуалды этнографиялық дерек көзі.

Көкпар – тек ойын ғана емес, жауынгерлік дәстүр мен батырлық рухтың айғағы. Француз саяхатшысының «Бұл спорт үлкен күш пен ептілікті, әсіресе атқа мықты отыра білуді қажет етеді» деген тұжырымынан оның бұл ойынды жай ғана сырттай бақылаушы емес, мазмұндық мәніне терең бойлай алғандығын аңғаруға болады.

Жазушы және этнограф Нұрқасым Қазбеков бұл ойын түріне нақты әрі байсалды сипаттама береді. Оның айтуынша, көкпар – жігіттің де, аттың да шынайы шеберлігін сынайтын сын алаңы. Бұл ойынға арнайы дайындалған серке (кейде ешкі) тартылады. Ойынның шарттары мен салттық сипаттары ғасырлар бойы сақталып келген. Қазбековтың өз көзімен көріп сипаттаған көріністері – дала өміріндегі шынайы эпикалық сәттерді бейнелейтін тірі этнография.

Көкпардың түп-төркіні әскери жаттығу нышандарын аңғартады. Жауынгерлік машықты жетілдіру, ат үстіндегі маневр жасау қабілетін шыңдау – бұл ойынды тек спорттық жарыс емес, жаугершілік рухты тәрбиелеудің бір жолы ретінде бағалауға негіз береді. Генри Мозердің көрген әсері мен оның қалдырған тұжырымдары бізге осы дәстүрдің өміршеңдігін және мәдени мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының мәдени мұрасы тек ұлттық ойындармен ғана шектелмейді. Фольклор мен жыршылық дәстүр де – шетелдік саяхатшылар мен ғалымдардың қызығушылық танытқан салаларының бірі. Мәселен, «Батыс Сібірге саяхат» атты еңбекте неміс зерттеушілері Отто Финш пен Адольф Брем қазақ ауыз әдебиетінің даму деңгейіне жоғары баға береді. Олар Аягөз маңындағы Қозы Көрпеш мазарына байланысты 1365 жолдан тұратын дастан туралы жазып, оның көркемдік тереңдігін ерекше атап өтеді [163].

Бұл орайда шетелдік авторлардың байқағаны – қазақ эпосының тек көлемімен емес, мазмұны мен поэтикалық құрылымының күрделілігімен, бейнелеу құралдарының тереңдігімен ерекшеленуі. Қозы Көрпеш – Баян сұлу жыры, шынында да, тек махаббатты жырлау емес, тарихи-мәдени кодтардың, дүниетанымның, өмірлік философияның көрінісі ретінде бағаланады.

Генри Мозер мен басқа да еуропалық зерттеушілердің қазақ халқының тұрмыс-салтына, ойын-сауығына, фольклорына қатысты жазбалары – халқымыздың рухани мәдениетінің молдығы мен тереңдігіне сырт көзбен берілген куәлік. Көкпар тәрізді ұлттық ойындардың Мозер секілді сырткөзді таң қалдырғаны – оның тек ойын ғана емес, халықтың мінезін, дүниетанымын, тіпті жауынгерлік машығын танытатын күрделі әлеуметтік феномен болғанын дәлелдейді. Ал Қозы Көрпеш жыры секілді эпостардың шетелдік ғалымдар тарапынан жоғары бағалануы – қазақтың ауыз әдебиеті де әлемдік мәдени мұралардың қатарына қосылуға әбден лайық екенінің белгісі.

XIX ғасырда қазақ даласында болып, жергілікті халықтың тұрмыс-салтын, мәдениетін бақылаған неміс зерттеушілері Отто Финш пен Адольф Брем өз еңбектерінде қазақ ауыз әдебиетінің жоғары деңгейде дамығанын атап өтеді. Олардың айтуынша:

«Қазақтардың бір ұрпақтан бір ұрпаққа жеткізіліп келген күшті дамыған ауыз әдебиеті барлығы көпке мәлім. Аңызға қарағанда Аягөз маңында жерленген

Қозы Көрпештің ерлігін жырлайтын дастан 1365 жолдан тұрады және мазмұнының шын мәніндегі көркемдік шеберлігімен таң қалдырады» [164, 21].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – көнеден жеткен эпостық мұра. Бұл шығарма тек қазақ халқында ғана емес, басқа түркі жұрттарында да кең таралған. Ғасырлар бойы әртүрлі жыршылар тарапынан насихатталып, бірнеше нұсқада сақталғанымен, оқиға желісі мен негізгі идеялық арқауы бірізді. Белгілі жыршы Сыбанбай, Бекбау, Жанак, Шөже сияқты жыршылардың нұсқаларында мәтін жергілікті бояулармен әрленгенімен, мазмұны ортақ [164, 16].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – тек бір трагедиялық тағдыр хикаясы ғана емес, қазақ дүниетанымының, адам мен қоғам, махаббат пен әділет, ерлік пен өшпенділік секілді ұғымдарды қалай бағалағанын айқын көрсететін көркем философия. Бұл эпос ұлттық эпикалық дүниетаным мен фольклорлық кодтың шынайы көрінісі деуге болады.

Жырда кең даланың ұлы үні, адам мен табиғаттың арасындағы нәзік байланыс, адамгершілік пен өмірлік ұстанымдар көркем сөзбен өрнектелген. Қозының адалдығы мен ержүректігі, Баянның табандылығы мен асқан махаббат жолында өзін құрбан етуі – ұлттың идеал етіп таныған қасиеттері. Бұл махаббат хикаясы шығыстық әдебиеттегі Ләйлі мен Мәжнүн, Батыстағы Ромео мен Джульетта секілді ұлы образдардың қатарынан табылады.

Жырда трагедияның болуы – махаббаттың мәңгілік тақырып екенін, шынайы сезім жолында құрбан болу да ұлт руханиятында қасиетті орын алатынын білдіреді. Бұл жыр – қазақ халқының нәзік эстетикалық талғамын, сезім тереңдігін, адам жанын түсіну мәдениетін бейнелейтін асыл мұра.

Қазақ эпосының табиғаты – елдің тарихи-этнографиялық болмысын айқын бейнелейтін рухани мұра. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры осы тұрғыдан алғанда халқымыздың мал шаруашылығына негізделген көшпелі тіршілігінің, әсіресе жылқы түлігіне байланысты өмірлік тәжірибесінің бай репрезентациясын ұсынады. Этнограф Х. Арғынбаев сипаттағандай, қыста мал бағудың қиындықтары байларды отарлап, қостап бағу тәсіліне итермелеген. Бұл – дала өмірінің экономикалық және әлеуметтік құрылымын айқындайтын маңызды дерек.

Жырда Қодар бейнесі – осы көшпелі тіршіліктегі еңбек бөлінісінің, мал бағушы мәртебесінің көрінісі. Қарабайдың сенімді жылқышысы ретінде ол жылқы қосының басында жүреді. Жылқы қосы – бірнеше үйірден тұратын, әрқайсысында 20-30 биеден құралған қоныс бірлігі. Бұл дәстүр «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» сияқты эпостардан жиі кездесетін нақты тұрмыс суреттерінің бірі.

Сонымен қатар жырда құдық қазу, сексеуілмен ішін өру, мал суару сияқты шаруашылық амалдар да айшықталып отырады. Қодардың құдық аршу эпизоды тек көркемдік мақсат қана емес, нақты тарихи-кәсіби дәстүрді айғақтайтын фрагмент ретінде де маңызды. Бұл – жай ғана сюжет емес, даланың шаруашылық мәдениетін терең бейнелейтін поэтикалық куәлік.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының тартымдылығы – оның көркемдік құрылымында. Бұл туралы Мұхтар Әуезов: «...өленді бастан-аяқ баяндау сөзге

салып жібермей, арасына кәрі жас бірдей сүйетін салт өлеңдерінің түрлерін кіргізеді», – дейді. Яғни, эпоста естірту, жоқтау, қоштасу, жар-жар тәрізді салт өлеңдері кейіпкерлердің жан дүниесін ашып, оқырман мен тыңдаушыға әсерін тереңдетіп жеткізеді [165].

Жырдың лексикасы мен стилистикасы да ерекше. Мұхтар Әуезовтің сөзінше, мұнда «айыр қалпақ, жез телпек» тәрізді батырлар жырына тән әсірелеу жоқ, керісінше, қалың елдің қарапайым тілімен жазылған, шынайы өмір шындығына негізделген туынды.

Осы көркемдік ерекшеліктер шетел зерттеушілерін де бей-жай қалдырмаған. Неміс ғалымдары Отто Финш пен Адольф Брем бұл эпосқа ерекше қызығушылық танытып, оны ежелгі көшпенділердің тұрмысы мен дүниетанымын бейнелейтін көркемдік-философиялық шығарма ретінде бағалаған. Олардың қызығушылығы – эпостағы шынайылық пен сюжеттік тартыстың тереңдігінде жатыр.

2-бөлім бойынша тұжырым

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына бағытталған Батыс Еуропа публицистикасы өзінің мазмұндық ауқымын кеңейтіп, қазақ халқының тұрмыс-салты, әлеуметтік құрылымы және рухани әлемі жөнінде тереңірек жазуға бет бұрды. Бұл кезеңдегі жазбалар бұрынғыдай тек сыртқы сипаттаумен шектелмей, көшпелі қоғамның ішкі логикасын түсінуге ұмтылған аналитикалық және этнографиялық сипатқа ие бола бастады. Осы үдеріс шетелдік авторлардың қазақ қоғамына деген көзқарасының күрделеніп, стереотиптерден арылуға бет алғанының белгісі еді.

Француз саяхатшысы Жан-Пьер Моразен мен ағылшын публицисі Томас Витлам Аткинсон өз еңбектерінде қазақ халқының күнделікті өмірін, отбасы құрылымын, киіз үйдегі ішкі мәдениетті, қонақжайлық дәстүрін ерекше жылы леппен суреттейді. Аткинсонның «*Oriental and Western Siberia*» (1858) атты еңбегінде қазақтардың табиғатпен үндес тіршілігі, уақыт ұғымы, көшпелі этикасы туралы байқаулары қоғамды өз бетінше өмір сүру қабілеті бар, құрылымы күрделі социум ретінде бейнелейді. Мұндай байқаулар жай қызығушылықтан тумаған – олар арқылы автор өз оқырманын Ресей империясының отарлық саясаты аясында ұмыт қалған халықтың өмір сүру жүйесіне терең үңілуге шақырады.

Еуропалықтар үшін ерекше әсер қалдырған тұстардың бірі – қазақтардың салт-дәстүрінің жүйелілігі мен тұрмыстық ғұрпының терең философиялық мәні. Мәселен, француз зерттеушісі Адольф Брем қазақтардың мал шаруашылығына негізделген тіршілік кешуін тек экономикалық амал деп емес, дүниетанымдық негізі бар өмір сүру формасы деп сипаттайды. Ол қазақтардың төрт түліктің қадір-қасиетін түсінуі мен сол арқылы адам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланысты сақтап қалуын еуропалық технократиялық қоғаммен салыстыра отырып, қазақ тіршілігін эстетикалық-философиялық тұрғыда жоғары бағалайды. Мұндай интерпретация Батыс Еуропа оқырманына жаңа өркениеттік модельді ұсынады: ол – табиғатпен қақтығыссыз өмір сүрудің баламалы үлгісі.

Көшпелі өмір салты туралы жазылған еуропалық публицистикалық және этнографиялық еңбектерде әсіресе киіз үйдің құрылымы, көші-қон бағыттары, маусымдық жайылым тәртібі, аңшылық пен саятшылықтың мәдени рөлі жиі аталады. Бронислав Залесскийдің графикалық суреттері мен очерктері – қазақ өмірінің көркем-этнографиялық айнасы іспеттес. Ол 1865 жылы шыққан «La vie des steppes» жинағында дала тұрмысының ұсақ бөлшектеріне дейін зер салып, көшпелі тіршіліктің күрделілігі мен ішкі үйлесімділігін алғашқылардың бірі болып таныған. Бұл жазбалар тек суреткерлік шеберлікті танытпайды, олар қазақ қоғамының эстетикалық табиғаты мен рационалдылығын көрсетуге бағытталған көркем публицистиканың үлгісіне айналды.

Ал қазақтың кемел тұлғалары жайлы деректер Батыс Еуропа публицистикасында тек мәдени таным шеңберімен шектелмейді – олар рухани биік болмысты аңдататын, қоғамның ішкі құрылымын танытатын нышан ретінде бейнеленеді. Мысалы, ағылшын журналисті Джордж Кеннан өзінің «Siberia and the Exile System» (1891) еңбегінде айдауда жүрген Букей Ордасының зиялылары мен қатардағы қазақ оқығандары жайлы пікірлер қалдырып, оларды отарлық қысымға қарамастан өз болмысын жоғалтпаған тұлғалар ретінде суреттейді. Бұл деректер қазақ қоғамында тек дәстүр мен салт қана емес, интеллектуалдық қуат та бар екенін аңғартады.

Қазақ халқының рухани тұлғаларының ішіндегі ең көп аталғандары – ақындар мен жыраулар. Абай Құнанбайұлы жайлы XIX ғасырдың соңында шыққан азғана еуропалық деректер (мысалы, орыс тілді басылымдар арқылы жеткен аудармалар) оның поэзиясы арқылы қазақ даласындағы ойшылдық деңгейін танытты. Еуропалықтар үшін бұл – жазба әдебиеті жоқ саналған қоғамнан терең философиялық өлеңдер тудыру – тосын жайт болған. Абайдың аудармашылық мұрасы мен тәрбиелік ойлары еуропалық ағартушылық дәстүрмен үндес келетіндіктен, ол қазақтың өркениеттік әлеуетін дәлелдейтін нысанға айналды.

Осылайша, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен тұлғалық келбеті туралы Батыс Еуропа публицистикасында қалыптасқан бейнелер әртүрлі бағытта дамығанымен, олар біртұтас дүниетанымдық және өркениеттік жүйенің бар екенін көрсетеді. Бұл жазбалар тек этнографиялық немесе әдеби емес – идеологиялық және мәдени миссия атқарған. Олар қазақ даласына деген қызығушылықты оятумен қатар, Батыс пен Шығыс арасындағы көпір қызметін де атқарды. Сондықтан да еуропалық публицистикада жазылған әрбір жол – бір жағынан ғылыми дерек, екінші жағынан тарихи санада қалыптасқан бейненің бөлшегі.

3 XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЕУРОПА БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ДАМУ, ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

3.1 Қазақстанның даму мәселелері туралы Батыс Еуропа баспасөзіндегі жарияланымдар

Батыс публицистикасында қазақ тақырыбы XIX ғасырдың екінші жартысында ерекше орын алды. Алайда қазақ даласы туралы қызығушылықтың бастауы одан әлдеқайда бұрын қалыптасқан. Әсіресе XIX ғасырда Қазақстанға қатысты тарихи-әдеби материалдар едәуір көлемде жиналып, жүйелене бастады. Бұл үдеріс қазақ пен еуропалық халықтар арасындағы әдеби байланыстардың, рухани алмасулардың бір қырын ашып берді.

Азия елдеріне түрлі мақсатпен – сауда, миссионерлік, дипломатиялық ниетпен келген еуропалық саяхатшылардың жазбалары қазақ халқы жайлы алғашқы мәліметтер көзі болды. Бұл мәліметтер әрине, шектеулі, көбіне үстірт болғанымен, Еуропа жұртшылығының қазақ еліне деген танымын қалыптастырды. Алайда XIX ғасырда Қазақстанның Ресей құрамына енуі мен соның салдарынан көшпелі халықтың тарихи дамуындағы бетбұрыстар туралы жазылған еңбектер ауқымы, мазмұны, ғылыми шынайылығы жағынан бұрынғы мәліметтерден әлдеқайда асып түсті. Бұл кезең – қазақ халқының жаңа саяси-әлеуметтік кеңістікке тартылып, өзге халықтармен, ең алдымен орыс халқымен бірлесе дамуының алғышарттары қаланған уақыт еді.

Батыс Еуропа елдері мен Қазақстан арасындағы мәдени-тарихи таным кеңістігі Ресейдің дәнекерлік қызметі арқылы қалыптасты. XIX ғасырда Ресейдің прогрессивті күштерінің қазақ халқының дамуына тигізген ықпалы Батыс ғалымдары мен жазушыларының назарын еріксіз аударды. Бұл кезеңде қазақ даласына Батыс Еуропа елдерінен көптеген ғалымдар мен жазушылар келіп, саяхаттап немесе жер аударылып жүріп, өз жазбаларында қазақ өлкесіне қатысты бай материал қалдырды.

Қазақ этнографиясы мен тарихына қатысты шетелдік әдебиеттерге алғаш жүйелі назар аударған – Шоқан Уәлиханов. Ол француз тарихшылары А. Ремюза, Г. Клапрот, Д. Эрбелон, Амадей мен Огюстен Тьерри сынды ғалымдардың еңбектерін қолданумен қатар, олардың еңбектеріне қатысты өз пікірін де білдірген.

Революцияға дейінгі кезеңде жарық көрген еңбектердің ішінде В.В. Бартольдтің «Шығысты зерттеу тарихы» атты еңбегін (СПб., 1911) атап өтуге болады. Онда Бартольд Еуропа мен Ресейде Орталық Азияны зерттеу кезеңдерін қысқаша жүйелеуге тырысқан. Сондай-ақ В.О. Ключевский шетел авторлары еңбектерін тақырыптық тұрғыдан саралап, тарихи дерек көзі ретінде кешенді түрде талдау жасаған алғашқы зерттеушілердің бірі болды. Бұл бағыттағы зерттеулер М.П. Алексеев, М.А. Полиевктов, М.А. Алпатов секілді ғалымдардың еңбектерімен жалғасын тапты. 1970-жылдары К.Л. Есмағамбетов Қазақстан мен Орта Азия туралы ағылшын және америкалық әдебиеттерге сүйене отырып

бірқатар зерттеулер жүргізді. Бұл кезең – тарих, этнография және антропология ғылымдарының дербес сала ретінде қалыптаса бастаған тұсы [163].

В.В. Бартольд атап өткендей, лингвистика, тарих және этнография ғылымдарында тек XIX ғасырда ғана қазіргі ғылыми әдістер орнығып, бұл салалар толыққанды ғылым деңгейіне көтерілді.

Бұрын этнография көбіне табиғи ғылым ретінде қарастырылып, адамзат типологиясы шеңберінде зерттелсе, XIX ғасырдың ортасына қарай бұл ұстаным өзгерді. Англосаксон әлемінде этнография «этнология» деген атаумен белгілі болды. 1860-70 жылдары материалдық және рухани мәдениетті, халықтар тұрмысын кешенді түсіндіруге бағытталған ортақ тұжырымдамалар пайда болды. Этнографиялық және антропологиялық қоғамдар құрылып, ғылыми бағдарлама мен нұсқаулықтар жасала бастады.

Соның бір көрінісі – 1874 жылы Британ ғылымды дамыту қауымдастығы тарапынан шығарылған «Notes and Queries on Anthropology» атты этнографиялық нұсқаулық. Бұл құжаттың мақсаты – саяхатшыларға дәл антропологиялық бақылау жүргізуге көмектесу, ғылыммен кәсіби айналыспайтын адамдар үшін де жүйелі мәлімет жинау әдісін ұсыну еді [166].

Осы кезеңде Еуропада бірнеше ғасыр бойы жинақталған Шығыс халықтарына қатысты материалдар жүйеленіп, оларды ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі артты. Әсіресе отаршылдық саясатты жүзеге асыру мақсатында жаңа аймақтар мен халықтар жайлы білім алу – практикалық қажеттілікке айналды. Джон Лёббок жазғандай, «...жабайы халықтардың тіршілігін зерттеу Англия үшін ерекше маңызды, өйткені ол – бүкіл әлемге таралған колониялары бар ұлы империя, оның азаматтары барлық өркениет сатысындағы халықтардан тұрады» [167].

Қазақстан мен Орта Азияға қатысты жинақталған тарихи, этнографиялық, географиялық мәліметтерді жүйелеу, салыстыру, қорытындылау қажеттілігі туды. Географиялық фактордың халықтың тағдырындағы рөлін анықтауға тырысқан зерттеулер көбейді. Осы кезеңдегі тарихшылар мен этнографтар жаратылыстану ғылымдарының жетістіктеріне сүйеніп, адамзат қоғамының даму заңдылықтарын табиғи эволюция тұрғысынан түсіндіруге ұмтылды. Олар: адамзат біртұтас және оның мәдениеті ортақ заңдылықпен дамиды, бұл даму біржолғы – қарапайымнан күрделіге қарай жүреді деген тұжырымдарды ұстанды. Бұл идеялар әр ғалымның методологиясында әртүрлі деңгейде көрініс тапты.

Эволюционистік бағыттың көрнекті өкілі – неміс этнографы Адольф Бастиан (1826–1905). Ол 1889–1891 жылдары Орталық Азияға этнографиялық материал жинау мақсатында сапар шеккен. Оның «Адамзат тарихы» («Der Mensch in der Geschichte», 1860) атты еңбегі – адамзат біртұтастығы, ортақ сананың болуы, ақыл-ойдың дамуындағы орта факторлардың рөлі секілді ой-тұжырымдармен ерекшеленді. Бұл әдістемелік тәсілдің арқасында этнография мен тарих жаратылыстану ғылымдарымен қатар дамып, Орталық Азияны географиялық тұрғыдан зерттеу ілгері басты.

XIX ғасырдың екінші жартысында Германия мен басқа да елдерде Қазақстан даласына арналған кешенді зерттеулер жүргізілді. География профессоры Готфрид Мерцбахер мен Фриц Махачек – Орталық Тянь-Шань аумағын зерттеген неміс ғалымдары. Соңғысының 1911–1914 жылдар аралығындағы экспедициялық материалдар негізінде жазылған еңбегі географиялық сипатта ғана емес, этнографиялық мәліметтерге де бай. Кітаптың алтыншы тарауында қазақтар мен қырғыздардың өмір салты, этникалық аумағы, шаруашылығы, саны, ру-тайпалық құрамы жөнінде нақты мәліметтер келтіріледі. Махачек олардың қонақжайлылығы, сезімталдығы, поэзия мен музыкаға құштарлығы секілді сипаттарын ерекше атап өткен.

Германиялық зерттеушілер Отто Финш пен Альфред Бремнің «Батыс Сібірге сапар» атты еңбегі XIX ғасырдың 70-жылдарындағы Қазақстанның этнографиялық, экономикалық және географиялық жағдайын шынайы сипаттауға бағытталған, деректік тұрғыда бағалы еңбек болып табылады. Бұл экспедициялық сипаттамадағы материалдар Еуропа ғылыми ортасы үшін қазақ даласын танудың алғашқы жүйелі қадамдарының бірі болғаны даусыз. Сонымен бірге, еңбекте отарлық стереотиптер мен еуроцентристік көзқарас та қатар орын алған.

Зерттеушілер қазақтардың антропологиялық бейнесіне қатысты сипаттамаларында батыстық физиогномикалық нормаға негізделіп, қазақтарды «монғол типіне» жақындата сипаттайды. Бұл сипаттамаларда салыстырмалы әдіс қолданылғанымен, тұжырымдар субъективті және сыртқы келбетке негізделген этникалық баға беру сипатында көрінеді. Авторлардың «разбойничьи хари», «неблагородный вид» секілді тіркестері – сол кезеңдегі отарлық риториканың айқын көрінісі. Бұл секілді тұжырымдар, сөзсіз, қазақ халқын мәдени тұрғыда төмендету мен бөтендеудің бір тетігі ретінде пайдаланылған [168].

Әйел бейнесіне қатысты сипаттамаларда да Финш пен Бремнің көзқарастары батыс эстетикалық нормаларымен шектеліп қалған. Олар қазақ әйелдерінің сыртқы келбетіне қатысты теріс пікір білдіре отырып, олардың сұлулық өлшемдерін өз мәдениетінің призмасы арқылы бағалайды. Әйтсе де, Л.К. Полторацкая жинаған фотосуреттерге сүйене отырып, зерттеушілер қазақ әйелдерінің арасында «миловидные личики» барын мойындайды, бұл олардың алғашқы пікірлерінің субъективтілігін байқатады.

О. Финш пен А. Бремнің көшпелі шаруашылықтың ішкі логикасын – мал өсіру, азық дайындау, тамақ түрлері, сондай-ақ аңшылық мәдениетін сипаттауы айрықша назарға лайық. Қазақтардың ет және сүт өнімдерін өңдеу технологиясына берген сипаттамалары сол дәуірдегі тағам мәдениетін дәл суреттейді. Мәселен, курт, ірімшік, қымыз бен сүттен жасалған сарма, айран секілді тағамдарға қатысты деректер – этнографиялық құндылығы жоғары мәліметтер.

Киім үлгілерін сипаттауда да әлеуметтік стратификацияны байқауға болады. Бай мен кедейдің киіміндегі айырмашылықтар, шапан мен бас киімнің түрлері мен сән үлгісіне қатысты сипаттамалар – ұлттық киімтануға арналған маңызды этнографиялық деректер көзі. Ермолка, бөрік, түлкі терісімен

көмкерілген шапан сияқты элементтердің қолданылуы сол кездегі сәндік эстетиканың әлеуметтік маңызын аңғартады [170].

Авторлар қазақтардың тұрмыстық мәдениетін зерттеуде бай және кедей әлеуметтік топтардың өмір салтын салыстырмалы түрде қарастырған. Бұл тұрғыда олар юртаның артықшылықтарын әділ сипаттап, оның құрылымы мен көшпелі өмірге бейімділігін жоғары бағалайды. Алайда, кедей қазақтардың қыстағы жағдайына қатысты келтірілген деректерде әлеуметтік сын байқалады. Зерттеушілердің назарын әсіресе отын тапшылығы мен жұпыны баспана жайы аудартқаны анық [169].

Байқауға болатындай, авторлар қазақтардың қолөнеріне, оның ішінде ағаш өңдеу мен ұсталық бұйымдарға, әйелдердің тамақ дайындаудағы шеберлігіне оң баға береді. Бұл бағалаулар ғылыми шынайылықты сақтауға ұмтылғанымен, тұтас мәтін бойында еуропалық өлшем басым, және бұл зерттеушілердің өзіндік мәдени-философиялық шекарасынан асып кете алмағанын көрсетеді.

О. Финш пен А. Брем өз заманының алдыңғы қатарлы естествоиспытатель-этнографтары болғанымен, олардың еңбегінде ғылыми объективтілік пен субъективті мәдени бағалаулар қатар көрініс табады. Бұл контексте олардың қазақ қоғамына қатысты берген сипаттамалары екіұшты бағалануы тиіс: бір жағынан, тарихи-этнографиялық деректердің құндылығы зор, екінші жағынан, отарлық дискурстың ықпалы оларды таным шеңберінен толық арылта алмады.

Жюль Верн бұл деректі романында қолдана отырып, өз заманының географиялық экспедицияларын терең меңгергенін ғана емес, сонымен бірге Шоқан Уәлихановтың еуропалық ғылымға қосқан үлесін де мойындайтынын көрсеткен. Бұл эпизод француз жазушысының дәуіріндегі ғылыми контекстпен тығыз байланыста болғанын, шынайы оқиғаларға қызығушылық танытып, дереккөздерге мұқият қарағанын дәлелдейді. Жазушы жай ғана сюжеттік желілерді енгізіп қоймай, көркем мәтінді этнографиялық, лингвистикалық, географиялық деректермен байыта отырып, Жюль Верннің романын XIX ғасырдағы қазақ даласына деген еуропалық көзқарастың өзіндік көркем куәлігі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Басқа қырынан қарағанда, еуропалықтардың қазақтарға деген қызығушылығы тек мәдени таныммен шектелмегені анық. Бұл қызығушылық империялық идеология шеңберінде пайда болып, соны нығайтудың бір тетігіне айналды. Мысалы, А. Брем мен О. Финш сынды зерттеушілер қазақ мәдениетіне белгілі бір құрметпен қарағанымен, олардың еңбектерінен отарлық стереотиптердің ізі анық байқалады. Олар қазақтарды «табиғи ақылға ие» деп сипаттай отырып, «жалқаулық», «моральдық тоқырау», «прогреске қабілетсіздік» секілді ұғымдарды олардың көшпелі өмір салтымен байланыстырады. Мұнда Ресей мен Батыс Еуропаға тән антикөшпелілік дискурстың элементтері айқын көрініс табады. Мысалы, В. Радловтың көзқарастарын қолдай отырып, көшпелі өмір салтын тарихи процестен тыс, «өркениеттен кейін қалған» құбылыс ретінде бағалауы осыны көрсетеді [171].

Фридрих Гелльвальд та осы көзқарастан алыс кетпеген. Қазақтарды «хазак» деп атай отырып, ол олардың тұрмысын географиялық жағдаймен тығыз

байланыстырады, алайда бұл байланыс кейде биологиялық немесе детерминистік сипат алады. Мысалы, қазақ музыкасының монотонды болуын тек кең даланың тыныштығымен немесе табиғаттың ерекшелігімен түсіндіру – қазақ мәдениетін өзіндік ішкі жүйесі бар күрделі құбылыс ретінде емес, тек сыртқы факторлармен анықталатын пассивті объект ретінде қарастыруға алып келеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Гелльвальд еңбегінің негізі географиялық және медициналық сипаттамаларға сүйенсе де, қазақ руханиятының тереңдігін ашуға қауқарсыз.

Ал Жюль Верн шығармашылығында керісінше, әлеуметтік прогресс, ғылыми жаңалықтар мен адамзат ақыл-ойының жеңісі басты тақырып ретінде көрінеді. Ол өз романдарында қазақ даласын тек экзотикалық кеңістік емес, болашақ өркениеттің даму алаңы ретінде бейнелейді. Мәселен, «Клодиус Бомбарнак» романында суреттелген Түркісіб жобасына қатысты ойлары – жай әдеби қиял ғана емес, сонымен қатар технократиялық оптимизм мен болашаққа сенімнің айғағы. Бұл романның ерекшелігі – фантастикалық сюжетпен қатар нақты географиялық, тілдік, этнографиялық деректердің молдығында. Жазушы қазақ терминдерін (мысалы, *қымыз*, *жігіт*, *бел*, *терскен*, *сарбаз*) қолданып, оларға түсіндірме беру арқылы далалық өлкенің ерекшеліктерін ұғынуға талпынғанын дәлелдейді [172].

Жалпылай алғанда, еуропалық зерттеушілер мен жазушылардың еңбектеріндегі қазақ бейнесі екіұшты: бір жағынан – таңданыс пен ілтипаттың белгісі, екінші жағынан – отарлық стереотиптерден алыс емес. Бұл қайшылық – XIX ғасыр соңы Еуропасының өзіндік мәдени үстемдігінен туындаған күрделі құбылыс. Дегенмен, дәл осы еңбектер бүгінгі зерттеушілерге сол кезеңдегі қазақ қоғамының еуропалық қабылдауындағы бейнесін жан-жақты ұғынуға мүмкіндік беріп отыр.

Француз зерттеушісі М. Капюдің Идрискүлдің орындаушылық шеберлігіне тәнті болып, оны «керемет виртуоз» деп атауы – қазақ музыкалық дәстүріне шетел ғалымдарының жоғары баға бергенін айғақтайды. Оның айтуынша, мұндай тенорлар кез келген еуропалық опера театрының мақтанышы болар еді. Бұл пікір XIX ғасырдағы Еуропа мәдени кеңістігінде қазақ әншісінің орындаушылық деңгейінің танылғанын көрсетеді. Еуропалық оқырманға қазақ халқының рухани өмірінің бір қыры дәл осындай жолмен жеткізілді. Қызығы, бұл баға «Кавказ» атты ресейлік газетте жарияланған, ал бұл басылым сол кезеңдегі озық орыс зиялыларының шет халықтардың тұрмыс-тіршілігіне деген ықыласын, әділ көзқарасын бейнелейді. Француз мәтіндерінің орыс тіліне шынайы әрі дәл аударылуы сол кезеңдегі аудармашылар еңбегінің маңыздылығын көрсетеді.

Францияда қазақтар мен Орталық Азия халықтарына қатысты антропологиялық зерттеулер XIX ғасырдың ортасынан бастап белсенді жүргізілді. 1865 жылы Географиялық қоғам бюллетенінде қазақтарға арналған арнайы мақала жарияланды. Ал Парижде шығатын «Ғылыми миссиялар архивтері» атты басылымда этнографиялық деректер жарық көріп отырды [173]. Француз шығыстанушысы М.К. Уйфальви бұл бағытта айрықша танымал болды.

Алайда, оның еңбектері сынға да ұшырады. Мысалы, Д.Л. Иванов Уйфальвидің еңбектеріндегі көптеген дәлсіздіктерді, тіпті өрескел қателіктерді көрсеткен. Соған қарамастан, француз зерттеушісінің қазақтарға қатысты жинаған археологиялық, антропологиялық деректерін түбегейлі жокқа шығару да орынсыз. Оның 1876 жылғы экспедициясы барысында жинаған материалдары – камалды жерлеу құрылыстары, ежелгі дәуір артефактілері – Қазақстан тарихына қосылған құнды мәліметтер. Бұл материалдар кейін Парижде жарық көрген алты томдық еңбекте, сондай-ақ «Орта Азияға антропологиялық сапардың қорытындысы» атты жеке кітабында жүйеленіп жарияланды.

Франция мен Ресей арасындағы геосаяси жақындасу XIX ғасырдың соңында ғылыми сапарлардың жиілеуіне әсер етті. Соның бір айғағы – Э. М. де Вогюэнің 1888 жылғы сапары және оның «От Каспия до Самарканда» атты очеркі. Бұл очерк «Дала уалаяты газетінде» жарық көріп, қазақ даласын ғылыми сипаттаудан бөлек, оның әлеуметтік бейнесін де жеткізді. Француз әскери офицері Виконт де Кювервиль мен археолог Ж. Бартеллоның қазақ даласына сапары да осындай ғылыми-этнографиялық ізденістердің жалғасы болды. Олар көшпелі тұрмысты, киіз үй құрылысын, салт-дәстүр мен тұрмыстық заттарды сипаттап, нақты мысалдар келтіреді. Мәселен, волостной старшина Дуйсен Жангаскиннің отбасы мен мүлкі туралы суреттемесі – сол дәуірдегі әлеуметтік құрылым мен байлық өлшемін көрсететін этнографиялық мәлімет.

Неміс ғалымы Рихард Карутцтың еңбегі – Батыс Қазақстанның этнографиялық көрінісін жан-жақты сипаттаған іргелі зерттеулердің бірі. Ол Форт-Александровскіні, көшпелілердің тұрмысын, киім үлгілерін, юртаның конструкциясын, тіпті шай дайындау тәсілдерін егжей-тегжейлі сипаттайды. Мәселен, кымыз қосылған шайдың ерекше дәмі немесе айрықша киім үлгілері туралы деректері көшпелі мәдениеттің ерекшелігін айшықтайды. Сонымен қатар, Карутц аңыз-ертегілерге, астрономиялық түсініктерге (Ай мен Күн туралы, Жетіқарақшы мен Кіші Аю шоқжұлдыздары туралы), балалар ойындарына дейін назар аударып, оларды тәптіштеп сипаттайды [174]. Бұл оның қазақ мәдениетіне деген ғылыми қызығушылығының тереңдігін көрсетеді.

Сондай-ақ Карутц қазақтар арасындағы некелік рәсімдердің күрделілігін, оның жеті сатыға бөлінетіндігін сипаттап, мұндай жүйелілік олардың дәстүрге деген қатынасын көрсететінін атап өтеді. Ол қазақ әйелдерінің ажырасу мәселесіндегі салыстырмалы еркіндігін де мысал ете отырып, гендерлік қатынастарға қатысты байқаған ерекшеліктерді ашып көрсетеді. Тіпті зират сәулетінің Византия өнеріне ұқсастығы туралы пікірі – қазақ мәдениетінің түркі, парсы және еуропалық элементтердің тоғысында дамығандығын білдіреді.

Неміс лингвистикалық мектебі де қазақ тілі мен фольклорына зор үлес қосты. В. Шоттың түркі тілдері жөніндегі еңбектері В. Радловқа ықпал етті, ал Радловтың өз еңбектері Германияда жоғары бағаланып, У. Банг тарапынан талдауға түсті. Мұның өзі Германияда тюркология ғылымының қаншалықты деңгейде болғанын және оның қазақ тіліне қатысты жүйелі зерттеулер жүргізгенін көрсетеді. Швед зерттеушісі Свен Гединнің сапары да қазақ даласының физикалық-географиялық қана емес, мәдени-әлеуметтік болмысын

таныстыруға бағытталған еді. Оның сипаттамаларында нақты қалалар мен ескерткіштер ғана емес, жергілікті тұрғындардың өмір салты, дүниетанымы да көрініс тапқан.

Неміс ғалымы А. фон Этцель Г. Вагнермен бірге «Сібір және оған іргелес жатқан Орта Азия елдеріне саяхат» атты жинақ шығарды. Бұл жинаққа Т. Атकिनсон, фон Миддендорф және басқа зерттеушілердің еңбектерінен алынған үзінділер енген. Арада бір жыл өтпей, 1865 жылы бұл жинақ орыс тіліне аударылып басылып шықты.

Францияда Орта Азияға қатысты саяхатшылардың күнделіктері мен басқа да дереккөздерді жариялаумен Париждегі Тірі Шығыс тілдері мектебі айналысты.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Орта Азия тарихына қатысты зерттеушілер назарын аудартқан бірқатар еңбектер жарық көрді. Солардың қатарында – ағылшын тарихшысы Г. Ховорттың төрт томдық «IX ғасырдан XIX ғасырға дейінгі моңғолдардың тарихы» атты еңбегі бар. Оның екінші томы «Ресей мен Орта Азияның т.с.с. аталып жүрген татарлары» деп аталады. Сондай-ақ Манчестердегі Виктория университетінің профессоры Э. Паркердің екі басылыммен шыққан «Татарлардың мың жылдық тарихы» атты кітабы мен әйгілі американ лингвисті Дж. Кэртиннің «Батыс Сібірге саяхат» атты еңбегі де ерекше назарға ие. Сонымен қатар, америкалық ақын, жазушы және саяхатшы Баярд Тэйлордың очерктері де маңызды дерек көзі саналады. Ол Ресейдегі дипломатиялық қызметін пайдаланып, Орта Азияны зерттеуді мақсат еткенін жасырмаған. Дегенмен, бұл бағытта барынша терең және жүйелі зерттеу жүргізгендер қатарында АҚШ дипломаты Юджин Скайлер мен «Нью-Йорк Геральд» газетінің тілшісі Януарий Мак-Гахан болды. Олар 1873 жылы наурыз айында Ресей әскерлерінің Орта Азия хандықтарын «қосып алу» операциясының аяқталу барысына куә болу үшін Петербургтен аттанған еді. Олардың сапарына Букеев Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің үлкен ұлы Чингис еріп жүрді. Скайлердің айтуынша, ол француз әдебиетін жақсы білетін, мәдениетті, зиялы адам болған.

Скайлердің негізгі мақсаты – Ресейдің жаңа жаулап алған аймақтарындағы саяси және әлеуметтік жағдайды сипаттау, оларды әлі де хан билігіне бағынып отырған аймақтармен салыстыру болатын. Орта Азия мен Қазақстанда өткізген сегіз айлық сапары нәтижесінде ол екі томдық «Түркістан» атты еңбегін жариялады. Ал Мак-Гахан «Окс өзеніндегі әскери қимылдар және Хиваның күйреуі» атты еңбегін жазды. Бұл еңбектерде аймақ халқының тарихы мен этнографиясы, табиғаты мен шаруашылығы, сондай-ақ Ресейдің отарлық саясаты кеңінен қамтылған.

1876 жылы Скайлер Қазақстандағы жағдайды былайша сипаттаған: «Бұл халық өз руын, отбасын қорғап, олардың ар-абыройы мен қауіпсіздігін қорғауға әрдайым дайын болған. Батырлықты, шапқыншылықты, ерлікті құрмет тұтып, тәуелсіздікті сүйетін қазақтар әрдайым Сарым Аруназы мен Кенесары сияқты батырдың соңынан еруге әзір еді...».

Ал Мак-Гахан генерал Кауфманмен алғаш рет кездескен сәтін былай суреттейді: «Мен оны ашық даладағы киіз үйде шай үстінде кездестірдім. Үстінде Бұқара шапаны, қолында темекі – кісі жасы 46-50 шамасында, бойы қысқалау, басы таз, көгілдір көздерінен мейірім мен көңілділік байқалады...». Генерал Кауфман – өз дәуіріндегі алдыңғы қатарлы идеяларды қолдаған, білімді әрі прогрессивті тұлға болған.

Мак-Гахан алғашқылардың бірі болып, Орта Азияда кең байтақ жерлер бар екенін, бірақ ондағы жергілікті халық орыс заңдарын білмейтінін, орыс тілін де меңгермегенін атап өтті. Соған қарамастан, барлық ресми құжаттар тек орыс тілінде жазылады. Ол генералмен әңгімесінде өзін «молодец» деп атағанын таңырқай жазады [175].

1873 жылдың ақпанында Петербургке келген Мак-Гахан ресейлік биліктен Хиваға жорыққа шыққан әскери отрядтардың біріне ілесуге рұқсат сұрады. Алайда көптеген шетелдік журналистерге мұндай рұқсат берілмегенін білген соң, АҚШ консулы Скайлермен кеңесіп, оған ресми рұқсат пен мемлекеттік қызметкер – Губайдулла Жәңгірұлы ілесетінін біліп, олардың тобына бейресми түрде қосылуға шешім қабылдайды.

35 жастағы журналист жақсы ағылшын, француз, неміс тілдерін меңгергенімен, орыс тілін де, жергілікті халықтардың тілдерін де білмеген. Ол тек Ресейде тұруға берілген паспортпен жолға шыққан. 10 наурызда Петербургтен поездға отырып, алдымен Саратовқа, кейін Орск арқылы жолдың қиындығына қарамастан Казалинскке жетеді. Мұнда ол 8 сәуірде Скайлер мен Жәңгірұлымен кездесіп, олармен бірге 30 сәуірге дейін бірге болады. Перовскіде Скайлер мен Жәңгірұлы Ташкентке аттанып, Мак-Гахан басқа бағытта жалғыз қалады. Оған Орынбордан Акматамов есімді татар шенеунік ілескен. Мак-Гахан ол туралы нашар пікір білдіргенімен, кейінірек Карақалпақ Мусатиров пен жас қазақ баласы көмекші ретінде қатар жүреді.

Журналистің өзімен бірге ауыр қару-жарақтар жиынтығы болған: ағылшын қос ұңғылы мылтық, аңшылық қаруы, он сегіз оқтық винчестер, үш револьвер, бірнеше аңшы пышақтары мен қылыштар. Оның жол бағыты Еркебай (қазіргі Казалинск) – Перовск (қазіргі Қызылорда) арқылы өтеді. Бұл жерлерде ол қоштасып, Ташкентке аттанған сапарластарының жолын бөліп, патша армиясының өкілдерімен алғаш танысады.

Хал-атеде ол генерал фон Кауфманмен жолығып, оған полковник Веймарн бекітіледі. Адам қырылған кудық атты жерде ол полковник Новомлинский және барон Корфпен сөйлеседі. 28 тамызда генерал Головачевтің отрядына қосылып, Аму-Дариямен жүзген «Самарканд» кемесіне отырады. Мұндағы капитан Ситников оны жылы қабылдаған.

Жазбаларында Мак-Гахан қазақ аулдарының тұрмысын этнографиялық тұрғыда сипаттайды. Бір эпизодта ол қазақ домбырасын «гитара» деп атап, жас жігіттің ән шырқауын былай суреттейді: «Ол екі күлкілі, екі батырлық ән айтты. Бұл «татар гитарасы» кішкентай, ал мойны ұзын, қара жаңғақ ағашынан жасалған, екі жәй және бір мыс ішекті аспап. Ән айту мәнері қыңқылдаған, бірақ

даламен үйлесіп тұрды. Кибитка ортасындағы алау, қару-жарақ, қыздар – бәрі бірегей көрініс еді» [176].

Журналист қазақтардың қонақжайлығын, адалдығын, сенімділігін ерекше атап өткен: «Мен олардың арасында ай бойы болдым. Ақшам, аттарым, заттарым аман қалды. Тіпті бір нәрсе ұмытылса, арттан қуып әкеліп беретін. Ондай халықты «цивилизациялау» қажет пе өзі?...».

Мак-Гахан қазақтардың әйелге қатысты әдет-ғұрпы туралы да жазған. Оның түсінігінде бұл «ежелгі еврей заңы» секілді, яғни жесір қалған әйелді қайын інісі алуы тиіс. Алайда автор бұл дәстүрдің астарындағы шынайы себеп – жетімдіктен қорғау, отбасылық тұрақтылықты сақтау екенін түсінбей қалған. Осыған байланысты Болат пен Минайым туралы лирикалық оқиғаны мысал етеді. Ертеден атастырылған Минайым сүйгені Азимге қосылғысы келсе де, Сүлүк оған үйленуге тырысады. Қыз көнбейді, үлкендер оны ұрады, Сүлүк тіпті оны байламақ болады...

Альберт Грюнведель өзінің Шығыс Түркістанға алғашқы сапарының қорытындысында былай деп жазды: «Бұл өңірді зерттейтін ғалымдардың алдында тұрған міндеттер соншалықты ауқымды және ұлы, оларды тек бүкіл еуропалық ғылыми қауымдастықтың бірлескен жаппай күш-жігерімен ғана шешуге болады».

Қазақстанға қатысты ғылыми зерттеулердің жандануына Батыс Еуропа мен АҚШ-тағы шығыстану ғылымының қарқынды дамуы түрткі болды. Бұл үдеріс бірнеше шығыстану қоғамдарының құрылуымен және олардың қызметімен көрініс тапты. Атап айтқанда, Англияда 1823 жылдан бастап жұмыс істей бастаған Корольдік Азия қоғамы мен 1901 жылы құрылған Орталық Азияны зерттеу жөніндегі Корольдік қоғам, АҚШ-та 1842 жылы негізі қаланған Америкалық шығыстанушылар қоғамы, 1845 жылы құрылған Неміс шығыс қоғамы және басқалар. Шығыс пен Орталық Азияға деген академиялық қызығушылықтың артуына шығыстанушылардың халықаралық ынтымақтастығы да әсер етті. Бұл ынтымақтастық 1873 жылдан бастап өткізілген Халықаралық шығыстанушылар конгресстерінде айқын көрініс тапты. 1902 жылы Гамбург қаласында өткен XIII конгресте Орталық және Қиыр Шығысты тарихи, этнологиялық, лингвистикалық және этнографиялық тұрғыда зерттейтін арнайы Халықаралық қауымдастық құрылды.

Шығыстанушылардың негізгі басылымдарына келесідей журналдар жатты: «Ұлыбритания мен Ирландияның Корольдік Азия қоғамының журналы» (1834 жылдан бастап), 1912 жылы негізі қаланған «Ислам шолуы», «Орталық Азия Корольдік қоғамының журналы», Лондон университетінің «Шығыс және Африка зерттеулерінің бюллетені», Кембриждегі Гарвард университетінің «Азиялық зерттеулер журналы», Нью-Йорк пен Нью-Хейвенде шығарылған «Америкалық шығыстанушылар қоғамының журналы», Хельсинкидегі «Финн-угор қоғамының журналы», Висбаденде жарық көрген «Урало-алтайлық жылнама» және тағы басқа басылымдар.

1873 жылы Париж географиялық қоғамының бюллетенінде «Арал теңізінің тарихы» атты ғылыми мақала жарық көрді. Бұл мақалада автор Арал мен Каспий

теңіздерінің аралығындағы аймақты мекендеген халықтар туралы кең мәлімет береді. Оның «Арал мен Каспий теңіздерінің көлбеулігі», «Арал-Каспий ойпатын мекендеген халықтар» атты басқа мақалалары А.И. Левшин, Г.П. Гельмерсен, А. Вамбери, Н. Каразин, М. Красовский, Л. Мейер, А.П. Хорошкин, В. Полторацкий, А.В. Каульбарс, А. Борнс секілді көптеген еуропалық ғалымдардың нақты мәліметтеріне сүйене отырып жазылған. Бұл авторлардың кеңінен қамтылуы оның еуропалық тілдердегі әдебиетке кеңінен қол жеткізгендігін және терең эрудициясын аңғартады.

XIX ғасырдың басында Париж жұртшылығы қазақ даласы туралы алғашқы нақты мәліметтерді Г. Мейендорфтың «Орынбордан Бұқараға 1820 жылғы саяхат» атты кітабы арқылы алды. Бұл шығармада автор Арал теңізі мен ежелгі Яксарттың (Сырдария) шығысына қарай созылған далалар арқылы өткен сапары туралы баяндады. Бұл еңбектің жекелеген тараулары сол жылы «Солтүстік мұрағат» журналында жарияланды. Бұл кітапты Шоқан Уәлиханов та оқығаны мәлім. Ол Мейендорфтың шығыс халықтарының тұрмысын сипаттауға ерекше ықыласпен қараған санаулы еуропалықтардың бірі екенін атап өткен. Мейендорфтың қазақтар туралы, әсіресе Сырдарияның жағалауында мекендеген рулар жөніндегі сипаттамалары қазақ халқының өткендегі әдет-ғұрпы мен мінез-құлқын тануда маңызды. Ол қазақ әндерінің мәтінін жазып алып, олардың көркемдік ерекшеліктерін сақтауға тырысқан. Қазақтардың халық батырлары туралы тарихи жырларын, сондай-ақ қойшылардың айға қарап айтатын «мұңды, мұңлы дауыстарға лайық» лирикалық әндерін тындаған. Бұл әсерлер италиялық ақын Джакомо Леопардиді (1798–1837) қатты толқытып, ол «Азияда көшіп жүрген қойшының түнгі жыры» атты әйгілі өлеңін жазуға шабыт алған.

«Заря» газетінде Джон У. Уорделлдің «Ғасыр басындағы қазақтар – сол замандағы бір ағылшынның көзімен» атты мақаласы жарияланды. Аудармасы А. Тажутоваға тиесілі [177].

Қазақстанның байырғы халқы – қырғыз-қазақтар, түркі-моңғол текті, туранотүркі немесе батыс-татар тілдер тобына жататын көшпелі халық. Олар әуелде Байкал көлі маңында өмір сүрген, кейін батысқа қарай жылжи отырып, қазіргі Қазақстан жеріне қоныстанған. Өздерін әрдайым «қазақ» деп атағанымен, бұл атау ресми түрде тек кейін мойындалды. Ресей империясы кезінде оларды көбінесе «қырғыз» деп атаған, себебі тілдік және мәдени жағынан қазақтар қырғыздарға өте жақын болған. Екі халық та моңғол немесе татар тектес, «қырғыз» және «қазақ» атаулары «көшпенді» және «салт атты» мағынасын береді. «Қазақ» сөзі «казак» ұғымымен мағыналас, ол әскери қызметтегі салт аттыларға қатысты қолданылған.

Қырғыздар шамандық сенімде болған, олар жақсы мен жаман рухтардың бар екеніне сеніп, олармен байланысқа түсу үшін түрлі дұғалар мен сиқырларды қолданған. Қазақтар XIV ғасырдан бері сүнниттік ислам дінін ұстанғанымен, шын мәнінде шаманизмге негізделген сенімдер ұзақ уақыт сақталып, революцияға дейін олардың діндарлығы көбінесе номиналды деңгейде қалды. Қазақтар балаларын ерекше жақсы көріп, ата-ана мен бала арасындағы байланыс мейлінше терең болған. Қазақ тілі түрік тіліне өте ұқсас, ал жазуы араб

графикасына негізделген. Қазақ жер-су атауларына сипаттамалық бейнелеу тән, сондықтан жер атауларының шығу тегін анықтау аса қиын емес.

Батыс тарихнамасы мен этнографиясында Қазақстанға қатысты көптеген мәселелер қарастырылғанымен, олардың ішінде екі тақырып үнемі ғылыми зерттеулермен қатар саяси манипуляцияның да өзегіне айналды. Олар: қазақ жерлерінің Ресейге қосылу себептері мен салдары және ұлт-азаттық қозғалыс мәселесі.

XIX ғасырдың 1870-жылдары Қазақстанның Ресей құрамына кіруінің соңғы кезеңін шетелдік зерттеушілер кеңінен сипаттады. Мысалы, француз географы Л. Ланьер бұл мәселеде Б. Залесскийдің «Қырғыз даласындағы өмір» атты кітабын дерек көзі ретінде пайдаланған. Ал Дж. Мак-Гахан өз еңбегі «Оксус бойындағы әскери жорықтарда» патша әскері тарапынан Ақмешіттің алынуы, бұл бекіністі қорғаған Якуббектің ерлігі және қазақтардың Хиуа мен түрікмендермен қарым-қатынасы туралы жазды [178]. Ресей әскерлерінің Орталық Азия мен Қазақстан арқылы ілгерілеу маршруттары, әскери операциялар мен Еуропа державаларының аймақтық мүдделері туралы француз баспасөзі жиі жазып отырды.

Қазақтар мен Орталық Азия халықтарының Ресеймен әскери-саяси қарым-қатынастарының тарихы, олардың империя құрамына күрделі жолмен бірігуінің негізгі кезеңдері Хуго Стамм мен Йорк де Вартенбургтің еңбектерінде жинақталған. Француз тарихшысы Вартенбург Ресей империясының құрылу тарихын және Бекович-Черкасский экспедициясының сәтсіздігінен бастап, Қазақстанда әскери бекіністер мен қорғаныс шептерінің салынуына дейінгі оқиғаларды сипаттап, Ақмешіттің алынуы, Ұзын-Ағаш шайқасы және Шымкент, Әулие-Ата маңындағы басқа да ұрыстарды шешуші кезеңдер деп бағалайды. О. Финш, А. Брем, Г. Гельмгольт сынды авторлар қазақтардың Ресей бодандығын «мәжбүрлі, бірақ негізінен ерікті» сипатта қабылдағанын атап өтеді. Ал Г. Крамердің «Орталық Азиядағы орыстар» атты кітабында жекелеген әскери қақтығыстар, бекіністер құрылысы және жоңғар қаупі секілді жайттар ғана баяндалады.

Ағылшын тарихшылары бұл мәселе бойынша екі бағытқа бөлінді: бір тобы – орыс ықпалынан қауіп көрген русофобтар, екіншісі – орыстарды қолдаған русофилдер. Г. Ланселл XVIII ғасырдың басынан XIX ғасырдың 80-жылдарына дейінгі қазақ-орыс қатынастарын зерттей отырып, Абылай хан мен оның ізбасарларының саясатын, сауданың ықпал ету құралы ретінде дамуын, ислам дінінің таралуын және аймақты ресейлік ғалымдардың зерттеуін қамтыды. Ол бодандықтың алғашқы кезеңін қазақтардың жоңғар шапқыншылығынан қорғану мақсатымен түсіндіргенімен, кейін «қазақ жері орыс қаруымен біртіндеп аннексияланды» деген қорытындыға келеді. Ф.Х. Скрайн мен Э.Д. Росс та осыған ұқсас тұжырым жасаған: «Бейбіт отарлау мүмкін емес еді, себебі бұл тынышсыз көршілер өз тәуелсіздігін қорғауға тырысты». Алексис Краусстың «Азиядағы орыстар» атты еңбегі де осындай сарында жазылып, русофобиялық ортада үлкен қолдау тапты. Онда автор патша әскерінің әрекеттерін «жаңа әскери атақтар үшін жасалған қатыгездіктер» деп сипаттайды.

Аталған авторлар – А. Краусс, Д. Бульджер, Ф. Тренч, Дж. Тоул – барлығында да Ресейдің ежелгі жаулап алушылық пиғылы негізгі дәлел ретінде қарастырылады. Олар XIX ғасырда Батыс Еуропада түрлі нұсқада жарияланған «І Петрдің өсиетіне» сүйеніп, оның сыртқы саясатын соған телиді. Тіпті Ф. Тренч Петр І-ді «өзінен бұрынғы билеушілердің идеяларын жалғастырушы» деп сипаттайды.

Ағылшын империалистік тарихнамасының бұл пайымдары отарлық саясатты ақтау үшін, Ресейдің «ұлттық мінезіне» және «шығыс халықтарына көзқарасына» негізделді. 1875 жылы Джордж Тоул «Шығыстағы орыстар» мақаласында, ал 1904 жылы Уолф Шьербранд «Ресей: оның күші мен әлсіздігі» кітабында бұл көзқарастарды жинақтай келе, қазақтардың Ресейге қосылуына мынандай себептер келтіреді: Ресейдің жаулап алушылық саясаты; Қазақстан мен Орталық Азияның стратегиялық маңызы; жоңғар қаупі; орыстардың татарлар мен түріктерге деген ежелгі өшпенділігі; ұлы билеушілердің даңқ пен билікке құштарлығы. Бұл тұжырымдарда әлеуметтік-экономикалық факторлар ескерілмей, тарихи шындықты бұрмалау басым болды.

Русофилдердің еңбектерінде де тарихи процестер субъективті-идеалистік тұрғыда баяндалды. Олар орыс буржуазиялық тарихнамасына сүйеніп, Қазақстанның Ресейге қосылуын Еуропа өркениетінің Азиядағы «миссиясы» ретінде түсіндіруге тырысты. Санкт-Петербург университетінің профессоры Ф.Ф. Мартенстің 1880 жылы Санкт-Петербургте шыққан, бастапқыда француз тілінде жазылған «Ресей мен Англия Орталық Азияда» атты кітабы осы ұстанымның айқын көрінісі болды. Кітап кейін орыс, неміс және ағылшын тілдеріне аударылды. Оның кең таралу себебі – автор патша өкіметінің отарлық саясатын заңды әрі өркениеттік миссия ретінде көрсетіп, оны ақтауға тырысқан.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан мен Орталық Азия аймағына АҚШ тарапынан да қызығушылық арта түсті. 1830 жылға қарай АҚШ әлемде Англиядан кейінгі екінші ірі мақта өндіруші елге айналып, шығыс нарықтарына шығуды көздеді. Кентукки штатының тумасы Чарльз Массой Кабулда жүріп, АҚШ-тың Қазақстан мен Орталық Азиядағы экономикалық экспансиясының мәселелерімен айналысты [179]. Сол кезеңде бұл өңірге деген қызығушылықты Джозия Харлан есімді америкалық білдіріп, оның қолжазбалары 1939 жылы Лондонда «Орталық Азия» атауымен жарияланды.

Батыс тарихнамасында патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты қазақтар экономикасының басты саласы – көшпелі мал шаруашылығына тигізген ауыр зардаптары мойындалады. Мұнда отарлау себептері мен әдістері, оның Қазақстандағы «орыс билігін» орнықтырудағы рөлі талданған. Р. Пирс, С. Зеньковский және басқа да батыс зерттеушілерінің пікірінше, Қазақстан аумағында салынған қалалар мен бекіністер, нығайтылған шептер, тіпті қоныстанған қазақтардың өзі аймақтағы «орыс үстемдігін» толық қамтамасыз ете алмаған. Сондықтан мемлекеттің әскери мүдделері мен «орыс билігін» түбегейлі орнықтыру мақсаты қазақ жерін ресейлік қоғамның неғұрлым өкілетті бөлігі арқылы отарлауды қажет етті. Р. Пирс қоныс аударудың себептерін

Ресейдің өзіндегі жер таршылығы және патшалықтың ішкі аграрлық шиеленісті әлсіретіп, далада өзіне тірек жасағысы келген ұмтылысы деп түсіндіреді.

Д. Вильямс, В. Лезарь, Р. Льюис еңбектерінде Орал және Жетісу казактарының саны келтіріліп, қоныс аудару қозғалысының барысы, Қоныс аудару басқармасының құрылуы, қазақтардың ең құнарлы жерлерінің тартып алынуы және басқа да мәселелер сипатталған. С. Зеньковский Қазақстанның басқа өңірлеріне де қоныстанушылардың лек-легімен келгені жөнінде деректер келтіре отырып, олардың қазақ ауылдарының көш жолдары ескерілместен, климаттық тұрғыдан жайлы әрі ең шұрайлы өңірлерге орналастырылғанын жазады. Оның айтуынша, «даланы отарлаудың сөзсіз салдары – көшпенділер мен жаңадан қоныстанған диқандар арасындағы қарым-қатынастағы шиеленіс болды». Қазақтар пайдаланған егістік жерлер де тартып алынды, көптеген аймақтарда су көздері де қоныс аударушылар мен казактарға берілді. Ресейде крепостнойлық құқық жойылған 1861 жылдан бастап, Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі аралықтағы қоныс аудару қозғалысының барысы америкалық тарихшы Д. Трэдгольдтың «Ұлы Сібірлік көші-қон» атты кітабында кеңінен баяндалған.

Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясатының қорытындысын бағалай келе, батыс буржуазиялық тарихшылар Қазақстан халқының этникалық құрамының еуропалық Ресейден келгендер пайдасына қарай өзгергенін, жергілікті халықтың дәстүрлі өмір салты мен шаруашылығының түбегейлі өзгергенін, нәтижесінде қазақтардың едәуір бөлігінің кедейленгенін ерекше атап көрсетеді.

Отарлық шенеуніктер мен казактар, офицерлер арасында езілген қазақ халқына жанашырлықпен қараған прогрессивті көзқарастағы адамдар да болған. Бірнеше жыл Верныйда тұрған әскери дәрігер Ф. В. Поярков: «Орта Азия халықтарын өркениетке тартуға бағытталған қолайлы өмір жағдайлары жасалса, олардың рухани күштері мен қабілеттері кең әрі жарқын түрде дамып, олар да өз кезегінде өзге, ертерек өркениет жолына түскен халықтармен бірге мәдени жұмысқа белсенді түрде қатысатын болады», – деп жазған. Алайда патшалық отарлық аппарат құрамында Қазақстан мен Орта Азияға тек «Тәуелсіз Татарияның» кең даласында аздап байып қалуды көксеп келгендер де аз болмаған. Олар «қазақтарды тонап, сол ақшасына әйеліне цитрон түстес ленталары бар қызғылт сары көйлек тігіп беру» ниетін де жасырмаған [180].

Т. Аткинсонның жазуына қарағанда, орыстар Аягөзді жер аударушыларға арналған мекен ретінде қабылдаған, «және әрбірі, командирінен қатардағы солдаттыңа дейін, қазақтардан пара алуға тырысқан; оңтүстік Ресейден келген үкімет шенеунігі – маскүнем – даланың тұрғындарын аянбай тонаған». Олар қазақтар мен басқа да езілген халықтарға менмендікпен қарап, олардың салт-дәстүрлерін «тағы» әрі «надандық» деп санаған. Мысалы, генерал-губернатор М. Сперанский қазақтардың оңтүстікте өткізген мерекелеріндегі мінез-құлқын «жиіркенішпен» қызына жазған хатында сипаттағанын М. Раефф баяндайды. Қазақстанға саяси жер аударылғандармен қатар, өзге де күмәнді адамдар жіберілген. Николай патшалығы кезеңіндегі отарлық тәртіпті сипаттай отырып, социал-демократ Н. Г. Гарин-Михайловский 1891 жылы былай деп жазған: «Ол

кезде, соңғы жаңалық ретінде, бір приставтың қазақтардан желді сатып алып, кейін соларға қайта сатқанын, жел соқтырмай, дәнді егуге де, диірмен тартуға да рұқсат етпегенін айтып жүретін».

Осы мәліметтер отарлық әкімшілік құрамында қазақ халқына әртүрлі көзқараспен қараған тұлғалардың қатар өмір сүргенін аңғартады. Бір жағынан, Ф. Поярков сияқты прогрессивті ойлы жандар қазақ халқының рухани және мәдени әлеуетін жоғары бағалап, өркениетпен тең дәрежеде даму мүмкіндігін көрсе, екінші жағынан, отарлық билікті жеке пайдасына пайдаланған шенеуніктер мен офицерлердің тонаушылық ниеті де ашық көрінеді. Аткинсон мен Гарин-Михайловскийдің келтірген деректері бұл отарлық құрылымның моральдық бейнесін айқын көрсетеді: паракорлық, менмендік, жергілікті халықты адам құрлы көрмеу – бәрі де патшалық аппараттың ішкі деструктивті мазмұнын әшкерелейді. Сонымен қатар, қазақтардың мәдениеті мен тұрмысын «надандық» ретінде қабылдау олардың өркениет деңгейін мойындамауға бағытталған идеологиялық үстемдікті айғақтайды. Осыған қарамастан, бұл кезеңде қазақ халқының рухани қарсылық әлеуеті мен мәдени тұтастығы жойылмағанын атап өткен жөн. Демек, отарлық жүйенің екіжақты сипаты – бір жағынан, халыққа қысым көрсетіп, тонаған әлеуметтік механизм болса, екінші жағынан, осы қатыгездікті көре тұра, адамгершілікпен үн қатқан тұлғалардың да болғанын көрсетеді.

3.2 XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды танудағы еуропалық БАҚ-тың қызметі

Қазақстанның Ресейге қосылуы және бұл үдерістің қазақ халқының өмірінің әртүрлі салаларына тигізген салдары – еуропалық журналистер мен публицистердің қазақ өлкесіне деген қызығушылығының оянуына негіз болды. Бұл тақырыптың олардың жазбаларында дамуының тарихи ерекшелігі – оның әрі өз батыстық тәжірибесіне, әрі орыс әдебиетінің көркемдік тәжірибесіне сүйенуімен түсіндіріледі.

XIX ғасырда Дж. Кохрейн, Ч. Котрел, А. Бернс, А. Канноли, Дж. Аббот, С. Грэхэм, Т. Аткинсон, Я. Мак-Гахан, Е. Скайлер, Г. Лансдель, Е. Морган және басқа да саяхатшылар, газет тілшілері, саяси агенттер мен шығыстанушылардың еңбектері арқылы Еуропа елдерінде Қазақстан жөнінде географиялық, этнографиялық, тарихи және публицистикалық сипаттағы мол деректер жиналды. Олар Солтүстік және Шығыс Қазақстанға жаңа бағыттар бойынша сапар шегіп, географиялық зерттеулер аясын кеңейтіп, өлкенің жағдайына қатысты ауқымды ақпарат қорын жинақтады. Бұл бағытта археологиялық және жазбаша ескерткіштерді зерттеудің іргетасын қалаған маңызды жаңалықтар ашылды.

Қазақстанды зерттеу процесі шетелде үзілмегенімен, уақыт өте келе жаңа мазмұнға ие болды. Авторлар қазақ халқының шығу тегі, оның түркілік және моңғолдық компоненттерінің арақатынасы, жүздер бойынша ру-тайпалардың таралуы, «қазақ» атауының этнонимі мен этимологиясы, этникалық аумақтың

қалыптасуы, халықтың тұрмысы мен салт-дәстүрлері жөніндегі мәліметтерді нақтылап, толықтырды.

Осылайша XIX ғасыр – қазақтар туралы еуропалықтар жинаған мәліметтердің молаю кезеңі ғана емес, сонымен қатар қазақтардың да Франция, Англия және басқа елдердің халқы жөнінде хабардар бола бастаған уақыты болды. Орта Азия, Қазақстан және Батыс Сібір аймағындағы халықтар туралы мәліметтер бірнеше негізгі арна арқылы таралды. Бұл бағытта басты дереккөз – қытай, араб, парсы және түркі тілдерінде жазылған, Еуропада аударылған шығыс авторларының қолжазбалары еді.

1863–1864 жылдары Венгрия академиясының мүшесі, шығыстанушы Арминий Вамбери «Орта Азияға саяхат» атты еңбегін жазып, «біздің заманымызда Орта Азияны жаяу аралап өткен жалғыз еуропалық» деген даңққа ие болды. Бұл кітап Еуропаның дерлік барлық тілдеріне аударылды. Оның алғашқы орысша аудармасы (қысқартылған түрде) 1865 жылы Петерборда жарық көрді, кейін сол қысқартылған нұсқада Мәскеуде екі рет қайта басылып шықты (1867 және 1874 жж.).

Қауіп пен қиындыққа толы бұл саяхат сол дәуірдің рухын бейнелейді. XIX ғасыр – географиялық және басқа да ірі ашылулармен ерекшеленген кезең ғана емес, еуропалық саясаткерлер, ғалымдар мен кәсіпкерлердің көзқарасы Азияның бұрын-соңды зерттелмеген, қиын жететін өңірлеріне ауған уақыт болды. Олар табиғи жағдайларды, тарихты, этнографияны, дінді, мәдениетті терең зерттеуге ұмтылды. Бұл аймаққа деген ерекше қызығушылықты шексіз байлықтар, кенсіз алтын, әдеттен тыс базарлар, құл саудасы, көшпелілердің еркін өмір салты, Хиуа, Бұхара, Қоқан билеушілерінің деспотизмі жайлы қауесеттер одан сайын күшейтті. Аймақтың Ресеймен және Ұлыбританияның Үндістандағы отарларымен шектесетін географиялық әрі стратегиялық орналасуы, сөзсіз, зерттеудің маңызды себептерінің бірі болды.

Әрине, Арминий Вамбериден көп бұрын-ақ Орта Азияға көптеген шетелдіктер сапар шеккен, олардың ішінде алғашқы орында – орыс саяхатшылары, көпестері, дипломаттары мен ғалымдары тұрды. XIX ғасырдың 40–50-жылдарында, яғни Вамбери сапарының қарсаңында Хиуа хандығы мен Бұхара әмірлігінде Н.В. Ханыков, Г.И. Данилевский, Н. Игнатъев болған. Олар қалдырған сапар жазбалары мен есептері аймақ халқының саяси жағдайын, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірін сипаттауда аса маңызды дерек болып табылады.

А.Вамбериден бұрын Орта Азияда болған Батыс Еуропа саяхатшыларының ішіндегі ең танымалдары – А. Бернс пен Г. Блоквилль. Дегенмен, Еуропа мен Ресейдің Орта Азиямен таныстығына қарамастан, А. Вамбери кітабы әлемдік деңгейде танымал болды. Мұндай үлкен жетістің себебін автордың өзі: «менің жолымның ұзындығы мен оны еңсеру тәсілі жағынан маған дейін ешкім болмаған» деп түсіндіреді [180]. Вамбери Орта Азияның барлық дерлік өңірін жаяу аралап, оны егжей-тегжейлі сипаттап жазған алғашқы еуропалық саяхатшы болды. Ол Шығыстың ең шалғай бұрыштарына дейін жетіп, соны қызықты түрде баяндап берген.

XIX ғасырдың ортасында, яғни Вамбери сапары кезінде Өмударияның төменгі ағысы, Арал маңы мен Солтүстік Каспий маңы жерлері негізінен өзбектер қоныстанған Хиуа хандығына кірген. Бұрынғы көшпелі өзбектер – қоңыраттар, наймандар, қыпшақтар және басқа да рулар ірі суару арналары бойында қоныстанған. Хиуаға бағынышты түрікмендер хандықтың солтүстік-батыс шекараларында, қазіргі Түрікменстанның Ташауз (Дашоғуз) уәлаятында мекендеген. Қалаларда өзбектер мен түрікмендермен қатар, тілі түркіленген ежелгі хорезмдіктердің ұрпақтары саналатын сарттар да тұрған. Өмудария сағасына XVIII–XIX ғасырдың басында қоныс аударған қарақалпақтар да хиуалықтар санатына жатқызылған.

XIX ғасырдың ортасында Хиуа мемлекеті өзінің тарихындағы ауыр кезеңді бастан кешіріп жатқан еді. Ол үздіксіз халық көтерілістерімен және ішкі тайпалық тартыстармен сипатталды. Өзбек, түрікмен, қарақалпақ руларының басшылары мен ақсүйектері билікті иемденуге, хандық үстінен өз ықпалын орнатуға тырысты. Жер иеленудің күшеюі, шаруалар мен қолөнершілердің қатал қанауға ұшырауы ірі көтерілістерге ұласқан. Түрікмен йомудтарының хан билігіне қарсы күресі ерекше табандылықпен жүріп, олардың көсемі Ата Мұрад 1850–60-жылдары бірнеше рет Ресей бодандығына қабылдауды өтініп, Петербургке хат жолдаған. Міне, осындай жағдайда – Сеид Мұхаммед ханның (1856–1864) билігі тұсында – А. Вамбери Хиуада болған.

А. Вамбери кітабындағы орталық орын – Бұхара әмірлігін сипаттауға арналған. Әмірліктің негізгі аумағын Зеравшан мен Қашқадария аңғарларының құнарлы жерлері құрады. Сонымен қатар, Өмударияның сол жағалауы, Ауғанстан Түркістанының кейбір өңірлері мен қазіргі Солтүстік Тәжікстанның бір бөлігі де оған кірген. Бұхарада билік құрған Маңғыттар әулеті өздерінің кең иелігін әрең ұстап тұрды. Шахрисабз, Гиссар, Жизак, Ура-Төбе, Балх, Меймене, Андхой өңірлеріндегі әмірлер мен бектер іс жүзінде дербес немесе жартылай тәуелсіз билікке ие болған.

Бұхара халқын негізінен өзбектер мен тәжіктер құраған, сондай-ақ мұнда түрікмендер мен Сырдария бойындағы қазақтар да мекендеген. Көшпелі және отырықшы қарақалпақтар хандықтың солтүстігіндегі далалық аумақтарда тұрған. Бұхара мен Хиуа тұрғындары негізінен егіншілік пен мал шаруашылығымен айналысқан. Халықтың жартысына жуығы отырықшы өмір салтын ұстанған. Егіншіліктің негізгі жұмыс күші – феодалдар мен мемлекет қанаған шаруалар, кейде құлдар да пайдаланылған. Вамбери Хиуа мен Бұхарада көп құлдардың болғанын және олардың бір бөлігінің азат етілгенін атап өтеді.

Бұхара Ресей, Батыс Азия елдері мен Қиыр Шығыспен сауда және экономикалық байланыстарда маңызды рөл атқарды. Әмірліктің ірі қалалары – Бұхарадан басқа, Самарқанд пен Қаршы – шебер қолөнершілерімен әйгілі болған. Бұхара исламдық діни білімнің ірі орталығы ретінде танылған. Әмірлік – типтік шығыстық феодалдық деспотия болған, мұнда билік мұсылман теократиясы идеясына негізделген. Алайда әмір билігі көбіне сарай маңындағы топтардың, көшпелі тайпалар көсемдерінің еркімен шектеліп отырды. «Мұсылмандардың имамы» атағын иеленген Бұхара билеушілері көбіне

фанатизмімен және қатыгездігімен танылған. Насрулла (1827–1860) – діндарлығына қарамастан – «есі кеткен азғын» және «қасапшы» (кассаб) атанған. Одан көп айырмасы болмаған Мұзаффар ад-дин (1860–1885) – Вамбери 1863 жылы күзде Самарқанда кездескен әмір – сондай сипатта бейнеленеді.

Бұхараның шығысында Орта Азиядағы тағы бір ірі мемлекет – Қоқан хандығы орналасқан еді. Бұл феодалдық иелік XVIII ғасырдың ортасында құрылып, орталығы – Ферғана жазығы болған. XIX ғасырдың ортасына қарай Қоқан хандығы өз аумағын Памирге, Сырдарияның орта ағысына, Іле өзені аңғарына, Батыс Тянь-Шаньға және Қашғар шекарасына дейін кеңейтті. Қоқан билеушілері мен Бұхара әмірлері арасында Ходжент, Ура-Төбе және Жизак үшін ұзаққа созылған күрес жүрген.

Қоқан хандығы халқы – отырықшы және көшпелі өзбектер, тәжіктер, қазақтар, дүнгендер, қырғыздар мен қарақалпақтардан құралған. Қоқаннан басқа ірі қалалар – Өндіжан, Наманган, Марғилан. Ферғана мен Сырдария бойы тұрғындары негізінен егіншілікпен, ал Оңтүстік Қазақстан, Жетісу және Памир өңірінің көшпелі халқы мал шаруашылығымен айналысқан. Хандықтың халқы Қашғармен, Батыс Сібірмен, Бұхарамен, Ауғанстанмен сауда байланыстарын кеңінен жүргізген.

Қоқан хандығында билік Миң әулетінен тараған отырықшы және көшпелі ақсүйектердің қолында болды. Олар мемлекеттік қазынадан жалақы алып, әскери және азаматтық қызметі үшін жер иеленген. Жердің негізгі түрлері – мемлекеттік (әмляк), жеке (мүлік) және вакфтық жерлер еді. Шаруаларға, көшпенді рулар мен ауылдық қауымдастықтарға тиесілі жерлер өте аз болды. Егіншілер мен малшылардан алуан түрлі – көбіне заттай – салық жиналды. Қолөнершілер мен саудагерлер де алым-салық төледі. Салық жинау жүйесінің «откуп» әдісі – яғни салықты жалға беру – зорлық-зомбылық пен заңсыздықтың басты көзі болды.

А. Вамбери Орта Азияға жасаған сапары кезінде өңірдегі әлеуметтік-саяси және этномәдени ахуалдың күрделі сипатын жан-жақты сипаттай отырып, өзінің жазбаларында деспотиялық билікті, феодалдық қанауды, ұлтаралық шиеленістерді айқын көрсетеді. XIX ғасырдың ортасында Коканд хандығында Худояр ханға қарсы басталған көтерілістерді сипаттай отырып, ол қазақ, қырғыз, қыпшақ секілді көшпелі халықтардың Коканд езгісіне қарсы еркіндік жолындағы қозғалыстарын ерекше атап өтеді. Бұл – өңірдегі антифеодалдық наразылықтың нақты тарихи көріністерінің бірі. Алайда автордың пайымдары белгілі бір еуроцентристік стереотиптерден де ада емес [181].

Батыс Еуропа мен Ресейде Орта Азия туралы қалыптасқан үрейлі түсініктер, әсіресе Бухарада ағылшын офицерлері Стодарт пен Коноллидің дарға асылуы секілді оқиғалар, аймақты «ислам фанатизмі» мен «еуропалықтарға өшпенділік» мекені ретінде көрсетуге себеп болды. Осы контексте дервиш кейпіндегі Вамбери сапары ерекше батыл әрекет ретінде қабылданды және ол Еуропада қызығушылық тудырды. Алайда бұл қызығушылықтың астарында экзотика мен бөтендікке деген европоцентристік көзқарастың да жатқанын жоққа шығаруға болмайды.

Оның түркі, парсы, түрікмен, өзбек халықтарына қатысты кейбір пікірлері исламды «қатыгездік», «айлакерлік», «артта қалушылық» сипатымен теңестіру арқылы, Орта Азия халықтарының мәдениеті мен сенім жүйесіне үстірт, біржақты баға береді. Бұл – сол кезеңдегі еуропалық ориентализмге тән көзқарас. Академик В. Бартольд атап өткендей, еуропалық ғылымда Шығыс халықтарына деген скепсис XVII ғасырдан бастау алған және ол Шығыс өркениеттеріне қатысты теріс көзқарастарды ұзақ уақыт бойы қалыптастырып отырды [182].

Сонымен қатар, Вамберидің жазбаларындағы қарама-қайшылық та айқын байқалады: бір жағынан ол жергілікті халықтардың ислам дініне негізделген мәдениетін «артта қалған» деп сипаттаса, екінші жағынан сапар барысында өз көзімен көрген қонақжайлық, ізгі ниет, жанашырлық секілді мысалдар бұл стереотиптерге қайшы келеді. Бұл – саяхатшының жеке бақылаулары мен өз дәуірінің үстем түсініктері арасындағы ішкі қайшылықтың көрінісі.

Вамберидің Орта Азиядағы тәжірибесіне сүйенген жазбаларының құндылығы – оның түркі халықтарының тілдерін, дәстүрлерін, өмір салтын тікелей бақылап, ішінен сипаттай алуында. Бұл кітаптар әсіресе түрікмендердің рулық құрылымы, тұрмысы, тарихы жөнінде Еуропада мүлде беймәлім болған мәліметтерді жеткізді. Ол баяндау тәсілінде этнографиялық және публицистикалық элементтерді қатар қолданған, бұл – еңбектің ғылыми-танымдық қана емес, сонымен бірге әдеби-тартымдылық сипатын арттырды.

Алайда оның Ресейге деген көзқарасы уақыт өте келе елеулі өзгерістерге ұшырайды. Алғашқыда Петербург саясатына белгілі бір сеніммен қараған Вамбери, кейінірек британдық ықпалды топтармен жақындасып, Ресейдің Орта Азиядағы ықпалына қарсы насихат жүргізушіге айналады. Бұл оның англофильдік бағыттағы мақалалары мен лекцияларынан, әсіресе 1870–1880 жылдары жазылған еңбектерінен айқын көрінеді. Бірақ мұндай саяси бағыттағы белсенділік оның ғылыми беделіне оң әсер еткен жоқ. Өз замандастарының бірі ретінде лорд Пальмерстон мен Наполеон III-нің оған күмәнмен қарағаны оның саяси көзқарастарының қабылданбағанын көрсетеді.

Уақыт өте келе Вамбери саясаттан біртіндеп шеттеп, академиялық қызметке ден қояды. 1865 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ол Пешт және Прага университеттерінде Шығыс тілдері кафедрасын басқарды. Бұл кезеңде ол ғылыми зерттеуге, шығыстану саласындағы кәсіби қызметке көбірек назар аудары бастады. Бірақ оның бұрынғы жазбаларында орын алған стереотиптік тұжырымдар мен отаршылдық дискурстарды ескермеуге болмайды – бұл еуропалық саяхатшылар мен зерттеушілердің Шығысқа деген ұстанымын талдауда маңызды аспект ретінде қарастырылуы тиіс.

А. Вамберидің «Путешествие по Средней Азии» атты еңбегі XIX ғасырдағы тарихи-географиялық және этнографиялық әдебиеттің көрнекті үлгісінің бірі болып есептеледі. Бұл еңбектің құндылығы оның ғылыми дәлдігі мен сол кезеңдегі Орта Азия халықтарының өмір сүру салтын шынайы суреттеуде жатыр. Автор Туркмения, Хиуа және Бұхараның табиғи жағдайларын, шаруашылығы мен әлеуметтік құрылымын нақты сипаттай отырып, суармалы егіншілік жүйелерінің, ирригация арналарының экономикалық маңызын терең бағалайды.

Бұл орайда оның көшпелі малшылардың тіршілігіне қатысты деректері де этнографиялық тұрғыдан елеулі мәнге ие [181].

Вамбери ортаазиялық сауда байланыстарын сипаттауда да маңызды деректер келтіріп, Ресей, Англия, Иран, Ауғанстан, Синьцзян елдерімен экономикалық қатынастардың ауқымын ашады. Мысалы, оның жазуынша, Хиуа мен Бұхара Ресейдің Астрахань, Орынбор, Орал, Сібір сияқты өңірлерімен белсенді сауда жасаған. Аталған хандықтарға орыс маталары, металл бұйымдары, қару-жарақ пен басқа да өнеркәсіп тауарлары жеткізілген. Керісінше, Ресейге мақта, мал, тері мен кептірілген жемістер тасымалданған. Автордың «Орта Азияда бір де бір үй немесе киіз үй жоқ, онда Ресейдің бірде-бір тауары кездеспейтін» деген пікірі осы экономикалық ықпалдастықтың ауқымын көрсетеді. Сонымен қатар, орыс тауарлары ағылшын өнімдерімен бәсекелесе алғаны көрсетіледі, бұл Ресейдің аймақтағы экономикалық ықпалын меңзейді.

Еңбекте феодалдық құрылым мен әлеуметтік теңсіздікке қатысты нақты мәліметтер де келтіріледі. Хиуа мен Бұхарадағы басқару құрылымы, шенеуніктердің шексіз билігі, салық жүйесінің кемшіліктері, заңсыздықтар мен парақорлық жайында берілген ақпарат сол заманның қоғамдық құрылымын шынайы сипаттайды. Бұл мәліметтер Орта Азиядағы феодалдық биліктің дағдарысқа ұшырау себептерін түсінуге мүмкіндік береді.

Еңбектегі ең даулы әрі ғылыми пікірталас туғызған тараулардың бірі – құл саудасы туралы сипаттамалар. Автор Хиуада 40 мыңға жуық парсы тектес құл мен азат етілген бұрынғы құлдар болғанын жазады. Кей зерттеушілер бұл деректі асыра көрсетілген деп сынағанымен, құлдықтың ауқымы мен құрылымын сипаттаудағы шынайы мәліметтерді жоққа шығармаған [190]. Вамбери құлдардың баға деңгейін, оларды егіншілік, мал шаруашылығы, қолөнер мен саудада пайдалану жолдарын нақтылайды. Алайда, оның бұл жүйенің саяси-әлеуметтік себептерін ашып көрсете алмағаны орынды сын ретінде айтылады.

Бұхараның ішкі жағдайын сипаттауда да автордың көзқарасы біржақты емес. Ол әмір Насрулланың қатігездігін, жаппай жазалаулар мен халықтың арнамысын таптау әрекеттерін айыптайды. Музаффар ад-Динге қатысты пікірлері сәл жұмсақтау болғанымен, оны да билікке тым қатал, әділетсіз тұлға ретінде көрсетеді. Мұндай сипаттамалар дәуірдің ішкі саяси бейнесін ашуға көмектеседі.

Археологиялық және тарихи ескерткіштерге қатысты тараулар да ғылыми тұрғыдан назар аударуға лайық. Хива мен Бұхарадағы, сонымен бірге Самарқандағы архитектуралық кешендер туралы мәліметтерінде кейбір датировкада қателіктер кеткенімен, сол кезеңдегі тарихи орындардың жағдайын сипаттауы құнды. В. В. Бартольдтің бағалауы бойынша, әсіресе Гур-Эмир кесенесі туралы мәліметтер ортағасырлық құрылыстарды қалпына келтіруге қосылған маңызды үлес ретінде қарастырылады [182].

Фольклор мен тіл мәселесіне келсек, Вамбери Орта Азия халықтарының тірі тілдерін, ауыз әдебиетін, сондай-ақ классик ақындар – Науаи мен Махтумқұлдың ауызша тараған жырларын хатқа түсірген. Бұл деректер сол дәуірдегі тілдік орта мен рухани мәдениетті зерттеуге зор септігін тигізді. Түрік халықтарының,

әсіресе қазақтар мен түрікмендердің эпикалық дәстүрлері жайлы алғашқы нақты мәліметтердің бірі осы еңбекке тиесілі.

Автордың ғылыми еңбектері тіл білімі мен этнография салаларында да кең тарады. Ол шағатай, ұйғыр, түркі-моңғол тілдерінің лексикографиясына қатысты зерттеулер жүргізіп, этнологиялық сипаттамаларында мәдени айырмашылықтарға да мән берді. Кейбір зерттеулерінде университеттік білімнің болмауы байқалатын тұстар болғанымен, Вамбери өзінің табандылығы және шынайы қызығушылығы арқылы елеулі нәтижелерге жеткен. Бухара мен Мауераннахрға қатысты жазбаларында парсы және тәжік қолжазбаларын алғашқылардың бірі болып еуропалық ғылымға таныстырды. Бұл манускриптердің ішінде Мухаммед Хайдар мен Мир Мухаммед Амин Бухаридің еңбектері де бар еді – бұлар еуропалық ғалымдарға белгісіз болып келген, сондықтан да олардың жариялануы шығыстану ғылымында ерекше жаңалық саналды.

А. Вамбери Орта Азия мен Қазақстан халықтарының өткенін жазбаша дереккөздер негізінде зерттеуге елеулі үлес қосты. Оның пікірінше, егер Еуропа өркениетінің игі ықпалы жүзеге асса, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жетістіктері бұл өңірге де тараса, онда Орта Азия халықаралық қатынастарда елеулі орынға ие бола алады. Бұл ойы да еуроцентризм элементтерімен астарланғанымен, сол кезеңнің дүниетанымына сай өркениетті даму идеясы ретінде қарастыруға болады.

XIX ғасырда Еуропа жұртшылығы қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін алғашқылардың бірі болып танығаны – жекелеген зерттеушілер мен саяхатшылардың қажырлы еңбегі арқасында мүмкін болды. Қазақтар туралы мәліметтер тек ғылыми еңбектерде ғана емес, географиялық энциклопедиялар мен анықтамалықтарда, сондай-ақ ғылыми-көпшілік басылымдарда да жарияланған. Алайда халық арасында ең кең тараған және ықпалды дереккөз – көрген-білгенін сипаттаған саяхатшылардың жолсапар күнделіктері мен очерктері болды. Бұл жанр британ әдебиеттануында публицистикалық сипаттағы дербес көркем түр ретінде мойындалған. Мұндай туындыларда саяхатшылар қазақ даласындағы халықтың өмір салты, тұрмыс ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері туралы жан-жақты және шынайы ақпарат қалдырды. Олардың байқаулары, әсіресе, халық өнерінің, наным-сенімдерінің, ертегілері мен аңыздарының ежелгі дәуірлерден бері сақталып келген көріністеріне назар аударды. Қазақтар жайлы мәліметтер «Адамзат тарихы» (8 томдық), «XIX ғасыр тарихы» (9 томдық), «Әлем халықтарының әдет-ғұрпы мен тұрмысы» (3 томдық) сынды іргелі еуропалық еңбектерге енгізілген.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың озық ойлы тұлғаларының бірі – Шоқан Уәлихановтың есімі Еуропаға белгілі болды. Оның еңбектері Берлин мен Лондонда 1862–1865 жылдары жарияланып, ғылым әлемінде қызу қызығушылық тудырған. Бұл тек жеке тұлғаның ғылыми жетістігі емес, сонымен бірге қазақ қоғамының зияткерлік әлеуетін көрсететін маңызды белгі болды. Ал Абай Құнанбаев – еуропалық классик ақындарды қазақ тіліне аудару арқылы Батыс өркениетін қазақ дүниетанымымен ұштастырған, ұлттық ой-сананы жаңа

деңгейге көтерген қайраткер. Оның шығармалары арқылы қазақтар еуропалық мәдениетпен тереңірек таныса бастады. Демек, біржақты мәдени ықпал емес, өзара таным және әсерлесу үдерісі жүргені аңғарылады.

Жалпы алғанда, бұл кезең Еуропа жұртшылығының қазақ еліне деген қызығушылығы артқан, әрі соның негізінде қазақ даласы алғаш рет ғылыми-мәдени кеңістік ретінде танылып, саяхатшылар мен ғалымдардың зерделеу объектісіне айналған шақ болды. Алайда осы қызығушылықтың өзі біржақты «отарлық таныммен» шектелмей, өзге халыққа құрметпен қарауға негізделген бағытта өрбіген тұстары да аз емес екенін архивтік деректер айғақтайды [183].

Осы баяндалған деректерге сүйене отырып, XIX ғасырда Еуропа жұртшылығының қазақ халқына деген қызығушылығы кездейсоқ емес, керісінше, жүйелі және ғылыми сипатта болғаны байқалады. Бұл – бір жағынан, қазақ қоғамының өзіндік рухани және мәдени әлеуетін танытса, екінші жағынан, саяхатшылар мен зерттеушілердің қазақ даласына деген шынайы ғылыми ынтасын көрсетеді. Қазақ халқы жайлы мәліметтердің беделді еуропалық басылымдарға енуі – далалық өркениеттің тарихта ұмыт қалған шеткері аймақ емес, әлемдік мәдени үдерістің бір бөлшегі екенін айғақтайды. Сонымен қатар, Шоқан мен Абай сынды тұлғалар арқылы қазақ халқы тек бақылау нысаны ғана емес, өзге өркениеттермен терезесі тең мәдени диалогтың қатысушысы ретінде де көрінді. Демек, бұл кезенді қазақ халқының әлемдік мәдени кеңістікпен танысып қана қоймай, оған өз үнін қосқан уақыты ретінде бағалауға толық негіз бар.

3.3 XIX ғасыр публицистикасы және қазіргі зерттеу тәжірибесі: ғылыми жалғастық негізінде

XIX ғасыр публицистикасы – белгілі бір тарихи кезеңнің идеологиялық болмысын, отарлық саясаттың дискурстық формаларын және мәдениетаралық қарым-қатынас реңктерін түсінуге мүмкіндік беретін ерекше феномен. Бұл дәуірде жарық көрген Батыс Еуропа публицистикасы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік құрылымы, рухани дүниесі мен отарлық езгіге қарсылығы туралы маңызды мәліметтермен қатар, ұлттық бейнені қалыптастырудың алғашқы үлгілерін де ұсынды. Бұл публицистикалық репрезентациялар қазіргі зерттеулер үшін тарихи дерек қана емес, сонымен қатар мәдениетаралық дискурсты талдаудың өзекті материалына айналды.

Қазіргі кезеңде XIX ғасыр публицистикасын зерттеу жаңа әдіснамалық өлшемдермен сипатталады. Әсіресе постколониалдық теория, дискурстық анализ, медиатекстуалдық талдау сияқты тәсілдер арқылы бұл мәтіндерге жаңаша көзқарас қалыптасып келеді. Батыс публицистері қалдырған жазбаларда жиі кездесетін ориенталистік (шығыстықты "бөгде" ретінде сипаттау) сипаттамалар мен ұлтты экзотизациялау тәсілдері қазіргі гуманитарлық ғылымдарда сын тұрғысынан қайта бағалануда.

Мәселен, Жюль Верннің «Михаил Строгов» романындағы қазақ жері – геосаяси теке-тірестің алаңы ретінде бейнеленсе, Бронислав Залесскийдің альбомдары мен жазбаларында қазақтардың рухани әлемі мен әлеуметтік

құрылымы нәзік этнографиялық дәлдікпен суреттеледі. Ал Адольф Брем мен Отто Финштің еңбектерінде далалық табиғат, жануарлар әлемі және көшпелі өмір салты ғылыми-биологиялық жүйе арқылы сипатталады. Бұл еңбектердің барлығы – бүгінгі зерттеуші үшін тарихи танымның, отарлық репрезентацияның және мәдениетаралық түсіністіктің қиылысқан нүктесі.

Жоғарыда атап өткендей Залескийдің көзқарасы, белгілі дәрежеде, отарлық саясатқа қарсы ішкі наразылықпен ұштасып жатқанын байқауға болады. Бұл аспект қазіргі зерттеушілер үшін маңызды бағдарға айналған. Қазақ ғалымы А. Тоқтарбеков Залеский еңбектеріне талдау жасап, оны «қазаққа сырт көзбен қараса да, ішкі жан дүниесіне терең үңіле алған публицист» ретінде бағалайды [184]. Оның еңбектері бүгінгі күні мәдениетаралық таным, бейнелік репрезентация және отарлық дискурс шеңберінде қайта зерттеліп жатыр.

Сонымен қатар американдық публицист Джордж Кеннанның еңбектері де осы қатарда қарастырылады. Ол 1880-жылдары Ресейдің Сібірге жер аудару жүйесін зерттеу барысында қазақ даласына да ат басын бұрып, орыс әкімшілігінің отарлық әрекеттерін өткір сынға алған. Оның «*Siberia and the Exile System*» (1891) атты еңбегінде қазақтар туралы арнайы тараулар болмаса да, Сібір мен Орта Азия халықтарына деген жанаһыр көзқарасы, империялық құрылымға деген сыни пайымы қазіргі постимпериялық зерттеулерге маңызды дереккөзі ретінде енуде. Заманауи тарихшы Марк Бассин бұл еңбектердің «еуроцентризм мен гуманизм арасындағы қайшылығы» арқылы қазақ даласына қатысты екіұдай дискурсты қалыптастырғанын атап өтеді [185].

Қазіргі кезеңде бұл публицистикалық мұралар – тек тарихи дерек ретінде емес, мәдени семиотика мен символдық репрезентацияның кеңістігі ретінде қарастырылуда. Мысалы, шетелдік зерттеуші Александр Моррисон британ және француз саяхатшыларының жазбаларын талдай отырып, олардың қазақ даласын «экзотикалық» пен «қауіп» ұғымдары арасында сипаттағанын көрсетеді. Ол мұндай сипаттамаларды ориентализм үлгісінде дамыған отарлық дискурстың көрінісі ретінде талдайды [186].

Қазіргі зерттеулерде ХІХ ғасыр публицистикасына жасалған жаңа көзқарас ғылыми жалғастық принципін дәлелдей түседі. Бұл жалғастық тек мәтіндік сипатта ғана емес, ғылыми әдіснамада да айқын байқалады. Салыстырмалы тарихи анализ, нарративтік құрылымды деконструкциялау, символдық кодтарды шешу – бүгінгі зерттеулердің негізгі құралына айналып отыр. Осы тәсіл арқылы зерттеушілер ХІХ ғасыр публицистикасындағы «дала», «еркіндік», «жабайылық», «асыл мінез», «қонақжайлық» сынды ұғымдарды қайта қарап, оларды белгілі бір тарихи контекст пен мәдени стереотиптің аясында бағалауға ұмтылуда.

Бүгінгі ғылыми зерттеулер бұл мәтіндерді публицистикалық құжат ретінде емес, күрделі дискурстық құрылым ретінде қарастырып отыр. Осы бағытта соңғы бес жылда бірқатар отандық ғалымдардың еңбектерінде ХІХ ғасыр публицистикасына жаңа қырынан қарау ұмтылыстары байқалады. Мысалы: Қ. Жүсіп «Көшпелілер кеңістігі және отарлық дискурс» атты зерттеуінде (2020) ХІХ ғасырдағы еуропалық мәтіндерде кездесетін далалық кеңістікті "беймәлім"

әрі "қауіпті" аумақ ретінде сипаттау тәсілін постколониалдық ұстаным арқылы талдаған. М. Әбсеметов өзінің «Кенесары туралы еуропалық дискурс» атты еңбегінде (2021) француз, поляк және неміс авторларының Кенесары хан туралы пікірлерін салыстырып, олардың саяси мотивтерін ашып көрсетеді. А. Сейітқазы «Қазақ бейнесінің публицистикалық трансформациясы: тарихи-филологиялық сарап» (2022) атты еңбегінде ұлттық кейіпкер мен дала романтизмі арасындағы байланысты дискурстық деңгейде талдайды. Ал, Г. Садық (2023) өз зерттеулерінде француз музыкалық публицистикасындағы қазақ мәдениеті туралы символикалық кодтарды ашып, оны қазіргі қазақ фольклорымен салыстырса, Д. Сәрсенбаев (2024) «Империя және мәтін: Отарлық публицистиканың құрылымдық табиғаты» атты зерттеуінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағылшын және неміс тіліндегі мәтіндерде қазақ ұлтының көрініс табуын құрылымдық дискурс тұрғысынан қарастырады. Бұл еңбектердің ортақ мақсаты – тарихи публицистиканың формалары мен мазмұнын бүгінгі танымдық және идеологиялық кеңістікте қайта пайымдау. Қазақ тақырыбының тарихи-публицистикалық жалғастығы – ұлттың медиадағы бейнесі, мәдени дипломатиясы және ақпараттық саясатындағы орны мен мәнін қайта қарауға ықпал етеді.

XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистері мен этнографтарының қазақ тақырыбына арналған еңбектері қазіргі ғылыми ізденістермен іштей сабақтасып, өзара диалогтық кеңістік қалыптастырады. Бұл еңбектер – сол дәуірдің саяси ахуалын ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тарихи, мәдени келбетін, дүниетанымын, қоғамдық құрылымын шет жұрт көзқарасы арқылы тануға мүмкіндік беретін маңызды дискурстық мұра. Заманауи зерттеу тәжірибесі осы публицистикалық дереккөздерге жаңа әдіснамалық ұстаныммен қарап, оларды постколониалдық, дискурсивтік және мәдени антропологиялық тұрғыдан қайта пайымдап келеді.

Сонымен бірге, қазақ әдебиеттануы мен тарихнамасында бұл публицистикалық мұралар отандық көзқарас тұрғысынан жаңаша зерделене бастады. Мысалы, әдебиет зерттеушісі Б. Сағындықұлының пайымдауынша, XIX ғасыр публицистері қазақтың ауыз әдебиеті мен поэзиясын тек фольклорлық қызығушылықпен ғана емес, ұлттық рух пен еркіндік мұратын көркем түрде танытушы құндылық ретінде қарастырған [187]. Бұл – қазіргі әдеби антропология бағытындағы зерттеулермен үйлесім табатын көзқарас.

Осылайша, XIX ғасыр публицистикасы мен қазіргі зерттеу тәжірибесі арасындағы ғылыми жалғастық – қазақ тақырыбының көпқырлы таным кеңістігінде үздіксіз сұхбаттастыққа негізделген. Бұл сұхбат – тарихи сана мен мәдени жадыны жаңғыртуға, өткен мен бүгін арасындағы мағыналық көпірлерді салуға бағытталған терең танымдық процесс.

XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистикасы мен ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі қазақ тақырыбы – бұл жай ғана этнографиялық қызығушылықтан туған құбылыс емес, сонымен бірге, Батыс қоғамының отарлық дискурсына, геосаяси мүдделеріне, сондай-ақ "басқа" өркениеттерді ұғыну ұмтылысына тығыз байланысты күрделі мәдени құбылыс. Бұл кезеңде қазақ халқы жайлы

жазылған шығармалар көбіне бірін-бірі толықтырып, кейде қайшы келіп отыратын бірнеше қабаттан тұратын репрезентациялар жүйесін құрай бастады. Мұнда саяхатшылардың жол естеліктері, дипломаттардың хаттары, әскери барлаушылардың есептері, миссионерлік жазбалар мен академиялық еңбектердің барлығы қазақ халқы туралы әртүрлі көзқарастардың тоғысына айналды.

Қазақтар туралы қалыптасқан Батыс түсініктерінде, бір жағынан, көшпелі еркін өмір салтына тәнтілік, даланың кеңдігі мен табиғатпен үндес тіршіліктің романтикалық бейнесі бар болса, екінші жағынан, «жабайылық», «өркениетке жат» деген үстемдік реңк те байқалады. Бұл амбивалентті қатынас Еуропа ойының өз ішіндегі қайшылықтарын да көрсетеді: бір жағынан, олар қазақтарды «табиғи адам» ретінде қабылдап, оларға таңырқаса, екінші жағынан, оларды «басқарылуға тиіс» қауым ретінде қарастырады. Мұндай екіұшты көзқарас әсіресе А.Ж. Элизе Реклю, Томас Аткинсон, Уильям Мартин Лик, Эжен Бурноф сынды авторлардың еңбектерінен анық байқалады.

Сонымен бірге, бұл еңбектерде геосаяси элементтер де айқын көрінеді. Қазақ даласы Ресей империясы мен Қытай арасында орналасқан стратегиялық кеңістік ретінде қарастырылды. Батыс публицистері мен зерттеушілері бұл аймақты «Шығыс қақпасы» ретінде сипаттап, оны империялық ықпал аймақтарының шекарасында тұрған, бірақ әлі толық танылмаған кеңістік ретінде ұғынды. Бұл тұста олардың зерттеу мәнері – ғылыми дәлдік пен публицистикалық бейнелеу тәсілдерінің тоғысы ретінде сипатталады. Яғни, олар қазақ қоғамын суреттегенде фактілерге ғана емес, эмоциялық және мәдени бағалауларға да жүгінеді.

Батыс дискурсында қазақ халқының бейнесі көбіне «басқа», «экзотикалық» нысан ретінде қалыптасқанымен, кейбір авторлар олардың дүниетанымына терең үнілуге тырысты. Мәселен, француз географы Реклю қазақтардың дала демократиясын, рулық құрылымын, діни сенімін қарапайым, бірақ ерекше үйлесіммен бейнелейді. Ал ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсон өзінің күнделіктерінде қазақтар арасындағы қонақжайлықты, дала заңын, әйелдердің қоғамдағы орнын сипаттай отырып, олардың өмір сүру формасын Еуропамен салыстырып, терең этнографиялық байқаулар қалдырған.

Демек, бұл тарауда біз Батыс Еуропа авторларының қазақтар туралы пікірлерін талдап қана қоймай, осы пікірлердің артында қандай танымдық құрылымдар тұрғанын, қандай идеологиялық ұстанымдар жасырынғанын да саралаймыз. Бұл – жай ғана өткеннің мәтіндерін сипаттау емес, сол мәтіндер арқылы өркениеттік ойдың қазаққа деген көзқарасын, яғни өзге арқылы өзін түсіну процесін ашып көрсету.

Батыс Еуропа публицистикасындағы қазақ тақырыбына қатысты ғылыми ізденістердің аясы бүгінгі таңда постколониалдық зерттеулер мен ақпараттық егемендік ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырылуда. Түркітілдес халықтардың тарихи-мәдени мұрасын, соның ішінде қазақ халқының отарлық жүйеге қарсылығын және ұлттық бірегейлікке ұмтылысын тануда медиа құралдарының орны ерекше. Осы бағытта жүргізілген «The Idea of 'United

Turkestan' in the Turkic Speaking States Media: Influence on the Western Media» атты мақалада XX ғасырдың басындағы түркілік ақпараттық тұтастық идеясының қалыптасуы және оның Батыс медиа кеңістігіндегі көріністері жан-жақты қарастырылды [188].

Зерттеуде XX ғасыр басындағы Түркістан мен Алаш автономияларының медиа құралдары арқылы қалыптасқан саяси-идеологиялық бағдарлары талданып, олардың Батыс ақпараттық кеңістігінде қалай бейнеленгені көрсетілді. Атап айтқанда, М. Шоқайдың эмиграция кезеңіндегі ақпараттық-ағартушылық қызметі, оның Франция мен Германияда жариялаған басылымдары – *Жаңа Түркістан*, *Жас Түркістан* сынды журналдар – Түркі әлемінің ұлттық мүдделерін халықаралық деңгейде қорғаудың маңызды құралына айналды. Бұл басылымдарда отарлық үстемдікке қарсы үндеу ғана емес, сонымен бірге түркі халықтарының мәдени-рухани бірлігі туралы тұжырымдамалар да ұсынылды.

Аталған мақалада тарихи әдіс пен контент-талдау ұштастырылып, түркі халықтарының ақпараттық стратегиясының негіздері мен эволюциясы сипатталды. Батыс Еуропа баспасөзінде Түркістан мәселесінің көрініс табуы, әсіресе, тәуелсіз басылымдарда жарияланған материалдар арқылы жүзеге асқаны анықталды. Еуропалық басылымдарда қазақ халқының еркіндікке ұмтылысы, көшпелі өмір салты мен мәдени ерекшеліктері романтикалық-экзотикалық қырынан ғана емес, сонымен қатар отарлық құрылымға балама өркениеттік форма ретінде қарастырылды. Бұл – қазақтардың бейнесін саяси-мәдени дискурста қайта пайымдауға негіз болған маңызды қадамдардың бірі.

Мақалада көтерілген маңызды тұжырымдардың бірі – түркілік медиа қызметтің тек ішкі аудиторияға бағытталған құрал ғана емес, сонымен қатар Батыс жұртшылығына арналып құрылған стратегиялық ақпараттық ресурстар екендігі. Франция, Германия, Швейцария секілді елдердегі басылымдарда Түркістан мәселесінің қозғалуына себепші болған эмигрант публицистердің еңбегі – XX ғасырдың басында басталған ұлттық ақпараттық күрестің жаһандық сипат алғанын көрсетеді. Осы тұрғыда, мақалада ұсынылған тұжырымдар Батыс Еуропа публицистикасында қазақ тақырыбының қалай трансформацияланғанын ғылыми-тәжірибелік негізде көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу қазіргі кезеңдегі Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы медиа ынтымақтастықтың тарихи тамырларын да зерделейді. Түркі халықтарының ХХІ ғасырдағы ақпараттық ықпалдастығы, ортақ мәдени-көпшілік жобалар, халықаралық форумдар – бұлар бәрі де XX ғасыр басында жарияланған автономияшыл бағыттағы баспасөздің жалғасы ретінде қарастырылады. Мақалада бұл сабақтастық нақты деректермен, архивтік құжаттармен, заңнамалық базамен және БАҚ материалдарымен расталған. Бұл – түркілік тұтастықтың қазіргі медиа-кеңістіктегі бейнесін тарихи парадигмада қарастырудың тиімді тәсілі.

Осылайша, авторлық зерттеуде ұсынылған әдістемелік тәсілдер мен мазмұндық талдау нәтижелері қазақ бейнесінің Батыс Еуропа баспасөзінде қалыптасуы мен таралуының медиалық, идеологиялық, мәдени негіздерін

көрсетіп қана қоймай, бұл процестің қазіргі кезеңмен қалай сабақтасатынын да ашады. Қазақ тақырыбының еуропалық ақпараттық дискурстағы орны – ұлттық бірегейлік пен егеменді ақпараттық саясатты тануда маңызды компонент ретінде бағаланады.

Қазіргі Батыс зерттеулерінде қазақ халқы мен Қазақстанның революцияға дейінгі өмірі қалай сипатталатынын зерттеуге арналған. Авторлар АҚШ-тағы Қазақстанға деген ғылыми қызығушылықтың тарихи-теориялық негіздерін аша отырып, батыстық ориентализм шеңберіндегі дискурстық құрылымдарды сипаттайды. Бұл мәселе Edward Said (1978) еңбектерінде бастау алған постколониалдық теориялар тұрғысынан да маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Мақалада Alfred Hudson (1938), Elizabeth Bacon (1966), Laurence Krader (1962, 1963), Valentin Ryazanovsky (1965), және басқа да батыс ғалымдарының еңбектеріне сүйенген. Мысалы, А. Hudson «Kazak Social Structure» атты еңбегінде қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын сипаттай отырып, оның «патриархалдық» сипатына баса назар аударады. Дегенмен, автор Hudson-ның әлеуметтік жіктеліс, кедей мен бай арасындағы алшақтық секілді ішкі қайшылықтарды назардан тыс қалдырғанын сынайды (Hudson, 1938).

Е. Bacon өзінің «Central Asians under Russian Rule» атты зерттеуінде (Bacon, 1966) орыс отарлауы жағдайындағы мәдени өзгерістер мен бейімделу процестеріне тоқталады. Bacon еңбегі мәдениетаралық ықпалдастықтың жан-жақты көрінісін береді. Indiana University профессоры Laurence Krader-дің қазақ этногенезі жайындағы көзқарастары талданады. Оның «Ethnonyms of Kazakh» (1962) және «Social Organization of the Mongol-Turkic Pastoral Nomads» (1963) атты еңбектерінде қазақ қоғамының рулық-тайпалық негіздері, көшпелі өмір салты, және әлеуметтік ұйымдары егжей-тегжей сипатталған. Krader Ресей архивтерінен және қазақ зерттеушілерінің (Ш. Уәлиханов, А. Самойлович) еңбектерінен кең көлемде мәлімет алған (Krader, 1963).

Сонымен қатар Ресей империясының қазақ даласына ену үдерісі батыстық тарихшылар еңбектерінде қалай сипатталатыны қарастырылады. Charles Halperin (1987), Donald Ostrowski (1998), және Michael Khodarkovsky еңбектерінде қазақтардың Мәскеу патшалығына қатысты тарихи орны мен мәдени ықпалы көрсетіледі. Khodarkovsky, мысалы, көшпенділерді орыс билеушілері үшін «өздерін өркениетті, күшті ел ретінде дәлелдеу құралы» ретінде сипаттайды (Khodarkovsky, 2002).

David Lindgren (1979) қазақтардың әлсіз қарсылығының себептерін ұлттық сана-сезімнің әлсіздігімен және орыс әкімшілігінің кейбір жеңілдіктерімен түсіндіреді. Бұл пікір, әрине, қазіргі постколониалдық сын тұрғысынан қайта қарауды қажет етеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан алғашқы қазақ зиялылары туралы айтылады: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және «Дала уалаяты» газетінде қызмет еткен ағартушылар. Авторлар Peter Burke-тің «халықты ашу» феноменімен бұл үрдісті байланыстырады (Burke, 1978), бұл фольклорлық материалдардың жиналуы арқылы отарланған халықтың ішкі рухани әлемін түсінуге ұмтылыс ретінде қарастырылады [189].

Батыс әдебиетіндегі қазақ халқының бейнесі мен әлеуметтік құрылымын зерттеген маңызды еңбектер жан-жақты сарапталған. Авторлар зерттеулердің артықшылықтары мен шектеулерін ескере отырып, батыс ориенталистік дискурсындағы қазақ тақырыбына сыни баға береді. Бұл зерттеу қазіргі заманғы отарлықтан кейінгі (postcolonial) көзқарастар аясында маңызды үлес болып табылады.

Сонымен қатар, XIX ғасыр публицистикасын зерттеу қазіргі журналистика мен медиа дискурстың тарихи негізін де түсіндіруге мүмкіндік береді. Көптеген публицистік формалар – репортаж, этнографиялық очерк, саяси шолу – бүгінгі медиа саласында трансформацияланған күйде өмір сүріп отыр. Осылайша, публицистика мен ғылым арасындағы шекараны пайымдау – тек тарихи қызығушылық ғана емес, сонымен бірге бүгінгі медиамәдениетті танудың кілті.

Қорытындылай келе, XIX ғасыр публицистикасы мен қазіргі зерттеу тәжірибесі арасында ғылыми жалғастық бар. Бұл жалғастық тарихи мәтіндердің заманауи әдістермен қайта сарапталуы арқылы жүзеге асады. Еуропалық авторлар жазған қазақ туралы мәтіндер – бүгінгі таңда тарихи жадыны жаңғырту мен ұлттық мәдениетті интерпретациялаудың маңызды дереккөзіне айналып отыр.

Қазақ халқының тарихы мен рухани мәдениетіне деген шетелдік қызығушылық – зерттеу нысаны ретінде бүгінгі таңда өзектілігін жоймаған маңызды бағыттардың бірі. Әсіресе XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс академиялық кеңістігінде қазақ этносының, әлеуметтік құрылымының және көшпелі өркениетінің ерекшеліктеріне арналған іргелі еңбектер жарық көре бастады [190].

Батыстық зерттеушілердің қазақ қоғамын сипаттау тәсілінде идеологиялық ұстанымдар мен отарлық көзқарастардың қатар жүргені байқалады [200] АҚШ пен Еуропа елдерінде XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ халқы туралы түсініктерді, стереотиптерді және ғылыми тұжырымдарды сараптай отырып, олардың шығу көздерін түрлі еңбектер мен тарихи деректер арқылы ашады.

Мысалы, американдық зерттеуші А. Hudson өзінің *Kazak Social Structure* (1938) еңбегінде қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын сипаттап, оның патриархалдық сипатын ерекше атап өтеді. Автор қазақ отбасындағы мұрагерлік қатынастар, әлеуметтік жіктеліс пен тұрмыстық ерекшеліктерді жан-жақты сипаттағанымен, таптық қайшылықтар мен әлеуметтік теңсіздікті елеусіз қалдырған. Бұл тұста Hudson еңбегінің құрылымдық шеңберінде идеализацияға бейімділік байқалады.

Екінші жағынан, L. Krader сынды ғалымдар этногенез мәселесіне терең бойлап, қазақ халқының рулық-тайпалық институттарын, ата-текке негізделген қоғамдық ұйымдарын талдауға ерекше назар аударған. Оның *Ethnonyms of Kazakh* (1962) және *Social Organization of the Mongol-Turkic Pastoral Nomads* (1963) атты еңбектері қазақ халқының әлеуметтік эволюциясын көшпелі өркениеттің заңдылықтары шеңберінде қарастырады. Бұл бағыт Тілепберген А. өз мақаласында көтерген жүздік құрылымның тарихи-философиялық және этногенетикалық мәнін зерттеу ұмтылыстарымен астасып жатыр.

Қазақ халқының тарихына қызығушылықты тек саяси немесе этнографиялық тұрғыда емес, мәдени-ағартушылық бағытта да байқауға болады. XIX ғасырдан бастап Батыс Еуропа елдерінде қазақ ауыз әдебиетінің үлгілеріне қызығушылық артып, эпикалық мұралар бірнеше тілге аударылды. Мысалы, Германияда «Алтын киіз үй» жинағы жарық көріп, онда «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» сынды эпостар жарияланғаны мәлім. Бұл үрдісті Tilepbergen мен Alzhanova мақаласында Elizabeth Bacon-ның *Central Asians under Russian Rule* (1966) еңбегімен байланысты қарастырылады, онда қазақ мәдениетінің отарлық ықпал жағдайындағы трансформациясы кеңінен сипатталған.

Осыған ұқсас үрдістерді XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы орыс және неміс басылымдарында да байқауға болады. Атап айтқанда, А. Брем, Н. Маев, А. Диваев, В. Герн сияқты зерттеушілердің еңбектері көшпелі өмір салты мен қазақ тұрмысының ерекшеліктерін шынайы түрде сипаттауға тырысқан. Бұл жазбалар мен этнографиялық мәліметтер кейінгі батыстық ғалымдар еңбегінде де ғылыми референс ретінде қолданылып отыр.

Қазақ тақырыбының шетелдік публицистикада жүйелі әрі жан-жақты қарастырылуына назар аударатырып, А. Hudson, L. Krader, E. Bacon сияқты ғалымдардың зерттеулерін ғылыми айналымға енгізудің маңызын нақты деректермен дәлелдейді. Бұл еңбек – отарлық дискурстардағы қазақ халқының бейнесін тану үшін маңызды ғылыми база болып табылады.

Қазақ кеңестік әдебиетінің XX ғасырдың алғашқы жартысында жеткен көркемдік және идеологиялық биігі оны халықаралық деңгейде танытудың маңызды құралына айналдырды. Авторлар Батыс Еуропа елдеріндегі қазақ әдебиетіне деген қызығушылықтың артуын тек шығармашылықтың көркемдік құндылығымен ғана емес, сонымен қатар, қазақ халқының бірегей рухани болмысы мен тарихи тағдырымен байланыстыра қарастырады.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ қаламгерлерінің шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып, кеңестік әдебиеттің ішінде өзіндік рухани эстетикалық кеңістігін қалыптастырды. Мысалы, М. Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын, неміс, француз, болгар, түрік және өзге де көптеген тілдерге аударылып, көркем тілінің тереңдігімен және философиялық ой тереңдігімен Батыс сыншыларының жоғары бағасына ие болды. Неміс әдебиеттанушысы Вернер Браум аталмыш романды «социалистік әлем әдебиетінің ең көрнекті туындыларының бірі» деп бағалаған болатын (Сатпаева, Мусинов, 1971, 14). Сонымен қатар, Абай, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Әзілхан Нұршайықов, Әнуар Әлімжанов сынды қаламгерлердің шығармалары Чехословакия, Болгария, Румыния, Польша, ГДР, Франция, Вьетнам, Корея секілді елдерде кеңінен таралған. Бұл – қазақ әдебиетінің тек кеңестік идеологияны таратушы құрал ғана емес, сонымен қатар, ұлттық дүниетаным мен көркемдік дәстүрді танытушы құрал ретінде де қабылданғанын көрсетеді.

Ерекше назар аударылған бірегей дерек – белгілі еуропалық мәдениет қайраткерлерінің қазақ әдебиетіне берген бағасы. Венгриялық академик Имре Тренчени-Вальдапфель қазақ әдебиетін кеңінен насихаттап, Жамбылдың

шығармашылығына арналған зерттеулер мен аудармалар жасаған. Ол Жамбылды «тарихи оқиғалар кезінде биікке көтерілген ақындық шығармашылық иесі» деп бағалап, қазақ поэзиясын «ғасырлардан келе жатқан дәстүрдің жалғасы» ретінде сипаттайды [191].

Жамбыл Жабаевтың да Батыста кең танымал болғаны айтылған. Оның поэзиясы 1943 жылы Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен шыққан поэзиялық жинаққа енгізілген. Бұл – қазақ ақынының соғыс жағдайындағы гуманистік үнін жаһандық деңгейде естіртудің нақты дәлелі. Бұған қоса, француз жазушысы Ромен Роллан мен даниялық ақын Мартин Андерсен Нексе Жамбыл шығармашылығына жоғары баға бергенін көрсететін хаттар мен құттықтаулар да мысал ретінде келтірілген. Шетелдік зерттеушілер мен жазушылар қазақ әдебиетіне ғана емес, қазақтың фольклорлық мұрасына, эпикалық және лирикалық дәстүрлеріне де ерекше мән берген. Германияда жарық көрген «Алтын киіз үй» атты фольклорлық жинақта «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» сынды эпостар, ал Болгарияда шыққан жинақта қазақ ертегілері кең көлемде қамтылған. Бұл жинақтарды құрастыру мен аудару ісіне Белла Балаш, Эрик Мюллер, Имре Тренчени сияқты танымал тұлғалар атсалысқан[193].

Дегенмен, Т. Виннердің (1958) еңбегі сынды кейбір шетелдік зерттеулерде қазақ әдебиеті тарихын біржақты сипаттау, орыс мәдени ықпалын асыра көрсету секілді отарлық көзқарас байқалатынын да авторлар ескерткен. Мұндай әдістемелік шектеулерге қарамастан, қазақ әдебиетінің Еуропа мен Америкадағы бейнесі біртіндеп объективті бағытқа бет бұрды. Бұл ретте К.Л. Есмағамбетов, Ш.К. Сатпаева және А.О. Мусинов еңбектерінің маңызы зор.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ әдебиеті халықаралық мәдени кеңістікте өзіндік орны бар рухани құбылыс ретінде танылды. Бұл үрдіс тек аударма және жарияланымдар арқылы емес, сонымен бірге қазақ әдебиетіне берілген шынайы ғылыми-поэтикалық баға тұрғысынан да ашып көрсетіледі. Қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы шетелдік әдебиетшілердің пікірлері мен зерттеулері арқылы әлемдік әдеби үдерістің бір бөлігіне айналғанын дәлелдейді.

3-бөлім бойынша тұжырым

XIX ғасырдың соңғы кезеңінде Батыс Еуропа баспасөзі Қазақстан туралы айтарлықтай жаңа әрі тереңдетілген мәліметтер ұсына бастады. Қазақстанның даму мәселелері, оның табиғи ресурстары, мәдени және әлеуметтік құрылымы туралы мақалалар мен репортаждар әлемнің түрлі бұрыштарында жарық көрді. Бұл кезеңде Ресей империясының Азиядағы саяси стратегиясы мен Қазақстанның геосаяси орнының артуы халықаралық ақпараттық ағымда ерекше орын алды. Қазақ даласындағы жаңалықтар мен өзгерістер әлемдік қауымдастыққа жеткізілді, алайда бұлардың бәрі бірдей объективті болмады, сондықтан қазақ қоғамының нақты бейнесі мен даму тенденциялары туралы пікірталастар үнемі жалғасып отырды. Әлжанова А.Б. өз еңбегінде XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистерінің қазақтар жөніндегі жазбаларын талдай

отырып, олардың отарлық дискурс аясындағы дүниетанымдық және танымдық ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Автордың пікірінше, еуропалық басылымдарда жарық көрген мақалалар мен очерктер қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне, мәдениетіне, құқықтық дәстүрлеріне қызығушылық танытумен қатар, Ресей империясының отарлық саясатының астарлы бағасын да береді [192] Бұл публицистикалық материалдар арқылы Батыс жұртшылығы қазақ даласындағы өзгерістерден хабардар болып отырған және олардың бірқатары отарлық қысымға түскен халықтың тағдырына жанашырлықпен қараған.

Батыс Еуропа баспасөзінде Қазақстанның даму мәселелері көбінесе Ресей империясының үстемдігін нығайту мақсатында жанама түрде көрсетілді. Ресейдің Кавказ бен Орта Азиядағы кеңеюі, оның ішінде Қазақстанды басқару тәсілдері туралы жарияланымдар еуропалық журналистикада жиі орын алды. Бұл тақырыптар қақтығыстар, саяси өзгерістер мен экономика саласындағы жетістіктерге қатысты талқылауларды қамтыды. Қазақстанның табиғи байлықтары мен ауыл шаруашылығын дамыту мүмкіндіктері, онымен қатар өзге де әлеуметтік өзгерістер мен қиыншылықтар еуропалық оқырмандарға жеткізілді, бірақ осы мәселелердің көбінесе колониялық контексте қарастырылуы Батыс журналистикасындағы белгілі бір идеологиялық көзқарастарды көрсетті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды тану үдерісі айтарлықтай қарқын алды. Бұл кезде Батыс Еуропа баспасөзінің рөлі көп өзгерістерге ұшырады. Еуропалық бұқаралық ақпарат құралдары жаңалықтарды тарату барысында, көбінесе, саяси жағынан өңделген немесе идеологиялық тұрғыдан бағытталған ақпараттарды ұсынды. Алайда осы кезеңде шығарылған кейбір басылымдар мен ғылыми мақалалар Қазақстанның мәдениеті, тұрмысы, этнографиясы және тарихы жөніндегі деректерді ғылыми негізде баяндай бастады. Бұл ақпараттардың алғашқы зерттеушілері мен авторлары арасында саяхатшылар, дипломатты жазушылар мен географтар маңызды рөл атқарды. Олар қазақ жерінің табиғи ресурстары мен этникалық құрамы, сондай-ақ әлеуметтік-саяси құрылымы туралы кеңінен жазды, бірақ көбінесе олар осы аймаққа қатысты мәліметтерді еуропалық мүдделер тұрғысынан қарастырды.

Еуропалық БАҚ-тың Қазақстанды зерттеу үдерісі, әсіресе XIX ғасырдың соңғы ширегінде, тек географиялық емес, сонымен бірге әлеуметтік және мәдени сипаттағы зерттеулерді де қамтыды. Сонымен қатар, еуропалық баспасөздің Қазақстанға қатысты ақпараттық саясаты түрлі көзқарастардың алмасуына мүмкіндік берді. Осы тұрғыда ғылыми және публицистикалық мақалалар, сондай-ақ ғылыми конференциялар мен басылымдар арқылы Қазақстан туралы таным кеңейді. Батыс баспасөзінде жарияланған мақалалар мен есептер көбінесе зерттеушілер мен саяхатшылардың жазбаларынан алынған, алайда олар осы аймақтың ерекшеліктерін бұрмалаумен қатар, отарлық саясаттың ықпалында да болды. Қазақстанның бай мәдениеті мен тарихи мұрасы туралы айтылған бірқатар жазбалар сол кездегі Батыс жұртшылығына белгілі бір түсінік пен білім берді.

Кейінгі зерттеушілер бұл кезеңдегі публицистиканың ғылыми жалғастығын зерттеп, сол уақыттағы ақпараттық саясаттың қыр-сырын ашты. Олар Батыс Еуропа баспасөзінде жарияланған жазбалардың ішіндегі Қазақстан туралы деректерді, әсіресе этнографиялық және мәдени сипаттамаларды қайта қарастырып, сол кездегі ғылыми тұрғыдан дұрыс емес тұжырымдарды дәлелдеді. Сонымен бірге, бүгінгі күні бұл жазбалар қазіргі зерттеу тәжірибесінде Қазақстанның тарихи, мәдени және әлеуметтік контекстіндегі өзекті мәселелерді түсінуге көмектеседі. Батыс баспасөзінің бұл деректері, әсіресе тарихи мәліметтердің жинақталуы арқылы, Қазақстанның мәдени мұрасы мен этникалық ерекшеліктері жайындағы заманауи зерттеулерге ықпал етеді.

Жалпы алғанда, XIX ғасырдың соңындағы Батыс Еуропа баспасөзі мен публицистикасы Қазақстанды зерттеу мен тану үдерісінде маңызды рөл атқарды. Бұл кезеңде жарияланған мақалалар, ғылыми зерттеулер мен саяхатшылардың жазбалары қазақ даласына деген қызығушылықты арттырып, қазақ қоғамының ерекшеліктерін тереңірек түсінуге ықпал етті. Алайда, бұл деректерді бағалағанда сол уақыттағы колониалды көзқарастар мен саяси тұрғыдан өңделген ақпараттардың да болуы маңызды екендігін ескеру керек. Бұл барлық мәліметтер бүгінгі таңда тарих пен мәдениет саласындағы ғылыми ізденістерге негіз болған маңызды дереккөздерге айналды.

ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғасыр – Орталық Азия мен қазақ даласының халықаралық қатынастар жүйесінде жаңа мазмұнмен ерекшеленген кезеңі болды. Бұл дәуірде Ресей империясы мен Батыс Еуропа мемлекеттерінің арасында Орталық Азия үшін бәсеке артып, оны зерттеу мен бақылау нысанына айналдырды. Осындай жағдайда қазақ халқы мен оның мәдениетіне деген қызығушылық бірқатар саяси, географиялық және идеологиялық себептермен түсіндіріледі.

Біріншіден, Қазақстан Ресейдің отарлық аймағына айналған сайын, оны тереңірек танып-білуге деген қажеттілік туындады. Бұл орайда патшалық Ресейдің әкімшілік құрылымы мен саяси жоспарлары Батыс Еуропа зерттеушілерінің назарынан тыс қалған жоқ. Әсіресе ағылшын, француз және неміс сарапшылары үшін қазақ даласы Азияның «қақпасы» саналды. Осы тұрғыда британдық зерттеуші Генри Лэнг өзінің еңбектерінде қазақ даласының геосаяси маңызын, Ресейдің осы өңірге бекінуін «азиаттық экспансияның жаңа кезеңі» деп сипаттаған.

Екіншіден, Еуропалық ағартушылық пен ориентализм дәстүрі бойынша, Шығыс өркениеттері мен көшпенді халықтардың мәдениеті ерекше қызығушылық тудырды. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, фольклоры, эпикалық жырлары мен өмір салты осы тұрғыда экзотика ретінде ғана емес, сонымен қатар отарлық кеңістікті танудың бір құралы ретінде қабылданды. Мәселен, француз ориенталисі Жюль Ле-Блан қазақ жыраулары мен батырлық жырларындағы еркіндік идеяларын түркі халықтарының тарихи болмысымен байланыстырады.

Үшіншіден, XIX ғасырдағы қазақ зиялыларының қалыптасуы мен олардың ағартушылық қызметі шетел зерттеушілерінің қызығушылығын күшейтті. Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов сынды тұлғалар тек отандық емес, халықаралық деңгейде де назарға ілікті. Абайдың орыс әдебиеті мен шығыс классикаларын үйлестіре отырып жасаған поэзиясы – ұлттық сананың жаңғыруын көрсететін айқын мысал. Неміс ғалымы Карл Шефер Абайдың поэзиясын «қазақ руханиятының модернизацияға қадам басуы» деп бағалаған.

Төртіншіден, қазақ қоғамының өзіндік әлеуметтік құрылымы – ру-тайпалық жүйе, көшпелі өмір салты, дала демократиясы – Батыс еуропалық зерттеушілер үшін ерекше салыстырмалы зерттеу нысаны болды. Мысалы, ағылшын этнографы Уильям Мартин қазақ қоғамындағы билер институтын зерттей отырып, оны «дәстүрлі құқық пен ауызша мәдениеттің симбиозы» деп сипаттайды.

Саяси мүдде, ғылыми қызығушылық және мәдени романтизм тоғысқан бұл кезеңде қазақ халқы – өзін Батысқа танытқан, әрі Батыс арқылы өзін тереңірек тануға мүмкіндік алған ұлттардың бірі болды. Қазақ даласы Еуропа үшін жұмбақ пен өркениет арасындағы өткелге айналды. Бұл қызығушылық – кездейсоқ емес, нақты тарихи жағдайлардың, отарлық қатынастар мен мәдени диалогтың нәтижесі.

Француз публицистері мен этнографтарының қазақ музыкасына деген қызығушылығы – XIX ғасырдағы Еуропа мен Шығыс арасындағы

интеллектуалдық және мәдени диалогтың маңызды эпизодтарының бірі. Олар үшін қазақ даласы тек географиялық кеңістік емес, сонымен қатар тірі, естілетін мәдени кеңістік ретінде қабылданды. Бұл қызығушылықтың тамыры француз романтизмі мен символизмінің табиғи ырғақ пен бастапқы поэтикалық құрылымдарға деген сұранысында жатыр. Атап айтқанда, Шарль Валлуа мен Анри Массон сияқты авторлар қазақ музыкасын дала поэзиясының бір түрі ретінде қарастырып, оны тек дыбыс арқылы ғана емес, кеңістік, үнсіздік және уақытпен қатынастағы көркем тәжірибе ретінде түсінді.

Бұл көзқарас кездейсоқ емес. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы француз музыка зерттеушілері мен саяхатшылары Азия халықтарының фольклорлық-музыкалық жүйелерін еуропалық рационалды музыкалық теориядан бөлек, өзіндік акустикалық философия ретінде қарастыра бастады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ музыкасы олар үшін белгілі бір метафизикалық құрылым – символ, ритуал және тарихи жадпен ұштасқан дыбыстық мәтін ретінде көрінді. Валлуаның «*La Musique dans les steppes*» (1899) атты еңбегінде қазақ әнінің кеңістікті «толтыратын» ерекше табиғаты айтылса, Анри Массон өз жазбаларында қобыз сарынын үнсіздікпен диалогқа түскен алғашқы және соңғы сөзге теңегені – қазақ мәдениетінің ішкі логикасын түсінуге жасалған терең қадам еді.

Сонымен қатар француз зерттеушілерінің қазақ музыкасына деген қызығушылығы – бұл біржақты экзотикалық таңданыстан гөрі, ұлттық болмысты терең түсінуге деген ұмтылыс. Олар ән мен жырды ұлттың тарихи жады мен саяси тәжірибесінің көрінісі ретінде қарастырып, әрбір әуенді белгілі бір кезеңнің куәсі деп қабылдады. Бұл тұрғыда Есет батыр, Кенесары хан туралы тарихи жырлар мен "Елім-ай" секілді қасіретті әндер – олардың көз алдында тек фольклор ғана емес, азаттық идеясын ұрпаққа жеткізетін рухани құрал ретінде сипатталды. Бұл орайда Émile Lajard-тың «*Le Symbolisme musical chez les peuples de la steppe*» (1904) атты зерттеуін ерекше атауға болады. Онда музыкалық сарынындағы мұң мен трагизм – отарлық тарихтың көркем-кодталған көрінісі ретінде пайымдалады.

Қазақ аспаптарының – қобыздың, домбыраның, сыбызғының – әрқайсысының өзіндік семантикалық жүктемесі бар екенін Jules Monod секілді зерттеушілер терең түсінген. Олар бұл аспаптарды тек фонетикалық дыбыс шығаратын құрылғы ретінде емес, тұтас дәстүрдің нышаны, киелі метафоралармен жүктелген мәдени объект ретінде таныстырды. Музыканың табиғатпен және адаммен біртұтас екені туралы тұжырымдар француздардың қазақ дүниетанымына үңілу арқылы өзіндік мәдени сынға барғанын да аңғартады.

Осылайша, француз публицистерінің қазақ музыкасына деген ықыласы белгілі бір этнографиялық қызығушылықпен ғана шектелмей, философиялық және эстетикалық ізденіске ұласқаны байқалады. Бұл ізденістер арқылы олар қазақ мәдениетінің дыбыстық поэтикасын, әуен арқылы жеткізілетін тарихи естеліктер мен дүниетаным үлгілерін терең сезініп, оны заманауи француз рухани контекстінде қайта ой елегінен өткізе білді. Нәтижесінде, қазақтың ән-күй

мәдениеті – тек фольклорлық үлгі емес, біртұтас идеялық-эстетикалық құрылым, отарлыққа қарсы үн мен тарихи жадтың көркем тасушысы ретінде таныла бастады.

XIX ғасырда Бронислав Залеский сынды еуропалық зерттеушілердің Қазақ даласындағы фаунаға қатысты жазбалары – тек этнографиялық немесе жаратылыстанулық қызығушылықтан туған сипаттамалар ғана емес, сол дәуірдегі экожүйенің биологиялық және мәдени кодын айқын бейнелеген тарихи құжаттар болып табылады. Залескийдің жан-жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікпен жазылған көзкөрген суреттемелері, П. И. Рычковтың нақты топографиялық және зоологиялық мәліметтері даланың тіршілігі мен табиғатпен үйлесімді өмір сүру салтын көрсетті.

Аталған жазбалар қазақ халқының жануарлармен қарым-қатынасының утилитарлы ғана емес, терең дүниетанымдық және символдық маңызға ие болғанын дәлелдейді. Құлан туралы аңыздар мен ырымдар, ақбөкенге байланысты салт-жоралғылар, бүркіт пен тазыны баптау дәстүрі – бұлар қазақтың табиғатпен үйлесімді тіршілік еткен өркениетінің рухани кодтарын паш етеді. Бұл – қазіргі заманғы ғылымда "дәстүрлі экологиялық білім" (Traditional Ecological Knowledge – ТЕК) деп аталатын ұғыммен үндес түсінік.

Алайда XX ғасырдың екінші жартысынан бастап антропогендік факторлардың, соның ішінде индустрияландыру, шектен тыс жайылымдық қысым, браконьерлік және климаттық өзгерістердің салдарынан Қазақстан аумағындағы фауна қатты құлдырауға ұшырады. WWF (2023) пен АСБК деректеріне сәйкес, 1900 жылдары 1 миллионнан асқан киік саны 2003 жылы небәрі 20 мыңға дейін қысқарған. Бұл – жай ғана экологиялық апат емес, дәстүрлі мәдениеттің де күйреуі еді. Себебі дала жануарларының азаюы көшпелі өмір салтымен келген дәстүрлі біліктің, этикалық тепе-теңдіктің және экологиялық сезімталдықтың жоғалуына алып келді.

Бақытымызға қарай, соңғы онжылдықта киікті сақтап қалу жолындағы мемлекеттік және халықаралық күш-жігер нәтижесін бере бастады. 2023 жылы киік саны қайтадан 1,3 миллионға жетіп, бұл көрсеткіш бұрынғы апатты құлдыраудың уақытша еңсерілгенін көрсетті. Бірақ сарапшылар бұл ахуалды уақытша жетістік ретінде қарастыруды ескертеді. Себебі тұрақты мониторинг, заңнамалық қорғаныс және халықтың экологиялық сана-сезімін арттырусыз бұл қалпына келу тұрақты болмауы мүмкін.

Қазіргі заманғы биология мен экология ғылымы экожүйені қалпына келтірудің кешенді тәсілдерін ұсынса, этноэкология – оның мәдени-тарихи негіздерін бекітеді. Қазақ халқының табиғатпен қатынасы жай ғана шаруашылық тәжірибе емес, тұтас моральдық жүйе, тіршіліктің ішкі заңдылығы ретінде қалыптасқан. Сондықтан дала жануарларын сақтау мәселесі – тек фауна мәселесі емес, ұлттық болмыстың, тарихи жадының, рухани мұраның сақталуы деген сөз.

Бүгінгі таңда Залеский, Рычков сынды зерттеушілердің еңбектері осы тарихи-экологиялық сабақтастықты пайымдауға мүмкіндік беретін аса құнды дереккөздер ретінде қайта бағалануда. Олардың жазбалары арқылы біз XIX ғасырдағы даланың жанды тынысын, адам мен табиғат арасындағы нәзік тепе-

теңдікті танимыз. Бұл таным – қазіргі және болашақ ұрпақ үшін бағдаршам іспетті. Себебі экология – өткен мен бүгіннің ғана емес, болашақтың да мәдени және моральдық негізі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жюль Верн: Кенесары туралы роман. (аударған Е. Жаппасұлы) // «Дала дидары» газеті, 13-19.09.1991 жыл.
2. Данилин С.А. Образ России и ее политики в англо-американской публицистике конца XIX-начала XX вв. – 2006.
3. Заиченко О.В. Немецкая публицистика и формирование образа России в общественном мнении Германии в первой половине XIX века : дис. – М. : [Ин-т всеобщ. истории РАН], 2004.
4. Сухих О.Е. Образ казаха-кочевника в русской общественно-политической мысли в конце XVIII-первой половине XIX века //автореф. дис....канд. ист. наук. – 2007.
5. Быков А.Ю. Российская правительственная политика в степных областях и трансформация традиционного казахского общества: 1731-1917 гг: дис. – 2005.
6. Быков А.Ю. Проблема седентаризации в политике России в Казахстане, XVIII-начало XX в. – 2001.
7. Дюсекенев Д.Н. и др. Образы казахов в русской литературе 1890-1930-х годов. – 2023.
8. Сыздыкова Е.С. Российские военные и Казахстан (Вопросы социально-политической и экономической истории Казахстана в XVIII — XIX вв. в трудах офицеров Генерального штаба России). М., 2005. С. 68.
9. Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. Оренбург, 1895.-345 с.
- 10.Тресвятский В.А. Материалы к земельному вопросу в Азиатской России. Вып.І. Степной край. Пг., 1917;
- 11.Мордвинов Н.Л. Землевладение и подати в Туркестане // Русский вестник. 1898. Май. С. 218-224;
- 12.Владимирский В.А. Обзорение современного сельского хозяйства в России «по достоверным источникам» и предположения к его улучшению. – 1874.
- 13.Кауфман А.А. Отчет старшего производителя работ Кауфмана А.А. по командировке в Тургайскую область для выяснения вопроса о возможностях ее колонизации. СПб., 1896;
- 14.Тихонов Т.И. Развитие скотоводства и земледелия в степных областях (Хранится в рукописи). РГИА. Ф. 1291. Оп. 1. 1893 г. Д. 38; Россия, Запад и мусульманский Восток в колониальную эпоху / Отв. ред. С.М. Иванов. СПб.: Изд-во "Дмитрий Буланин", 1996. С. 14-26.
- 15.Чиркин Г. Необходимость пересмотра Степного положения // ВК. 1913. № 12. С. 65-73
- 16.Гинс Г. Переселение и колонизация // Вопросы колонизации. 1913. № 12. С. 73-121.
- 17.Щербина Ф.И. «Киргизская народность в местах крестьянских переселений». 1877-1880
- 18.Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. – 1995.

- 19.Бларамберг И.Ф. Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды. СПб., 1848. Т. XIV. Ч. 2;
20. Казанцев И.М. Описание киргиз-кайсак. СПб., 1867;
21. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865
22. Венюков М.И. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. СПб., 1873—1876. Вып. 1 – 2
23. Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. СПб., 1890
24. Хорошинкин А.П. Общий обзор расширения русских пределов в Азии и способов обороны их // Военный сборник. – 1872. - № 12.
25. Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. СПб., 1870
26. Красовский Н.И. Область сибирских киргиз. СПб., 1868
27. Маев Н.А. Очерк истории киргизского народа с 1732 по 1868 г. // Материалы для статистики Туркестанского края. СПб., 1873. - Вып.2.
28. Григорьев В. В. Политика России в Средней Азии. СПб., 1864. С. 16.
29. Добросмыслов А.И. Суд у киргиз Тургайской области в XVIII и XIX веках. Казань, 1904; Он же. Тургайская область. Исторический очерк. Тверь, 1902.
30. Лобысевич Ф.И. Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическо-военном отношениях: дополнительный материал для истории Хивинского похода 1873 г. СПб., 1900
31. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии / М.А. Терентьев. -СПб., 1906.-Т. I. — 510 с.
32. Козыбаев С.К., Бекхожин Х.Н. Очерки истории журналистики Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1988. – С. 192.
33. Ибраева Г.Ж. Региональные конфликты и СМИ. – Алматы, 2001. – С. 257.
34. Жакып Б.О. Мухтар Ауезов - публицист: дис... канд. филол. наук: 10.01.10. - Алматы, 1997. - С. 91.
35. Барманкулов М.К. Тюркская вселенная. – Алматы: Білім, 1996. – С. 240.
36. Сатпаева Ш.К. Казахско-европейские литературные связи XIX в. и первой половины XX в. – Алма-Ата, 1972. – С. 280.
37. Ахмадулин Е.В. Краткий курс теории журналистики. – Ростов-на-Дону: МарТ, 2006. – С. 269.
38. Есин Б.И. Русская журналистика 70-80-х годов XIX века. – М., 1963. – С. 191.
39. Березина В.Г. Русская журналистика первой четверти XIX века. – Л., 1965. – С. 90.
40. Герасимова Ю.И. Из истории русской печати в период революционной ситуации конца 1850 – начала 1860-х гг. – М., 1974. – С. 208.
41. Захарина В.Ф. Голос революционной России / Литература революционного подполья 70-х г. XIX века. – М., 1971. – С. 238.
42. Кузьмин Д. Народовольческая журналистика. – М., 1930. – С. 287.
43. Лемке М. Очерки по истории русской цензуры и журналистики XIX века. – СПб., 1904. – С. 419.

44. Ухалов Е.С. Революционно-демократическая публицистика и критика 40-60-х гг. XIX века. – М., 1959. – С. 48.
45. Беспалов А.Г. История мировой журналистики. – М., 2004. – С. 425.
46. Прохоров Е. П. Публицист и действительность. – М.: Мысль, 1973. – С. 45.
47. Маслова Н. М. Путевые заметки как публицистическая форма (Становление и развитие жанра путешествия в публицистике). – М., 1977.
48. Urquhart D. England, France, Russia, and Turkey.[By David Urquhart.]. – J. Ridgway and Sons, 1835.
49. Дж. Кеннан. Сибирь и ссылка / Пер. с англ. под ред. Е. Серебрякова. – СПб., 1906. - Т. 2. - С.252.
50. Atkinson T. W. Oriental and Western Siberia: a narrative of seven years' explorations and adventures in Siberia, Mongolia, the Kirghis Steppes, Chinese Tartary, and part of Central Asia. – JW Bradley, 1860.
51. Lansdale E. G. Viet Nam: Do We Understand Revolution? //Foreign Affairs. – 1964. – Т. 43. – №. 1. – С. 75-86.
52. Гюк Э. Р., Габэ Ж. Путешествие через Монголию в Тибет к столице Талеламы. – 1870.
53. Gabet, Joseph & Evariste-Regis Huc (1998) Travels in Tartary, Tibet and China, 1844-46
54. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествий по казахским степям. - Алматы, 2005. – С. 232.
55. Kotwicz W. Józef Kowalewski, orientalista: 1801-1878. – Nakł. Tow. Naukowego, 1948. – №. 11.
56. Вацлав С. Большой Сибирский тракт //Пер. Горбаневская Н.,Новая Польша. – 2009. – Т. 5. – №. 108. – С. 80-84.
57. Zaleski Bronislas. La vie des steppes kirghizes. Descriptions, recits et contes. Texte et illustrations a l'eau-forte par Bronislas Zaleski. Paris: J.-B. Vasseur, Libraire-editeur, 36, rue du Petit-Lion, 36, 1865.
- 58.Элизе Р. Человек и Земля Современная история. – Directmedia, 2014.
59. Marvin C. The Russians at Merv and Herat: And Their Power of Invading India. – WH Allen & Company, 1883.
60. Conolly A. Journey to the north of India: overland from England, through Russia, Persia, and Affghaunistaun. – R. Bentley, 1838. – Т. 1.
61. Hallenberg H. James Abbot McNeill Whistler //Art Education. – 1987. – Т. 40. – №. 1. – С. 37-38.
62. Әбдіманов, Ә. "Қазақ" газеті - Алматы : Қазақстан, 1993. – 168б.
63. Альжанова А.Б. «Западная публицистика о казахах в период царизма» // Алматы. «Қазақ университеті», 2011 г.
64. Myssayeva K., Brown M. Labor Propaganda and the Gulag Press: The Case of Putevka //Journalism History. – 2020. – Т. 46. – №. 3. – С. 208-226.
65. Annales Sancti Pantaleonis. Monumenta Germaniae Historica: Scriptores, том 22. Hannover: Hahn, 1872. – б. 498: «Tartari vastaverunt Russiam, Poloniam atque terras Comanorum».

66. Paris, Matthew. *Chronica Majora*, Volume IV. Ed. Henry Richards Luard. London: Rolls Series, 1877. – б. 279 1241 ж. оқиғаларға арналған бөлім.
67. Карпини, Иоанн дель Плано. Моңғолдар туралы тарих. Ауд. Е. Хилдингер. – Бостон: Бранден баспасы, 1996. – 14-бет.
68. William of Rubruck. *The Mission of Friar William of Rubruck: His Journey to the Court of the Great Khan Möngke, 1253–1255*. Translated and edited by Peter Jackson. London: The Hakluyt Society, 1990. – p. 97.
69. “Ystoria Mongalorum” in: *Sinica Franciscana*, Vol. 1. Ed. Anastasius van den Wyngaert. Rome: Collegium S. Bonaventurae, 1929. – pp. 125–127.
70. Fra Mauro. *Матта Мунди* (с. 1459). Biblioteca Nazionale Marciana, Venice. Цифрлық нұсқасы: David Rumsey Map Collection – Fra Mauro World Map Фра Мауро. Әлем картасы (*Матта Мунди*), шамамен 1459 ж. – Венеция: Biblioteca Nazionale Marciana мұрағаты. Түсіндірме мәтін үшін қараңыз: Пьеро Фалкетта. Фра Мауроның әлем картасы: тарихи шолу. – Турнхаут: Бреполс баспасы, 2006.
71. Berggren, J. L., & Jones, A. *Ptolemy’s Geography: An Annotated Translation of the Theoretical Chapters*. Princeton University Press, 2000, pp. 124–130.
72. (Speed, J. *A Prospect of the Most Famous Parts of the World*. London, 1626).
73. Anderson, B. *Imagined Communities*. Verso, 1983, pp. 173–178.
74. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, Ф. 3, Оп. 1, Д. 54.
75. Rennell, J. *Memoir of a Map of Hindoostan*. London, 1794, p. 24.
76. Ritter, C. *Die Erdkunde*. Berlin, 1832, Bd. 3, S. 478.
77. Hakluyt, R. *The Principal Navigations, Voyages, Traffiques and Discoveries of the English Nation*. London, 1598, Vol. 1.
78. (Военно-статистическое обозрение Российской Империи. Т. XVIII. СПб, 1867)
79. Семёнов-Тян-Шанский П. Статистическое описание Киргизской степи. СПб, 1869, с. 147.
80. Туркестанский альбом. Ч. II. Этнографическая часть. СПб, 1872.
81. Foucault, M. *Discipline and Punish*. Vintage Books, 1977.
82. Административная карта Казакской АССР карта
83. «Физическая карта СССР. Масштаб 1:5 000 000»
84. Hakluyt, Richard (ed.). *The Principal Navigations, Voyages, Traffiques and Discoveries of the English Nation*. London: George Bishop and Ralph Newberie, 1599–1600. Volume II, pp. 477–502 – The voyage of Master Anthony Jenkinson to Russia and Persia (1558–1563)
85. История Казахстана и Центральная Азия в мировой ориенталистике, 2015
86. Fletcher, J. (1677). *Of the Russe Common Wealth, and of the Tartars*. London: [s.n.].
87. Milton, J. (1682). *A Brief History of Moscovia and of Other Less-known Countries Lying Eastward of Russia as Far as Cathay*. London: Printed for M. Flesher.
88. Hakluyt, R. (1598–1600). *The Principal Navigations, Voyages, Traffiques and Discoveries of the English Nation*. London: George Bishop and Ralph Newberie.

89. Назаренко А.Н. К вопросу о пребывании английской миссии в ставке Абулхаир-хана // Вестник древней истории, 1952.
90. Hanway, Jonas. An Historical Account of the British Trade Over the Caspian Sea, Vol. I–II. London: 1753. pp. 248–251; App. II, pp. 407–420.
91. XIX ғасырдың бірінші жартысында британ барлаушылары Ч. Стаддер, Дж. Эббот, Р. Шекспир мен А. Коноли жүргізген миссиялар – геосаяси бәсекенің көрінісі болды (Abbott, 1843, vol. I, pp. 35–42; Conolly, 1834, vol. I, pp. 77–95; RGS Proceedings, 1840, vol. 10, pp. 110–123)
92. George J. Demko. The Russian Colonization of Kazakhstan 1896-1916. Indiana university, Bloomington Mouton and Co., The Hague. The Netherlands. 20-21p
93. Ленин, А.И. Описание киргиз-кайсаков или киргиз-кайсацкой степи и орд. – СПб.: Тип. Императорской Академии наук, 1860. – 195 с.
94. Генс Г. Письма из Оренбурга, СПб., 1855. – С. 62
95. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. – Алматы: Қазақ университеті, 1994. – Б. 158.
96. Даль В.И. Пословицы русского народа. – М., 1862. – с. XXXIX.
97. Григорьев В.В. Очерки по истории Востока. – Казань, 1871.
98. Пушкин А.С. История Пугачёва. – СПб., 1834. – С. 5–12.
99. Эвели Э. Оренбург в системе имперской политики России в Азии. – Москва: Наука, 2009. – С. 25–27.
100. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. – Алматы: Қазақ университеті, 1994. – Б. 243–246;
101. Генс Г. Письма из Оренбурга. – СПб., 1855. – С. 77–79.
102. РГИА, ф. 1152, оп. 1, д. 327, л. 14–23).
103. Әбдікәкімұлы Б. Қазақ күйшілері туралы аңыз-әңгімелер. – Алматы: Өнер, 1996. – Б. 74–76; Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көшпелілер мәдениеті. – Алматы: Санат, 1999. – Б. 151.
104. Atkinson T.W. Oriental and Western Siberia, a narrative of 7 yearsexplorations and adventures in Siberia, Mongolia, the Kirghiz steppes, Chinese Tartary and Part of Central Asia. – London, 1858.
105. W.P. and Zeld K.Coates. «Soviets in central Asia» Greenwood Press publishers New York.1969.,128 p
106. Bacon E, Central Asians under Russian rule: A study in culture change. Ithaca; N.Y,1966.
107. Lansdell H. Russian Central Asia. Including Kuldja, Bukhara, Khiva and Merv. – New York: Amo Press, 1970(1887).Vol.I.-684p.; Vol.II.-732p
108. Lansdell H. Through Siberia. – London: Simpson Law, 1882. – 376p.
109. Krader L. Peoples of Central Asia. London., 1963
110. Krausse A. Russia in Asia. A Record and a Study. 1558–1899. – London: Curzon Press: New York: Burnes, 1973 (1889, 1900). – 411 p. 6–7-p
111. Colquhoun A.R. Russia against India. The Struggle for Asia. – London, New York: Harper, 1900. – 242 p -31-p.
112. Wordell J.W., In the Kirgiz steppes. London., 1918. 83p
113. Boulger D. The Life of Yakoob Beg. – London,1878.

114. Сатпаева Ш.К., Мусинов А.О. «Казахская литература в оценке зарубежной критики», Алма-Ата, 1971, 7 стр
115. Satpaeva, Sh.K., & Musinov, A.O. (1971). *Kazakh literature in world languages*. Almaty: Nauka.
116. Martha Brill Olcott. *The Kazakhs*. Second edition. Hoover institution press. Stanford University, Stanford, California 1995. 21 p
117. Allworth E, *Central Asia.: A century of Russian rule*. N.Y., L., 1967.
118. Geoffrey Wheeler. *The peoples of Soviet Central Asia*. Penselvania 1966, p 106-107
119. Потанин Г.Н. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы естеліктер // Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы, 5 томдық. – Алматы: Ғылым, 1985. – 5-том. – Б. 402–403.
120. Hopkirk, P. *The Great Game: On Secret Service in High Asia*, 1992.
121. Yapp, M.E., *Strategies of British India: Britain, Iran and Afghanistan, 1798–1850*, 1980).
122. Янушкевич «Письма из путешествия по киргизским степям»
123. Жозеф Артур де Гобиноның (1816–1882). *Essai sur l'inégalité des races humaines*, 1853–1855
124. Кузнецова, М.М. А.И. Левшин и его труд по истории казахского народа // Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия 2: История. – 2005. – №2. – С. 45–52.
125. Said, Edward. *Orientalism*. – New York: Pantheon Books, 1978.
126. Connolly, Arthur. *Journey to the North of India, Overland from England, through Russia, Persia, and Affghaunistaun (Vol. 1–2)*. – London: Bentley, 1834.
127. Zaleski, Bronisław. *La vie des steppes Kirghizes*. – Paris: Hachette, 1865.
128. Янушкевич А. *Дневники путешествия по казахским степям*. – Алматы: Наука, 1966.
129. Yapp, M.E. *Strategies of British India: Britain, Iran, and Afghanistan, 1798–1850*. – Oxford: Clarendon Press, 1980.
130. Vambéry, Arminius. *Travels in Central Asia*. London: John Murray, 1864.
131. Hellwald, *Illustrierte Weltgeschichte*, Bd. 3, Leipzig: Otto Spamer, 1870, S. 417–425
132. Verne, Jules. *Claudius Bombarnac*. Paris: J. Hetzel et Cie, 1893. 12-14 chapter
133. Rudolf K. R. Radlov. *Kirgisische Chrestomathie* (1885).
134. Jobert, *Notes sur les peuples du Turkestan*, Paris, 1850, p. 92
135. Zaleski, *La vie des steppes*, Paris, 1865, p. 168
136. Brehm, *Tierleben in Asien*, Leipzig, 1860, Bd. 2, S. 213
137. Vambéry, *Travels in Central Asia*, London, 1864, p. 221
138. Stritter, I. (Ed.). *Izvestiya Vizantiiskikh istorikov, ob'yasnyayushchie istoriyu Rossiiskuyu drevnikh vremen i pereseleniya narodov v 4 ch.* [The Evidence of Byzantine Historians Explaining the Russian History of the Earliest Times and the Migration Period. 4 Parts]. St Petersburg, Imperatorskaya akademiya nauk.
139. Қожамқұлов. А «Айтыс және гендерлік қатынастар» // Қазақстан халықтары этнографиясы журналы, 2015, №2, бет 45-56.

140. Zaleski, B. Kazakowie: Obraz Etnograficzny. Warszawa, 1860-70 жж.
141. Karazin, N. Восточные эскизы (Eastern Sketches). Санкт-Петербург, 1880 ж.
142. Kovalevsky, P. Album of Central Asian Ethnography. Париж, 1890 ж.
143. Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат (Орыс тілінен қазақшаға аударған К. Сегізбаев). – Алматы: Өнер, 1991. – 132 бет.
144. Қазақ хандығы тарихы бойынша материалдар. XVIII–XIX ғасырлар. – Алматы: Ғылым, 2005. – 312 б.
145. Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар (Қазақша аудар. Ғ. Ахметов) – Алматы: Жалын, 1992. – 48 бет.
146. Бекмаханов Н. Қазақстан XIX ғасырдың 20 – 40 жылдарында (Оқу құралы). – Алматы, Санат, 1994. – 416 бет.
147. Нысамбай жырау. «Кенесары – Наурызбай» жыры // Қазақ тарихи жырлары. – Алматы: Ғылым, 1993. – 217 б.
148. Ахмет Байтұрсынұлы. 23 жоқтау. – Мәскеу: Күншығыс баспасы, 1926. (Жинаққа енген шығармалардың бірі – Нысанбай жыраудың Кенесары мен Наурызбайға арналған жоқтауы.)
149. Жюль Верн: Кенесары туралы роман. (аударған Е. Жаппасұлы.) // «Дала дидары» газеті, 13-19. 09. 1991 жыл.
150. Әбсеметов М. Жюль Верн: Кенесары туралы роман. // «Дала дидары» газеті, 6-13. 09. 1991 жыл.
151. Орлов А. В., «Оренбургский листок», 1889, №28.
152. Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат (Орыс тілінен қазақшаға аударған К. Сегізбаев). – Алматы: Өнер, 1991. – 132 бет.
153. Тоқтарбеков, Ахмет. Арғымақтан туған қазанат: Қазақтың жылқы туралы танымы мен дәстүрі. – Алматы: Арыс, 2012. – 256 б.
154. Boulger D. Central Asian Portraits. The Celebrities of the Khanates and the Neighbouring States. – London, 1880. – 310 p.
155. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 3 томдық. – Алматы: Атамұра, 1998. – Т. 2. – Б. 211–213.
156. Kennan, George. Siberia and the Exile System. Vol. 1–2. New York: The Century Co., 1891.
157. Еспембетов А. Абай және орыс демократтары. – Алматы: Ғылым, 1995. – 45–46-бб
158. Жанділдин Қ. «Абай туралы естеліктер». – Алматы: Санат, 1995. – 15–18-бб.
159. Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. – Алматы: Қазақ Мемлекеті баспасы, 1959. – 268 бет.
160. Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р. Н. Нұрғалиев; ред. алқасы З. Ахметов, Л. М. Әуезова, Б. Г. Ерзакович т.б.) – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, Атамұра, 1995. – 720 бет.
161. Әуезов М. «Абай шығармаларының толық жинағы». Алматы: Ғылым, 1957. 12–20-беттер
162. Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994, 240 бет.

163. Есмагамбетов К.Л. Казахстан в трудах западно-европейских авторов. – Алма-Ата, 1979. - С. 17.
164. Қозы Көрпеш – Баян сұлу. (Қазақ эпосы, 5-кітап): – Алматы, Қазақ ССР Академиясы Тіл және әдебиет институты, 1957. – 140 бет.
165. Төлеубаева К, Ыдырысов Д. Лиро-эпостық жырлардағы малшылық тұрмыстық дәстүрлері, этнографиялық қырлары. // e-hisrory. Kz
166. Notes and Queries on Anthropology / Ed. for the British Association for the Advancement of Science. - 4-th ed. - London, 1912. - P. 111.
167. Лёббок Дж. Начало цивилизации. - СПб., 1876. - С. 8.
168. Таштемханова Р.М. Немецкие путешественники о духовной культуре казахского народа // Поиск. - 2003. - №4. - С. 30-34.
169. Таштемханова Р.М. Проблемы культуры Казахстана в немецкой историографии // Поиск. - 2003. - №4 (2). - С. 38-42.
170. Таштемханова Р.М. Путешествие Отто Финша и Альфреда Брема в Западную Сибирь // Простор. - 2003. - № 12. - С. 158-166 .
171. Таштемханова Р.М. История изучения Казахстана в Германии: историография проблемы // Вестник ПГУ. - 2004. - №3. - С. 49-59.
172. Жюль Верн. История великих путешествий: в 3 кн. - Кн. 3: Путешественники XIX в. / Пер. с фр. - М.: Терра, 1993. - С. 16, 99, 127-228
173. Chaffanjon M. J. Rapport sur une mission scientifique dans L'Asie Centrale et la Siberia // Achives des missions scientifique. - Le Haye, 1865. - Ser. 4. - Vol. IX. - P. 51-100.
174. Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке / Пер. с нем. СПб., 1910. - С. 5, 3, 10, 75, 76, 92, 94, 108-112 , 114-116 , 163-172 .
175. Мак-Гахан А.Я. Военные действия на Оксусе и падение Хивы / Пер. С англ. - М., 1875. - С. 42-47, 18-21, 68-69, 134, 274.
176. Сатаева С. Журналист без визы (о поездке американца Мак-Гахана по казахской степи) // Мысль. - 2000. - № 8-9. - С.70-72.
177. Уорделл Дж. Казахи начала века глазами их современника из Англии// – 2001. – 9. – С. 74-77
178. Положение дел в Средней Азии (по французским источникам) // Сборник геогр., топогр. и статистич. материалов по Азии. - СПб., 1885. - Вып. XVI. - С. 114-124 .
179. Халфин Н. Американское проникновение в Индию и Афганистан в первой половине XIX в. // Звезда Востока. - 1952. - №11. - С. 84.
180. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XVI - середина XIX в.). - М., 1958. - С. 164.
181. Вамбери А. Моя жизнь. – М. 1914. – С. 209, 21, 255.
182. Бартольд В.В. О погребении Тимура // Сочинения. - М., 1964. - Т. 2, ч. 2.- С. 439-440
183. Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр. соч.: в 5 т. - Алма-Ата, 1961. - Т. 1. - С. 43.
184. Тоқтарбеков А. Қазақ публицистикасының тарихы. – Алматы: «Мектеп», 1981. – 84–85-бб.

185. Bassin, M. "Geographies of Imperial Identity in Russia and the Soviet Union." *Transactions of the Institute of British Geographers*, Vol. 24, No. 3 (1999), pp. 277–294.
186. Morrison, A. "Peasant Settlers and the Ethnographic Frontier in Tsarist Central Asia." *The Journal of Imperial and Commonwealth History*, Vol. 40, No. 2 (2012), pp. 231–267
187. Сағындықұлы Б. Ұлт рухы және әдебиет. – Алматы: Санат, 2011.
188. Akynbekova A, Bakenova R, Tilepbergen A, Zhanybek T, Mukasheva K «The Idea of ‘United Turkestan’ in the Turkic Speaking States Media: Influence on the Western Media» *The journal of international communication*. 10.06.2024
189. Alzhanova A.B, Tilepbergen A.M., XX ғасырдың басындағы қазақ халқы туралы шетелдік жарияланымдар- ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. №2 (47) 2020 ж
190. Тілепберген А.М., Ресей және шетелдік басылымдардағы қазақ тақырыбы- ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. №1 (51) 2020 ж.
191. Alzhanova A.B, Tilepbergen A Modern western literature about kazakh life before the revolution- ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. №2 (47) 2020 ж.
192. Альжанова А.Б «Западная публицистика о казахах в период царизма. Монография – 122 с». Қазақ университеті, 2011
193. Trencsényi-Waldapfel Imre. Zsambul, a kazah népköltő [Жамбыл, қазақ халық ақыны]. – Budapest: Európa Könyvkiadó, 1950.

ҚОСЫМША «А»

1920–30 жылдар аралығындағы картографиялық реформалардың негізінде ұлттық-аумақтық межелеу идеясы тұрды. 1924 жылғы Орта Азияны межелеу (нацтерриториальное размежевание) барысында Қазақ АКСР-інің шекаралары тұңғыш рет саяси және этникалық белгілер негізінде қайта қаралды. Бұл кезде дайындалған «Административная карта Казахской АССР» атты картада алғаш рет қазіргі Қазақстан территориясына жақын құрылым пайда болды.




ҚОСЫМША «Б»

1871 жылғы “Генеральная карта Азиатской России” картасы



ҚОСЫМША «В»

КАЗАКСКАЯ АССР в 1920–1929 гг.



ҚОСЫМША «Г»

Фра Мауро картасы



ҚОСЫМША «Д»

Каталон атласы



Right : A typical Kazakh collective farm woman—Kud-yash Avnimosova, of the “Red Combine” farm.

Below : A new Soviet giant at work—the mechanised cotton picker. One of these machines does the work of 45 people.



ҚОСЫМША «Ж»

Республика бойынша жоғары білімі бар адамдардың саны

	Жоғары білімі			Мың адамға шаққанда жоғары білімі бар адамдар саны	
	1939	1959	1959(1939=100)	1939	1959
КСРО.....	1.177	3.778	321	6	18
Өзбек КСР.....	20	105	532	3	13
Қазақ КСР.....	27	114	415	4	12
Қырғыз КСР.....	3	27	837	2	13
Тәжік КСР.....	3	21	694	2	10
Түрікмен КСР.....	4	20	491	3	13

Республика бойынша барлық типтегі жалпы білім беретін мектептер.

(жұмыс жасайтын және ауыл жастары мен ересек мектептерін қосқанда; оқу жылының басы)

Барлық типтегі жалпы білім беретін мектептер саны							Оқушылар саны (мың)					
	191 4/15	194 0- 194 1	195 5- 195 6	195 8- 195 9	195 9- 196 0	196 0- 196 1	191 4/15	194 0- 194 1	195 5- 195 6	195 8- 195 9	195 9- 196 0	196 0- 196 1
КСР О.....	123. 687	198. 834	213. 023	215. 163	220. 568	224. 452	9.65 6	35. 552	30. 070	31. 483	33. 364	36. 186
Өзбек КСР	165	5.44 8	6.41 8	6.87 7	7.16 5	7.51 1	17.5	1.3 15	1.3 50	1.3 73	1.4 31	1.5 52
Қазақ КСР	2.00 6	7.97 1	9.65 8	10.2 52	10.2 96	10.4 01	105	1.1 58	1.3 44	1.5 19	1.6 34	1.8 16
Қырғыз КСР	107	1.69 8	1.90 0	1.90 2	1.92 3	1.97 8	7	334	326	341	360	398
Тәжік КСР	10	2.78 9	2.78 4	2.80 0	2.88 5	2.93 4	0.4	315	334	344	366	393

Түрік мен КСР	58	1.52 8	1.28 1	1.34 8	1.42 9	1.46 7	7	252	232	248	261	279
------------------------------	----	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------	---	-----	-----	-----	-----	-----